

Кәкімбек  
**Салықов**

**Даркан**

*Өлеңдер жинағы*

«Фолиант баспасы»  
Астана-2010

**УДК 821.512.122**

**ББК 84 Қаз 7-5**

**C 18**

*Қазақтың ұлы перзенті Сәбит Мұқановқа арналған осы еңбегімнің жарық көруіне қолдау жасасаған Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләловқа ризашылық білдіремін.*

**C 18 Салықов К.**

*Дарқан дарын: Өлеңдер жинағы / К. Салықов. – Астана: Фолиант, 2010. – 160 б.*

**ISBN 9965-35-912-1**

Қазақтың көрнекті ақыны, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов бұл жинағында зор ағынды шабытпен Сәбит Мұқанов жайлы кең тебіренеді. Ұлы жа-зуши өмірінің қыры мен сырын ұшқыр ой, терен сезіммен танытады. Ағалардың Сәбенә жайлы айтқандары мен кейінгі ұрпак һәм қозқөрген жерлестер естеліктерінің ең шұрайлы деген тұстарын өлең стіп, сом тұлғаның зор бей-несін поэзия тілінде берген. Заман сыры мен осы күндерді байланыстыра отырып, қоғамдағы құбылыстарды келісті камтыған. Соның бәрі асыл ағаның дарқан дарыны мен жан-жақты табысын аша тұсуге арналған. Окушы қауым казақтың кеменгер ұлына лайықты туған кемел жырдың кәусар бұлағынан сүйсіне сусындаитынына көміл сенеміз.

**УДК 821.512.122**

**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-35-912-1**

© Салықов К., 2010

© «Фолиант» баспасы, 2010

## ҚАЗАҚТЫҢ СҮЙІКТІ ПЕРЗЕНТИ

Қазақтың классик жазушысы, аса көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының іргетасын қалағандардың бірі және осы олакты екі мәрте баскарған әдебиет әлемінің үздік ұйымдастырушысы, халқымыздың сүйікті перзенті, академик Сәбит Мұқановтың туғанына ағымдағы жылдың сәуірінде 110 жыл толды. Жасынан ел аузындағы батырлар жырын, қисса-дастандарды жаттап, мақамдап айтып жатыққан, Шал ақын, Орынбай, Арыстан, Шөже, Серіз сері, Нияз сері, Мұстафа сері, Үкілі Ұбырай, Біржан сал, Ақан серінің өлеңдерін сүйсініп тыңдал, жадына берік қондырған жас Сәбит көркем сөзге ана сүтінен кейінгі екінші азығындай ынтық болып, ерте қанықты. 14-15 жасында ол өлең-жырды суырып салуға талаптанса, терең ойлап қағазға түсіріп өлең жазуға да машықтанды, «ақын бала» атанды.

Сәбенә өү бастан не айтса да, не туралы жазса да өмірден өзі көрген аңы-тұщы әрекеттерді айдан анық бұлжытпай түсіруге әдеттенді. Батыл тілмен ашық айтып, әр сезін атқан оқтай дәл тигізіп, шырылдаған шындықты аша білуге талаптанды. Міне, осы алғыр мінез, қайтпас қайсарлық жазушының негізгі ұстанымы, шығармашылық қредосына айналды. Өсіп-жетіп әйгілі жазушы атанған кезінде де, арыстаннан қаймықпас, жолбарыстан шайлықпас турашылдығы, слге аян көрнекті қоғам қайраткері етті. Елім деп еңіреп туған Махамбеттей өткір тілді айбыны, сұнғыла сөзі жазушының есімін ұлтының сүйкімдісіне айналдырды. Сол беделіне лайықты сапамен, өмір сирін аша түсетін шығармаларын толықтыруға жалықпады.

Қазақ әдебиетінің даму жолындағы алтын қазықтай ардагер майталманы Сәбит Мұқанұлы Мұқанов қазіргі

Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданына қарасты бүгінгі Сәбит ауылында 1900 жылы 22 сәуірде дүниеге келеді. Сәбенің негізгі ата жұрты сол облыстың Тимирязев ауданындағы әйгілі Жаманшұбар екені елге мәлім. Ауыл молдасынан ол хат тануға жетсе, 1918-1919 жылдары Омбыдағы оқытушылар дайындағынын курсқа аттануға бел байлады. Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, елде әр түрлі құйындағы құбылып жатқан саяси топтар қауалады. Жас Сәбит сол кезде Мағжан Жұмабаевпен танысып, өлеңдерін көрсетіп, жақсы бағыт алды. Мағжанның дәрістеріне қатынаса жүріп, оның көмекшілік қызметке шақыруын құрметпен орындағы. Окуын бітіргеннен кейін ауылында оқытушылық құрды. 1921-1922 жылдары әр түрлі шаруашылық қызметтерінде болып, елдің жүдеу түрмисына жаны аши түсті. «Жаман бергенін айтады, жақсы көргенін айтады» — дегендегі көзі көрген көріністердің сұрқын бұзбай қағазға түсіріп, елге жеткізіп отырды. 1922 жылы Орынбордағы рабфакке (жұмысшылар факультеті) түсіп, оны 1929 жылы тәмамдады. 1926-1928 жылдары баспасөз органдарында қызмет істеп, республикалық «Еңбекшіл қазак» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім менгерушісі болды, Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторлық қызметін аткарды. 1928 жылы Ленинград университетіне окуға түсіп, отбасы жағдайына байланысты, аз ғана уақыт оқығаннан кейін Қызылжарға келіп, «Кенес ауылы» газетінің бас редакторы және жазушылар бөлімінің жетекшілігін аткарды. 1932 жылы Мәскеудегі қызыл профессорлар институтының әдебиет бөліміне окуға түсіп, оны 1935 жылы аяктады.

Окудағы жылдары, әсіресе Мәскеу кезеңі Сәбене үлкен сабақ болып, жас қаламгердің шабытының шалқуына жемісті әсерін тигізді. Горькиймен, Маяковскиймен кездесті, көптеген қаламdas достар тапты. Кейінде жазған «Өмір мектебі» атты деректі романы Горькийдің шығармаларына ұқсап, ал «Майға сәлем» атты өлеңі Мая-

ковскийше ырғақпен ел құлағын елең еткізді. Мектепте жүргенде сахнада сол өлеңді оқығаным есімде.

Мәскеуде институтта жүргенде жазған өлеңдері мен поэмалары ел қолына жете бастады, әсіресе 1931 жылы жазылған «Сұлуашаш» атты поэмасы шарықтап тұрды, ол француз тіліне аударылды. Сәбенә осы кезде қара сөзге молынан кіріспіп, «Екпінді» повесі мен «Теміртас» романы жазылып бітті, «Жұмбақ жалау» атты әйгілі романы жазыла бастады. Бұл жас қыранның шабытты шағы өріс алған кезі болатын. 1935 жылы жазушы жұбайы Мәриямен Мәскеуден оралып, Алматыға орнықты. Келісімен «Кенес ауылы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің редакторы қызметін атқарды. 1936-1937 жылдары Қазақстан Жазушылар одағын баскарды. Тоталитарлық тәртіптің сталиншіл топас жендеттері Сәбитті де басшылық жұмыстан аластата бастады. «Алашордашыл, тұраншыл, ұлтшыл ақын Мағжанға қамқорлық көрсетті, Сейфуллин бастаған ұлтшылдар тобына қосылды, буржуазиялық ымырашылдыққа бой артты...» – деген сияқты айыптарды үйіп-төккендіктен саяси сенімсіздікке ұшырады. Сәкен Сейфуллин Халық Комиссарлары Кенесінің тәрагасы қызметін атқарып, үкіметті басқарған кезде Горькийдің көмегімен айдалудан оралған Мағжан Жұмабаевты Алматыға алдырып, тарихи касиетті қайырымдылығын көрсетті, бауыр тартқанда араларында Сәбит Мұқановтың жүргені анық еді.

Көрнекті жазушы 1937-1941 жылдары қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында профессор болып, қазақ әдебиетінен сабак берді. Адалдығы арқау болған Сәбит Мұқанов 1943-1951 жылдары екінші рет Қазақстан Жазушылар одағын баскарды. Дүниежүзілік Бейбітшілік қорғау Комитетінің мүшесі ретінде және Араб елдерімен қарым-қатынасты ұлғайту жолында көп еңбек етті. Сәбит Мұқановтың екінші рет одақты басқаруға келуі өзіне деген құрмет қана емес, Жазушылар одағының дәрежесін көтеруге керек болды. Ол баскарған кезде

Жазушылар одағының ең ірі қоғамдық орын екені анықталды. Сәбенің өзі де қайсар мінезімен зор беделге жетті.

Сәбит Мұқанов ақындық пен қара сөз шеберлігін бірдей игеріп, аты шартарапқа айқындалып тұrsa да, тек қана көркем әдебиеттегі шығармашылықпен шектеліп қалмай, казак әдебиетінің барлық жанрларында елеулі із қалдырыды. Қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын талдайтын монографиялық еңбектері ел ықыласына бөленді. Қазақ әдебиетінің тарихы, мәдениетінін өрлеу барысы мен этнографиясын зерттеуге елеулі үлес косты. Прозада роман және повестер, оған қоса мемуарлық әдебиетте де ізденимпаз талант екенін анық көрсете білді. Ол әдебиеттің тармақтарына ғана емес, қазақ тіліне де ерекше бай әмбебап білгір болатын. Қырды жазса қырдың тіл ерекшеліктерін, көркемдік байлығын, Сырды жазса Сырдың салт-санасы мен тіл ерекшелігін ашық таныта білді. Мысалы, «Сырдария» романынан Қызылорда аймағының көне-жаңасы аралас сүбелі де жүйелі сөздерін оқығанымызда қарақалпақ халқының қазақça жақындығын таныта түсті. Сонымен Сәбен қазақ тілінің үлкен ұстасы, өте ыждағатты қорғаушысы екенін анықтады. «Адаскандар» атты романы (1931) қазақ әдебиетіндегі романдардың алғашқылары қатарында дүниеге келді. Кейін (1959) үл рoman «Мөлдір махабbat» болып аталауды, кен жаһанды шарлап кетті. «Жұмбак жалау» (1938) романы «Ботагөз» романы болып аталауды, қазақça роман оқуды үйреткен үлкен дүние болды. Сәбенің барлық еңбектерін тегіс шолу міндет емес, ал біздің мақсат — ұлы жазушының әмбебап дарқан дарын екенін халқымызға, әсірепе кейінгі жас үрпаққа жеткізу. Сәбит Мұқанов — қазақ әдебиетінің бір өзі біргұтас дүние секілді ұлы тұлғасы, міне, осы ұғымды дәлелді де дәйекті түрде жас үрпаққа жеткізуді мен өзіме борыш көрдім. Терен білімді оқымысты, алғыр ақын, актангер жазушы, өткір тілді, өжет туған қоғам қайраткері болғанын аша түссек, көкейкесті мақсатқа жақындаій берер едік.

Сәбенің азаматтық һәм шығармашылық жолын көрсете хикаятын айқындай түссең, оның кішіпейіл, қарапайым, елгезектігі ел ішінде сан түрлі аңыз болып кеткені ақиқат. Қазакта сөзге токтағыш үлкен қасиет бар. Аузы дуалы, елге қадірменді бір ақсақалға, баяғыда байдың баласы әдейілеп шақыртып, өзін сыйнатыпты. Сонда абыз ақсақал былай депті:

*Ілімің бар екен, жсаным,  
Білімің әлдеқандай?!  
Қағуың бар екен,  
Жұртқа жсағуың қандай?!  
Айлаң мол екен,  
Жұртқа пайдан қандай?!  
Жорғалығың бар екен,  
Халыққа қорғандылығың әлдеқандай?!  
Заттығың бар екен, жсаным,  
Халқыңа қымбаттығың әлдеқандай?!*

Сонда бала: «Ата, түсіндім, ойланатын, толғанатын жайға салдыңыз, рахмет», – депті. Осы сөз орамын Сәбене сәйкес әкелсек, білімді Омбыдан да, Орынбордан да (бұрынғы астанамыз), Мәскеуден де барынша алды, ал одан да зор білімді ел арасынан алды. Халықтың көне, жана мұрасынан асыл азаматқа керегін қабылдады да, азаматтық, ағалық, кеменгерлік мінезімен төзімділігі мол қажыр-қайратын танытты.

Сәбенді бір көрген адам мәңгі есіне сақтайды, өйткені ол сенімді түрдегі жылдылығымен бар сырын жайып салатын, саған да барынды айтқыза білетін. Жұртыңа пайдан қандай дегенде, дәл Сәбендей елге пайдасын тигізген жазушы көп емес. Ол алтайлықпен де, атыраулықпен де, алатаулықпен де, есілдік, ертістікпен де ортақ тіл тауып, бар мұн-мұқтажын естіп алып, көмегін көрсеттін. Жорғалығың бар, халыққа қорғандығын қалай дегенде, Сәбитті өз заманындағы зиялды қауым пір тұтады.

Ол Орынборда оқып жүргенде сол окуға өзінің шәкірттерін шақырды, Ғабитті де сол окуға беттетті. Ал қызметке келіп, қолына билік тиғенде жастарға қамқор бола білді, тек қана жастар емес, қазактың барлық тұпкірлерінен Сәбиттен көмек сұраған арыздар көптеп келіп жатты. Соның бірін аяқсыз қалдырмай, қолынан келген жәрдемін жасап отырған Сәбен өн жылдай Қазақстан Орталық партия комитетінің мүшесі, Жоғарғы Кеңестің алты мәрте депутаты болып сайланғанда қажымай-талмай халық мүддесін алға тартып, үнемі елдің қорғаны бола білген. Кезінде партияның басшысы Д.А. Конадевтың өзін де қатты сынағаны сабак болды, министрлер де Сәбенің қаймығатын. Міне, халыққа қорған болу деген осы шығар. Ел перзенті атанып, халыққа ерекше сыйлы болғаны да осы қамқорлығынан туды деп білемін. Сәбенің қай жағынан келсен де қасиетті ісі мол, оның арман-мүддесі ұлтына ұлағатты қызмет ету екенін қазак елі тұтас білетін. Қорыта айтсақ, Сәбен дарқан дарын, өз творчествосында болсын, тұрмыста болсын, кабинетінде, не үйде болсын, жақсыға жаңы ашитын, жамандыққа жаңы қас аbzal ағамыз болатын.

Көрген-білгенді айтып отырғаным кеменгер ағамыздың бүтінгі үрпақ біле бермейтін асыл мінездерін, сыр-сипатын келешекке жеткізу өрі ұғымды, әрі сенімді болсын деп жатырмын. Мен ғана емес көрген адамдардың бәрінің де айтатыны – Сәбенің бір естігенін жадынан шығармай, елге айта жүретіндігі, қыннан қыстырырап ой толғағымен, сөзге шебер әнгімешілдігі. Ол күтпеген жerde құлқи шығарып, айтар сөзінің аяғын тамаша түйіндейтін.

Жетпісінші жылдардың басында, Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы кезімде Мәскеуде бір іссапарға барғанда, ақжарқын асыл ағамыз Ишанбай Каракұлов кездесе кетті. «Москва» қонақүйінде едім, ол кісі де сонда жайғасыпты. Бұрын бұл кісімен Шота Уәлихановтың үйінде талай кездесіп, одан кейін бір айдай

емханада бірге жатқанымыз бар, аса қатты сыйлаушы едім. Ағамыз салған жерден: «Жақсы болды, кешке менің бөлмеме сағат жетіде жиналайық, Сәбен де осында, ол кісімен келістім», – деді. Мен кешке уәде беріп қойған жерім бар екенін айтып ат басын бұра тартып едім: «Өзің бил, бірақ тұра сағат жетіде нөмірінде болғайсын», – деп нық айтты. Мен кешкі жетіде қызмет жақтан оралып, үйге кіре бергенімде, телефон қоныраулата жөнелді. Тындаsam, белгілі «тарғыл» даусымен, «Мен, Сәбитпін ғой, қарағым, осында деп естідім, әлті досым Ишанбай дәмге шақырған екен, бірге болайық, – деп бір сипай қамшы айта салды да, ел амандығын, туыстарымды, алыстағы бауырларды асығыс сұрады да, – уақыт болып қалыпты ғой, жарайды, кеттік Ишекене», – деді. Ишекеннің бөлмесіне келсем, кең үстел жайылған қонақүйдегі ресторанның екі қызы бар айтқанын орындал жатыр. Сәбен кең креслода Көкшенің кербез шынындағ отыр екен. Сәлем бердім, амандық жайлы сұрай бастады. «Жаңа телефонмен айтып едім ғой», – дей бергенімде, Сәбен: «Қай телефонмен, мен сенімен сейлескен жокпын. Ә-ә-ә... түсіндім, мына Ишанбай мен келгенде трубкасын қойып жатыр еді ғой, бұл менің даусымды халық әртістерінше келтіреді», – деп күлді. Мен де түсінеп қалып, күліп алдым. Ол Ишекеннің маған құрған қақпана екен.

Мен ешқайда бармайтын болдым да, асықпай-саспай отыра бердім. Өйткені, тап осындағай кездесуді арнайы заказбен де жасау оңай шаруа емес қой. Сәбен көп әңгіме айтты, бәрі қызық. Мен болсам, аса екпінділік жасамай отырсам керек, бір кезде Сәбен маған бұрылып: «Кәкімбек, қалқам, тірліктегі бір ғажап, өтіріктің үлкенине адамдар тез сенеді, мен болып алдағаны сол ғой, көңіліне ала көрме, біз Ишекеннің әзілін қара наңға жаққан сары майдай көреміз, мұның әзілі де құтты, тілі де мықты келеді. Олай дейтінім, өтірігінің аяғы жақсылыққа әкелсе, ол бір әдемі айла болып қалады. Адамды бір

құлдіру — үлкен өнер, Ишекен сол үлкен өнердің клас-сигі, біз — ақын-жазушылармыз, біздін поэмалар, роман-дар, карулы қалың әскер ғой, ал Ишекеннің бір сөзі — «Ворошиловский стрелок», көздең жеріне дәл тиеді, міне, бұл да өнердің үлкені. Әзілін қөңліне ала көрме, не туралы айтып құлдірсе де, бәрі шындықа тіреледі. Бұл шындықты өз тәсілімен аз уақытта санаулы сөзбен жет-кізеді. «Құлактан кіріп бойды алар» деп ұлы Абай айт-қандай, Ишекеннің сөзі — жүректен шыққан уытты сөз. Қарап отыршы, жазып алып оқып отырғандай тап-таза сөйлейді, сендіреді, құлдіреді», — деп бір-екі қызық хи-каяны айтып берді. Ишекенді айтып отыр ғой, ал мен Сәбененнің әмбебаптығына таңғалдым. Шырайы жанып, екі көзі жарқ еткен шағында бір құлдіріп тастайды екен. Ал Сәбененнің ауызекі әңгімеге жүйріктігі туралы елде кен тараған әңгімелер аз емес. Мениңше, соның барлығы да ақынжанды, адамға жақын жанды жаралған шалқар да-рынның қай қырынан келсен де, Қырымға қарап самғап ұшар ақыық қыранға ұқсайды. Әңгімелерінің ішінде де жүйелі ой, сергек сезімге оралған бір әдемі мақсат жата-ды.

Қазақ әдебиетінің «алыптар» тобына» Сәбен барша еңбектерімен, ғажайып тұрақтылығымен жетті. Ғабит Мұсірепов Сәбен туралы бір сөзінде: «Сирек кездесетін қалам еңбекшісі», — деген екен. Шынында да, ол өз зама-нындағы құбылыстарға, болмыстарға романдарымен, өлең-поэмаларымен қоян-қолтық кіріссе, Ахмет Байтұр-сынов, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Мағжан сияқ-ты әдебиетіміз берен мәдениетіміздін барлық салаларының дамуына атсалысқан алғы топқа аралас жақын жүрді, сол алыптар жайлы шындықтың бетін ашып, дер кезінде қалам тартты. Академик Серік Қирабаев: «Сәбит әдеби-еттің жас кадрларын тәрбиелеуге, оларды әдебиет ісіне тартуға көп жәрдемдесті. Ғабит пен Ғабиденнің әдеби-етке келулеріне оның ықпалы болғаны тарихтан белгілі. Әbdілда, Қалмақан, Аскар, Тайыр, тағы да аға буын

әкілдерінің өзі Сәбитті үстаз тұтатыны», — дейді. Міне, осының бәрі қазақтың барша әдебиетшілерінің арасында С. Мұқановтың беделді болғанын дәлелдейді. Сыншылар да Сәбенең риза көніл білдіреді. Әйгілі сыншымыз академик Мұхамеджан Қаратасев Сәбит туралы еңбегінде даңқты дарындылығын айта келе: «Оның адалдығы, таза ары мен әділдігі, кішіпейілділігі, халыққа қанымен де, жанымен де жақындығы жастарға үлгі», — дейді. Арқалы академик пен адуынды сыншының бұл аталы сөздері Сәбиттің кім екенін аз сөзben анық жеткізіп тұр. Шынында да, дарқан дарынның адалдығы барлық еңбектерінде, өмірдегі жүріс-тұрыс мінезінде молынан сакталып, Сәбенің кім екені паш етті.

Сәбенді тек қана қазақ әдебиетшілері сыйлаған жок, өзге халықтардың озық қаламгерлерінің ыстық ықыласы арқылы сол халықтардың жүргегіне де Сәбит Мұқанов есімі жылы ұялады. Орыс халқының ұлы жазушысы Михаил Шолохов, өзбектің ардақты ақыны Ғафур Ғұлам, қырғыз ақыны Аалы Токамбаев, түркімен Берді Кербабаев, тәжік Тұрсын Зада, Дағыстанның ұлы ақыны Расул Ғамзатов, украиндық Максим Рыльский, грузин Иракли Абашидзе сияқты кеменгерлермен сыйлас болса, И. Шухов, Н. Аннов, П. Кузнецов, М. Сидоренко, А. Брагин, Б. Собылев, Д. Снегиндермен қанаттас жақын жолдас болды. Шыңғыс Айтматовтың: «Интернационалдық, достық жаршысы бола білген қазақ халқының ұлы Сәбит Мұқанов қырғыз ауылына белгілі және сүйікті еді», — дегені – ұлы жазушының ұлағатты бағасы және өте орынды айтылған сөз. Эсіресе «Сүйікті» дегені тамаша! Сәбен өз ауылдастарына қаншама ыстық көрінсе, бауыр елдердің де сүйіктісі бола білді. Нұқистің қасындағы бір откелдегі ауылдың кемпірі ескі ырыммен Сәбенің етегін немересінің маңдайына басқаны ол елге аңыз болып кетіпті. Тап осындай зор құрметке жетудің өзі де Сәбит Мұқановты дара туған асыл құзарттай биік тұлға етіп баяндайды. Ташкенттегі зілзаладан зардап шеккен Ғафур

Ғұламның бала-шағасы Сәбене келіп паналауы нағыз достық емес пе?

Сәбеннің атағы зор қаламгерлігі мен көрнекті қоғам қайраткерлігіне қоса ашық һәм ақжаркын, кең құлашты бауырмал мінезі, тарихи өмір құбылыстарын, қазактың шежіресін жақсы білетіндігі, әңгімеге әү деп сәлем бергенде жарытып жіберетіндігі кездескен адамның бір көргеннен жүргегіне ұялап қалатын. Өз басым алғашқы рет Бурабайда демалыста жүргенімде ол кісі Мәриям жеңгеймен «Оқжетпес» шипажайында жатыр екен. Дайындалып барып сәлем беріп, ел жігіттерінің қатынасуымен дәмдес болдық. Сонда байқағаным, атакты ағамыз бірден қайтыс болған үлкендерімізге көніл айтып, халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы атамызды жақсы білетіндігін білдірді. Мен жайлы да мағлұматы аз еместігіне таңғалдым. «Сәлем беріп, жігіттерді ертіп келгеніне раҳмет. Сен, Кәкімбек, осы мені қайдан білесін, жок, әйтеуір Сәбит қой деп келдің бе?» — деп сұрақты тіктен койды. Мен ол кісіге окуға бармай тұрғанда-ақ, Ермек тәтемнің көмегімен латын әрпімен окуды ерте үйреніп, кемпір-шалдарға, үйге келген қонақтарға әуелі «Адас-қандарды», содан соң «Жұмбак жалауды» көп оқығаннан жатқа білетінімді айтып, қара сөзін біраз төгілттім. Өлеңдеткен жерімді де ұмытпаппын, Сәбен: «Ермек тәтең қайда, ол кім?» — дегендеге, ол Үкілі Ұбырайдың немересі ақын Мұса Асайыновтың апасы екенін, ерте қайтыс болып кеткенін айттым. «Е, жақсы біледі екенсін, ал мен сен жайлы осы бөле ағаң Мұсадан естіп, көруге құмар едім», — деді. Отырыстан кейін далада шықтық, Сәбен ере шықты, Мәриям жеңгей бөлмесіне кетті.

Жолдасбек Жақыпбеков деген кенші досымның жұбайы Үмітжан, бірінен-бірі үлкен бес қызымен және қастарында біздің екі бала бар, үбірлі-шұбірлі бір үйді ерткендей алдымыздан шықты. «Кәкімбек, бұл балалар өз балаларың ба?» — деді. — «Иә, менікі бәрі де», — дей салдым. «Ой, жарайсың, қалқам, келіндер фотокәртішке-

ге түсейік», — деп ұсыныс енгізді де, Мәриямға рахмет айтып бетінен сүйіп, ең кіші бала Жөкендікі еді, соны алдына алып, ортамыздан отырып фотоға тұсті. Бұл тарихи фотосурет елге тарап, аныз болып кетті. Шынында да, қырыққа жетпей жүрген біздей жастарға Сәбендей нар тұлғамен дәмдес болып, суретке тұсу арман еді ғой. Сондықтан да балалардың бәрі менікі дей салып, тап алдағандай да болдым. «Қазағым аз халық кой, тап осылай әр отбасы көбеюі керек», — дегені есімде. Қаншама әңгіме естідік, кенцілік жайлы өлеңдерімді тындалп, ақыл-кеңесін айтты, кейіннен Қазақстан Жазушылар одағының пленумына шақыртқызып, өндірістік тақырыпта сөз сөйледті. Онда да төбем көкке жеткендей, Сәбит Мұқановтың кім екеніне көзім жете тұсті.

Сәбен 70 жасқа толғанда, ел аралап, жолға шықпақтығын естіп қонаққа шақырдық. Мен Жезқазганда қала-лық партия комитетін басқаратынын, Ұлытау ауданының партия басшысы Мәкен Төрегелдин ағамызбен бірігіп дайындыққа кірістік. Мәкен аға байсалды да балты, ер жігіт болатын, Ұлытаудың етегіндегі «Алтын алқа» деген ақ қайындар арасына киіз үй тігіп той аланын жасамақ болды, біз Мәдениет сарайында кездесу өткізіп, қалаша тойламақ болып өз сый-сыяптымызды дайындадық. Аяу райының нашарлығынан қонақтар Торғайдан бізге келе алмады.

Сол өкінішім есте қалған ғой, 2000 жылы асыл ағамыздың 100 жылдық тойына қызу дайындалдым. Ол кезде Алматыда тұруши едім, «Сәбит аға» деген жинағымды сол кездегі Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қажымұрат Нағмановтың демеушілігімен тойға тарту етіп шығардым. Тойға қыздарын ертіп Мәриям апай келді, оның өзі қандай қызық, барлық кездесулердің басы-қасында болып, Мәриямдай ел Анасының кеменгерлігіне көзім жетті. Сәбеннің жан серігі десе дегендей екен, 90 жасқа келсе де, тамаша естеліктер айтып баршамызды дән разы етті. 2010 жылғы 22 ақпанда Мәриям апай 101 жасқа қара-

ған шағында қайтыс болды. Соңғы жылдары Сәбит пен Қызылжарға байланысты өлеңдерім топтастырылған жинағымды «Дарқан дарын» деп атап, осы кітабымды ұлы тұлғаның 110 жылдық мерейтойына арнап дайындал жүрмін деп асыл анаға айта алмай да қалдым.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын, жазушы, драматург, тарихшы, ғалым, академик Сәбит Мұқанов – ресми түрде де үлкен құрметке бөлөнген өресі биік нар тұлға. Ленин орденімен екі рет, Еңбек Қызыл Ту орденімен екі рет, «Құрмет белгісі» орденімен және көптеген медальдармен марапатталды. Енбектері 46 тілде жарық қөрді. Жазушының туғанына 100 жыл толған мерейтойдың қарсаңында есімі Алматыдағы бір көшеге, тұған ауылына, Қызылжар қаласындағы бір мектепке, облыстық драма театрына берілді. Қаламгердің қола мүсіні Алматыда өз атындағы көшеде орнатылды. Қызылжардағы облыстық кітапхана көптен бері Сәбит Мұқановтың атымен аталады. Жетпіс жасқа келген тойында осы кітапхананың алдына ескерткіш орнатылды. Сәбит Мұқановтың 100-жылдық тойы Халықаралық дәрежеде, ЮНЕСКО-ның тарапында өткізілді. Солтүстік Қазақстандағы туған ауылында өткен тойға Қазақстанның тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келіп, тойды өте келісті баяндамамен, Сәбенең деген зор құрметпен ашып бергені де салтанаттың самбауын биіктете түсті. Көптеген шетелдердің және Қазақстанның барлық аймақтарының өкілдері мен өнерпаздары, балуандары, жүйрік мінген шабандоздары қатынасты. Бұл той қазактың ұлыларын сыйласп өткізетін ұлагатты тойлардың көріктісі де көрнектісі болғанын келген меймандар бірауыздан айтып кетті.

Сәбит ағаның туғанына 110 жыл толуына байланысты мерекелі межеге жеттік. Тәуелсіз Қазақстан әлемдік экономикалық дағдарыста өз күшінің молдығын көрсетіп, даму қарқының өрістетіп келеді. Солтүстік Қазақстан облысы да соңғы екі жылда жедел дамудың

карқынды үлгісін көрсетті. Кеше ғана Президентіміз Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын бекітті, ол тарихи құжат Нұрсұлтан Назарбаевтың халқымызға арналған ағымдағы жылғы Жолдауынан туындаса, оған деген зор ықыласын білдіріп, бүкіл еліміз қолдан отыр.

Сондықтан да Қазақстан халқына Жолдауында Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Таяудағы онжылдықта тұрлаулы да тенденстірлігем даму жедел әртараптандыру және үлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз ететін болады». Ендеше, құнар алған туған ел деген терен тамыры – Тәуелсіз Қазақстан осылай әлемдік өркениет жолында Құлагердей құйғыта өрге басса, тақап қалған Сәбит Мұқановтың да 110 жылдық мерейтойы сәтті өтер деп сенеміз. Сәбит ағаның өмірі – ауыр жүкті арқалап өссе де, ақжарқын, батыр мінезді дарқан өмір, елінің алдында ары таза абзал өмір. Таудай тұлғалы, дариядай кен ағынды, Сарыарқадай самалға бай шалқар, қазақтың аспаныңдай ашық өмір екеніне көзім жетті. Ол дарқан табысын қазағына беріп кетті, сол ерен еңбегімен болашаққа жол тартты.

Ұлы жазушының есімін мәнгілікке жеткізердей шаралар да қарқындей түсер деген зор үмітіміз бар. Осы орайда қолдарыныңға тигелі тұрған «Дарқан дарын» атты поэзиялық жинағым да сол тойдың жыр шашуы болын, асыл тұлға, ұлы ағамыңға қолымнан келген ескерткішім деп қабыл алыныздар, қадірменді халайық! Той тойға ұлассын!

*Кәкімбек Салықов*

## **ЖЫРДЫҢ ТУЫ – ЖАРҚЫН ТҮЛҒА**

### **АЛМАТЫДА СӘБИТТИҢ ЕСКЕРТКІШІ**

Алматыда  
Мұқанов көшесінде,  
Төле бимен тоғысар төтесінде,  
Сұлу мүсін жүзінде жұлдыз жанган,  
Жарқырап тұр,  
Бір көрмей өтесін бе?

Ақ жабудың сәлдесі ашылғанда,  
Құрды халық салтанат асыл жаңға.  
Сәбит аға бейнесі қолаланды,  
Сәлем алып баардай ғасырларға.

Бейнелепті дәлме-дәл шын арысты,  
Барша қауым қол соғып құп арысты.  
Ташкент, Бішкеқ, мәскеулік қонақтар да,  
Қазақтармен бөлісті қуанышты.

Күй төгілті оркестр құдіретті,  
Алатаудан Есілге дүбір жетті.  
Тірі Сәбен тұрғандай көз алдыңда,  
Қайталанбас бір мезет ғұмыр өтті.

Табиғатпен келбеті ұласқаны,  
Ұлылықтың нұсқасын раставды.  
Көрініп тұр  
Көз тастап баршамызға,  
Аңқалаңдап бір қызық сыр ашқаны.

Қызылт мүсін не деген сүйікті еді,  
Осы еken ғой Сәбенді тірілткені.  
Асыл досы Алматы жайнай тұсті,  
Бұрынығыдан Алатау биіктеді.

Сан зиялды сөйлеген назарға алды,  
Шағын Алан кең құлаш базарланды.  
Мәриям апай жанары бір жарқ етіп,  
Сәбенді алғаш көргендей ажарланды.

Күлім қаққан мұсінге мензеп көпті,  
Қарай қалған дүйім жұрт мезет те өтті.  
Сыры терең,  
Әр сезін салмақты етіп,  
Алтай атты баласы сөйлеп кетті.

Алғыс айтты  
Жиналған адамдарға,  
Елбасына – бастаған заманды алға.  
«Ұлылығы әкемнің өшпес, – деді, –  
Елім барда, тәуелсіз панам барда».

Орнатылды ғаламат айқын белгі,  
Сәбен елді, Сәбенді халқым көрді.  
«Жұмбақ жалау» деп еді-ау ол кітабын,  
Сол еңбегін дәл бүгін айтқым келді.

Ұлылыққа аптықпай жеткен кісі,  
Роман оқытып қазаққа кеткен ісі.  
Соның бәрін айғақтап,  
Паш етіп тұр,  
Алматыда Сәбиттің ескерткіші.

2000.  
*Алматы*

\* \* \*

Сыйла, қазақ, ардақта ақынынды,  
Одан артық таппайсың жақынынды.  
Сатылуды білмейді, тұлқілікті,  
Білсе-дағы жазасыз атылуды.

Ақынды сүй, сүйгендей кең даланы,  
Ойла, ағайын, аңғал жан ненді алады?  
Ақыны жоқ ауылдың қызығы аз,  
Бір тілегі өмірде кем қалады.

Жайма-шуақ адамнан үзбе күдер,  
Жақсылықты жар салып тергенін көр.  
Жаман жазса ақынды ардақтамас,  
Жақсы өлеңін Құдайдың бергені дер.

### **СӘБИТ ТОЙЫН БАСТАП БЕРДІ ЕЛБАСЫ**

Жұз жыл толды  
Сәбит Мұқанов туғалы,  
Ел шалқыды тойлап асыл тұлғаны.  
Осынау тойды бастап беріп Елбасы,  
Әр көнілде қуаныш тайдай тулады.

Айдай ашық тез құлпырды сәніміз,  
Самғай тартты дербес елде әніміз.  
Мәриям апай, Қайсенов Қасым ағай бар,  
Қарсы алдық біз, Сәкен сері бәріміз.

Жүрер жолға қойғандай-ақ гүл қадап,  
Сарыарқада жарқыратты бұл ғажап.  
Қырдан, Сырдан...  
Шетелден де қонақ бар,  
Тұрғандар жоқ енжар, бейқам құр қарап.

Дастарханда апамызды көрші етті,  
Назарбаев үлкен сыйлық көрсетті.  
Сәбитке деген бар қазактың құрметін,  
Той үстінде осынау мезет өлшетті.

Өзім көрмей жұрт сөзіне сенер ме ем,  
Бір адам жоқ құшақ жаймай кезерген.  
Ұлы тойға үлкен ұлық келгенін  
Ардактайды біздің қазақ ежелден.

Тойдың тойы қалды аңыз-дастан боп,  
Талай сырды тәртіп сақтап ашқам жоқ.  
Президенттің де қуанғанын біз көрдік,  
Қош айтысып, жанарынан шашқанда от.

2000.

*Кызылжар*

## ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ұстаздық құрды, мектепте бала оқытып,  
Көмекші болды, Мағжан аға дос тұтып.  
Орынборда төрт жыл оқып жас Сәбит,  
Газетке жетті жазуға ынтық жосылтып.

Сәкен, Мағжан құптады өjet батылды,  
Жас таланттар тапты өзіне жақынды.  
Ауылдағы шәқіртерін, Ғабитті,  
Өзі оқыған оқуға кел деп шақырды.

Ленинград пен Мәскеуді де шарлады,  
Шабыт сәтін «Сұлушашқа» арнады.  
Маяковский, Горькийлермен кездесіп,  
Албырт күнде алғы топтан қалмады.

Қазағына қастыққа ол қас болды,  
Ұлтын сыйлар достыққа ол дос болды.  
Мәскеуде оқып, дәл Бальзакша тездегті,  
«Адасқандар» керуен бастап көш толды.

«Жұмбақ жалау» — ол да сонда басталды,  
Талай жұмыс толқып жатты астарлы.  
«Балуаным», — деп сүйді Жамбыл ақсақал,  
Жазушылар одағын көп басқарды.

Періштедей пейілі кең жан еді,  
Сүйді оны үлкен-кіші, бар елі.  
Қаныш, Мұхтар әр қадамын ұннattы,  
Академик атады ғалым әлемі.

Драмалар, естеліктер, аударма,  
Деректі дүние, шежіре тумас таң бар ма?!  
Дарқан дарын, ел мұнын ұққан кеменгер,  
Қорған болды алдына келген жандарға.

Қырық алты тілде енбектері басылды,  
Жайлап өтті өзі көрген ғасырды.  
Билікті де отты тілмен жасқантқан,  
Ұлы тұлға дейміз дарқан асылды.

29.01.2010.  
Астана

## ОҢБАЙДЫ АҚЫНДЫ АТҚАНДАР

Қыранға оқ жұмсау қатерлі,  
Жұмсаған... шын сұмдық әкелді.  
Қай мәнгүрт қиды еken ажалға,  
Адамзат сұнқары Сәкенді?!

Аз емес дауылпаз тартқан зар,  
Тар кезең, көк тайғақ шатқалдар,  
Аққуды атқандар сияқты,  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Сүм тағдыр сұқ көзі қадалды,  
Тағы бір өр қазақ қамалды.  
Қай сатқын атты Мағжандай,  
Жондағы жолбарыс-адамды?!  
Ел үшін, жер үшін сақтандар,  
Ақынға жаман ат тақпандар.  
Тұраның, ұраның сол еді,  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Қарақшы қалт етпес сақ па екен,  
Қамығып қалды ғой шат мекен.  
Қазақтың Құлагер ақыны  
Ілиясты қай соткар атты екен?!  
Мерт болды тым оза шапқандар,  
Тез сөнді шамшырақ жаккандар,  
Тұлпарды соққыға жыққандай,  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар!

Ақтарсам көкіректе бар дерпті,  
Дербестік дабылы дәл жетті.  
Көгілдір туымнан көріндер  
Міржақып, Жұсіпбек, Ахметті.  
Ауылдың иті боп қапқандар,  
Сендерден тарқады тартқан зар.  
Дүлдүлге өшіккен дүлейдей,  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар!

1994.  
*Жезқазған*

## МАҒЖАННЫҢ БІР ӨЛЕҢІ

Үлкен өлең көніл толар қөлемі,  
Мағжан аға «Сағындым» атты өлеңі.  
Абақтыда Алла сыйыр еткендей,  
Бой тастапты бостандықтың елеңі.

Межешамдай тұнде төккен жарықты,  
Алға тартты ақылы жеткен анықты:  
«Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер!» —  
Деп сақ қыран сендіріпті халықты.

Кекірек жарған түсінгенім ғажапты:  
Сын сағатта шындал жатыр қазақты.  
«Маған атақ — ұлтым үшін өлгенім!» —  
Деп кешіпті жан түршігер азапты.

Дауылпаздың дана сөзін тірі аңыз,  
Естіп жатты Қаратaulар, құба дүз.  
Көріпкелдік, әулиелік болжамын,  
Өлендегі өз сөзінен тыңдаңыз:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!  
Өзі-ак құлар, сырын берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын!»

Осы емес пе, әулиелік, даналық,  
Тура келді, Мағжан сөзі бәрі анық.  
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,  
Өз қырсығы сүр жебедей қадалып.

Көріпкел ғой ақын сөзі өрелі,  
«Пайғамбармын!» — дегені де сол еді.  
Ғасыр сырын ашып кетті данышпан,  
Бір романнан артық қой бұл өлеңі.

16.05.2008

## **СӘКЕН АҒА**

Сұнқар шабыт аққу әнін жалғаған,  
Сендей асқақ, Сәкен аға, бар ма адам?!

Кер заманның бас құрбаны болмасан,  
Білер еді-ау есімінді бар ғалам.

Аңсағандай аныз-арман асылын,  
Қандай ару демес сені ғашығым?!

Жігіттіктің патшасы едің сал-сері,  
Ақындықтың бастадың бір ғасырын.

Өлең сөздің гауһар тастай дарасы,  
Сенсіз қазақ толмас өнер сабасы.

Саған мәңгі алғыс айттар сексен көл,  
Кекшетаудың орман, тоғай, даласы.

Өрде киік өтсе сені еске алар,  
Көлде аққу қимай қарап көз салар.

Ғашық әнің тау жаңғыртып, ел кезіп,  
Жүрді сенен болмағанда еш хабар.

Самғай берші, ақын аға, самғашы,  
Сарқылмайды асыл өнер арнасы.

«Жезкийігім» – өз күйігін баса алмай,  
«Тай ішінен» шыққан әннің жалғасы.

*1994*

## **БИАҒАМА ТЫҢ ХАБАР**

Биаға!

Әзіл сөзің жалт қаратты,  
Тың хабар сөз қозғайық ақ қанатты.

Шіркін-ай, сенің ашы шымшыманды,  
Кер заман дер кезінде аз таратты.

Баяғы «Кек сиырың» бұзаулады,  
Жал бітіп «Қарагер ат» жүз аунады.  
Бұл қунде ауылнай жоқ «қой, шәй» дейтін,  
Ботадай бозбаланы қызы аулады.

Самғап жүр Мырқымбайың самолетпен,  
«Ұшак» деп оның атын атап кеткен.  
Ұшактан құшақ-құшақ пайдада тауып,  
Жер жыртып, шөп шабудан таза кеткен.

Тажалға ас болмайды арам бақыр,  
Сен айтқан дәлдү бастық арамда тұр.  
Мал мен жер не боларын Құдай білсін,  
Колхоздар Құдай ондап тарап жатыр.

Тарқасын салмай, шіркін, талапайға,  
Халыққа тиді тағы шала пайдада.  
Алақай салды шымқай алышатар,  
Тоқымсыз жайдак мініп ала тайға.

Жалауы жылпостардың желбіреді,  
Байыған бұзакыны ел біледі.  
Бар малды қант пен шайға құрбан еттік,  
Кенседен жалақы алу селдіреді.

Кеше гөр, тың хабарда көп сөйледім,  
Келді ғой деп сөйлегім тәкпей сөлін.  
Сандалып жұмыс таппай жүргендей көп,  
Тоздырып ең ақырғы көк көйлегін.

Азайды күрек ұстар, айыршылар,  
Оларсыз енді қайтіп ауыл шыдар?..  
Орнына қаулап өсіп келе жатыр,  
Жарысып коммерсант пен қайыршылар.

Қыындық әлі сынақ ете ме көп?!

Жатырмыз «азды», «көпті» жеке бөліп.

Дыбыссыз сыйыстайды кей білгіштер,

Жер кені жат қолында кете ме деп.

Дүрбелен, қайта құрыс буын бастық,

Ескінің түбін шаптық бұрылмас қып.

Бұрынғы партия жок,

Көп партия...

Буымен біразырақ шуылдастық.

Одаққа туды кеше заманақыр,

Генсек те қашып шықты таза тақыр.

Қалғаны Жазушылар одағы еді,

Ол-дағы тәлтіректеп бара жатыр.

1994

## ҚАРАҒАНДЫ

Сарыарқа астанасы — Қарағанды,

Ежелден атақ-данқың бағаны алды.

Жезқазған, Балқаш пенен Теміртауың

Әлемге әйгілі боп жаңаланды.

Мен үшін киелісің, Қарағанды,

Жас күнім өз қолында бағаланды.

Ұлытау жебегендей желе тартсам,

Тұяғым Жезқазғанда тағаланды.

Сен болдың сол кездегі бас қаламыз,

Екінші байтақ елде астанамыз.

Ардақты Қаныш, Фазыл ағалардан

Алғашқы алған сабак дастан-аңыз.

Атасам Әбілқас, Ебіней ағаларды,  
Ерекше көмір, темір бағаланды.  
Өсірген Елбасымыз Нұрсұлтанды,  
Өзге емес, ол да өзінсін, Қарағанды!

## МАХАМБЕТТИҢ ӘСЕРІ

Қазактың қайсаң ақын, ерен ері,  
Толтырды Мағжан кекке кенерені.  
Атойлап Тұран үшін ұран жайса,  
Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Шындықтың сыры аз емес желігі жок,  
Өтті ғой Сегіз сері серігі боп.  
Исатай, Махамбеттен алған сабак,  
Қалды артта ән мән жырдың өрімі боп.

Бауыржан, жау тойтарған Рақымжандар –  
Махамбет үшқыны бар батыл жандар.  
Рухы асыл дана ерте қонған,  
Бәрі де асая тұлға, ақын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,  
Жайықтан естілгендей қыстың құні;  
Қайсаrlық берді ақын Қасымға да  
Махамбет жебесінің ыскырығы.

Жаз өтіп, жетсем-дағы кәрі күзге,  
Құштармын атой салғыш анық ізге.  
Әсері Махамбеттің ұлан-ғайыр,  
Елім деп тыным таппас бәрімізге.

06.03.2003.  
Астана

## БІЛМЕЙДІ-АУ ДЕП ҚОРҚАМЫН

Ел байлығын талаткан,  
Ішінде жүрміз ортаның.  
Жалғыз ғой, шіркін, Жаратқан,  
Көрмейді-ау деп қорқамын.

Қапылыс емес жаңылыс,  
Қажеті сол ма адамның:  
Сатылу, ұрлау, атылыс,  
Бейнесі болды заманның.

Бір елді бір ел ойрандап,  
Жазықсыз жатыр жайратып.  
Қаруға сенген тайрандап,  
Есерді қойды-ау сайратып.

Қалауын бермей халыққа,  
Ептілер еркін жайлайды.  
Жеткендер ірі байлыққа,  
Ақшамен аяқ байлайды.

Әккі қу мың-мың асайды-ау,  
Асырып айла-тәсілін.  
Адам түгіл, жасайды-ау  
Алладан да жасырын.

Жаратқан сыйлап нұрлы құн,  
Ойласа ғалам мол қамын;  
Жер беті кейбір сұмдығын,  
Білмейді-ау деп қорқамын.

18.08.2004.  
Астана

## МӘРИЯМ АПАЙҒА

Жұзге жетті Мәриям апай дегенде,  
Селдей тасып келді мөлдір өлең де.  
Құтты болсын,  
Ел анасы, Ұлы Ана,  
Жылжы берсін алға қарай кемең де.

Сәбит аға жүз жылдығы кезінде,  
Бұл тілекті орап едім сезімге.  
Асыл ана, көрмегенді көрдіңіз,  
Жалғыз қалып өкінгеннің өзінде.

Бір Алланың барына адам сенеді,  
Ұлы адамның аруағы сізді жебеді.  
Бергені көп, алғаны аз Сәбенің,  
Әлі талай аты озып келеді.

Қызылжардай атамекен жері бар,  
Мәңгі тірек – қазақ атты елі бар.  
Жылдан-жылға мәңгілікке жол ашып,  
Бүкіл әлем ұлы есімді кең ұғар.

Ұзақ жасау бұл жалғанда – зор өнер,  
Жайсан жансыз сол құрметке бөленер.  
Өткен жылдар есіркесін,  
Есен-саяу  
Жаңа өмірде жақсы қызық көре бер.

2009.  
*Астана*

## СЕГІЗ СЕРІ КЕМЕНГЕР

*Ұстаздарым Сегіз сері, Нияз сері.  
Біржан сал*

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,  
Сегіз сері – аскан талант, ерен ер.  
Ұстазым деп ардақтаса Біржан сал,  
Сол емес пе озық туған кеменгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,  
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.  
Баһрам ұлы ол Мұхамед-Қанафия,  
Ақындығы, батырлығы мыңмен тен.

Сөзі сара, әні дара, асқақ-ты,  
Оны жастай ұлтжандылық басқартты.  
«Тентек қазак ереуілін бұз», – деген  
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,  
Онда көп кой ғашықтықтан басқа сыр.  
Исатай мен Махамбетке септесіп,  
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,  
Дертке дауа тапқандай тез оналды.  
Төтеп беріп Хиуа, Қоқан, ойратка,  
Қыын күнде қол бастаушы бола алды.

Бекер ғана Мақпал қызға тамсанбас,  
Ғажап сол ғой сүймегенің қарсы алmas.  
Мерт болды қыз ойраттардың оғынан,  
Сонда туды ән төресі – «Гаяхартас».

Отар күнге десек-тағы обалы,  
Ел мұрасын жинап алған жоқ әлі.  
Сегіз сері – батыр ақын, шын дарын,  
Ол қайраткер серіліктен де жоғары.

14.04.2005

## ҚАНАТ САУДАБАЕВҚА СӘБИТ ҮШІН АЛҒЫСЫМ

Тоқсан жылдық тойын билік шолыпты,  
Естіген жан қуанышқа жолықты.  
Алматыда Сәбитке арнап ескерткіш  
Қола-мыстан қойылмақшы болыпты.

Токтағазы – Сәбеннің күйеу баласы,  
Шын қуанды ұл тапқандай анасы.  
Мұсінші еді, досымен бірге жасады,  
Сәнді бейне келгенінше шамасы.

Көп қаулының арасында көмілген,  
Сәтсіз қаулы айырды бар төзімнен.  
Арман еткен өз еңбегін көре алмай,  
Жас мұсінші өтті осынау өмірден.

Жұз жылдық той қарсаңында қолға алдым,  
Ескерткішті орнатуға жол салдым.  
Мәриям апай подвалда есен сақтапты,  
Аруақтан шошып, есім кетіп толғандым.

Алматыдан Астанаға аттандым,  
Премьерге барамын деп баптандым.  
Даниял жоқ,  
Саудабаев Қанатқа  
Кеңсе басы деп сырымды ақтардым.

Қанат інім телефонмен асыға,  
Храпуновпен тіл қатысты ашына.  
Риза болдым.  
«Масқара ғой бұларың», –  
Деп лезде қаһар төкті басына.

Сыбап та алды, сүйт мерзім жолдады,  
Бұл – алғысым ерлігіне сондағы.  
Мәриям апай бір өксігін басқандай,  
Көп тостырған ескерткіш те орнады.

28.10.2010

## АБЫЛАЙ ХАННЫҢ «АҚ ҮЙІ»

«Абылай ханның «Ақ үйі» –  
Тарихтың тарлан белесі.  
Айтылып жүрді тым жи,  
Сағынтып елді төбесі.

Жырына қости бұл үйді,  
Үкілі Ыбырай бабамыз.  
Содан соң бізге мұн үйді,  
Болғандай көпке бәрі аныз.

«Гәккүшіл» ақын атылды,  
«Ақ үй» де өшті кешікпей.  
Күрсінтті алыс-жақынды,  
Күтімсіз қалған мешіттей.

Кеңестің ісі жаңдайшап,  
Кесірін кімдер айта алды?  
Санаменен сарғайсақ,  
Дербестік бәрін қайтарды.

Елбасына мың алғыс,  
Киелі төрді жанартқан.  
Туғандай қайта құмар құс,  
Тамсантып елді қаратқан.

Толқыды бітік егін де,  
Ақ қайың шексіз орманы.  
Шалқыды дала шебінде,  
Орнатқан Абылай қорғаны.

Зер салсақ, достар, осында,  
Тарихқа терең зерттеткіш.  
Орнады «Ақ үй» қасында  
Абылайға жаңа ескерткіш.

Жадына қанша наз түйді,  
Шекара шебі алыстан.  
Алатая, Алтай, Каспийді  
Көрсетіп түр данышпан.

Дегендей болды «Ә, Құдай,  
Дұшпанға ызғар, сес берем».  
Сиынды-ау соңда әз Абылай,  
Түркістанға, Көкшемен.

Абылай ханның мұсіні,  
Президент қостап жетілді.  
Тебірентер көрген кісіні,  
«Мыс салт атты» секілді.

Сілкінді «Ақ үй» белгі болп,  
Абылайдай асыл еріме.  
Сұқтанып қарау енді жоқ,  
Телегей-теңіз жеріме.

Куаныш шексіз халқымда,  
Жыр төксем, айтар ән дайын.  
Жарқылда жаңа қарқында,  
Жайнасын, «Ақ үй», маңдайын.

Ұмытпас талай ғасырлар,  
Ұрпакқа ұлғі – ғұмырын.  
Құтты болсын, Қызылжар,  
Бүгінгі шалқар дүбірін!

## АУЫЛДАҒЫ АҚСАҚАЛМЕН ӘҢГІМЕ

— Халықтың ханы едіндер әлі малай,  
Ақынның осы күнде халі қалай? —  
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,  
Жауапты берген тында әрі қарай:

— Кедейдің пана болар қосы кімге,  
Ақынның халі мүшкіл осы күнде.  
Той еді жыр жинағы жарық көрсе,  
Айналды «қаламақы» тосын үнге.

Не шара көргендерге басқа сыйды,  
Зілзала тас көтермес басқа тиді.  
Арқалап кітаптарын сатуменен,  
Достарым ел аралап ақша жиды.

Соған да тәубе десе апыл-ғұптыл,  
Қалтасы қалғандардың бәрі шұқыр.  
Кейбіреу күн көріп жүр әрен ғана,  
Есектей пайдага мәз кәкір-шүкір...

Бұл сөзге қарттың буы тарқап қалды,  
Көнетоз сипай берді тар қапталды.  
«Сенгенім сендер болсан...» дегендей боп,  
Жан-жаққа басын үнсіз шайқап қалды.

Ақсакал күрсінгені есімді алды,  
Байқадым саясатқа жетік шалды.  
— Сәбиттер енді қайтып келмейді ғой,  
Тірі бол, бауырым, — деп кетіп қалды.

2004

## ЕСІЛІМ

Беу, туған жер!  
Торғын тоғай Есілім,  
Өр толқының — бала құнгі бесігім.  
Ел ордасын құшактаған құтты өзен,  
Бар қазаққа ортақ асыл есімің.  
Ақ қайындар алқалаған Есілім,  
Жағалауда тал қалаған Есілім.  
Ақку-қазы «гәккулеткен» құтты өлке,  
Сал-серілері «қалқалаған» Есілім.

Күміс күлкін сылқыл қақса қызбайсын,  
Атамекен ескі арнанды бұзбайсын.  
Сарыарқаны төркініңдегі сайрандал,  
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсын.  
Серіз сері сайран құрған Есілім,  
Мағжан аға майдан құрған Есілім.  
Ақан сері, Үкілі Ұбырай ән шырқап,  
Ата-бабам жайлау қылған Есілім.

Есілді айтсам жаңылғандай есімнен,  
Бала болам бір сұнгуге шешінген.  
Көк толқын мен құба талдың сыңғыры  
Естен кетпес ән төгілтіп көсліген.  
Әлемге аян ұлылығын, Есілім,  
Жан анамдай жылылығын, Есілім.  
Аққұба қыз ақ қайындан аумаған,  
Сен таныттың сұлулығын, Есілім.

## **СЕС БІЛДІРДІ НАР ҚАЗАҚ**

*Фазыл Кәрібжановқа*

Жарылыстар жарқырап құлақтанды,  
Бастан кештік атомдық сынақтарды.  
Өлген малдай Сарыарқа даласында,  
Ракеталар қалдығы сұлап қалды.

Семейліктің жайламас құлкі реңін,  
Жан біткенді, сүм атом, сілкіледін.  
Фазыл аға, сол кезде сес білдіріп,  
Күніренген күн болып күркіредін.

Мешел туған көрдік қой сан туманы,  
Сүмдық болды-ау сор таңдай татығаны.  
Сол айқаста жан аға жан қиғаның  
Құпия болп халыққа айтылмады.

Сескендірсе Мәскеуді құшті лебін,  
Қайраткерлік ісінді білсін елім.  
Ерте кеттің, шіркін-ай,  
Біздер көрдік  
Көп жұлдызды сүм заман тұлкілерін.

Ашық жерде жарылысты нарлығынмен  
Тоқтатуға айқастың барлығымен.  
Елді қорғап  
Айқаста жүремін деп,  
Сес білдіріп, талайды таңғалтып ең.

*05.01.2010.  
Астана*

## АСЫЛ ҚАЛА – АЛМАТЫ

Алматы – алмағайып әсем қала,  
Қазағым басын иген көсем қала.  
Атқан таң бір суюге аңсап жетсе,  
Батқан күн қимай жылжыр бәсен ғана.

Қасында қарлы Алатау жаркыраған,  
Көшкен бұлт ак жанбырмен ән құраған.  
Өзі алма, жүзі де алма,  
Сырнайлатып,  
Шулы өзен жағасында сарқыраған.

Қыз мінез әр мезеті құбылмалы,  
Ерке өскен ол еркіншіл ғұмыр мәні.  
Қара көз тік қараяға жасқандырған,  
Осында әлемнің ең сұлулары.

Жұлдыздай көш бастаған үркердегі,  
Алматы – махаббаттың үлкен төрі.  
Жұмақтың бір апортын ала келіп,  
Адам ата, Хаяу ананың түскен жері.

Жан құштар жемісіне баққа келіп,  
Таптық па махаббаттан басқа желік.  
Салса да қанша тыйым тәтті екен ғой,  
Біз-дағы сол алманы татқан едік.

Бал үйген тау гүліндей ашық қала,  
Жан-жаққа жатыр нұрын шашып қана.  
Мұхтар мен Сәбит, Ғабит ізі қалған,  
Алматы – даналарға ғашық қала.

## ФАЗЫЛ КӘРІБЖАНОВПЕН ҚОШТАСУ *Поэмадан үзінди*

Мағжан ағам айтқандай:  
«...саналыға  
Айналды өмір өлімнің қамалына».  
Ашық жарылыс кездесті зобаланы,  
Жан қиғандай ауыр дерт амалына.

Теренірек үнілсек кешегіге,  
Жете алмаймыз тірліктің есебіне.  
Ол мерт болды  
Атомдық жарылыстар  
Ұрынғандай сұрқия кеселіне.

Ауыр қаза күнірентті аспанды да,  
Тебірентті қарттарды, жастарды да.  
Ол жерленді Панфилов паркінде,  
Ақтық жолын Тәшенов басқарды да.

Ел ұрынса зар заман сүмдығына,  
Еске салар кеселін туды мұра.  
«Мәнгі алау» – соғысқа мәнгі ескерткіш,  
«Фазыл бейіті» – белгі атом сүмдығына.

Қоштасарда ел мұнын ұластырды,  
Болды айтқандай халыққа ұзак сырды.  
Өтті өмірден қазактын занғар ұлы,  
Қаныш, Мұхтар, Сәбиттер жылап тұрды.

Бастан кешкен кер заман межелерін,  
Еңбегінді, Фазеке, сезер елім.  
Мәнгілікке сактайды есімінді,  
Жер бетінде жарылысты тежегенін.

Өтті-ау күндер оранған улы шанға,  
Бәсендеді кесапат мал мен жанға.  
Жер астында жарылыштың тоқталуы,  
Ел басқарған бұйырды Нұрсұлтанға.

2010

## КҮЙ ТАРТАМЫН...

Күй тартамын таңертен,  
Тыңдай қалшы, жан еркем!  
Толқып-толқып құшағына қайтамын.  
Күй тартамын інірде,  
Күйді жаным бүгін де,  
Көргенімді саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,  
Жанған оттың ішінде,  
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.  
Күй тартамын кештетіп,  
Күйді көкірек ес кетіп,  
Қайда ғана бара жатыр сүм жалған?

Күй тартамын оңаша,  
Қалың тұман ораса,  
Ауылдардың абайладым тозғанын.  
Күй тартамын өрімтал,  
Күйді жүрек сезімтал,  
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Күй тартамын ертемен,  
Тарқамады шер-шемен  
Қырда көрдім құлқыны тар тұлқіні.  
Күй тартамын қанша күн,  
Тарта-тарта шаршадым,  
Қоңыр күмбір бұзып кетті үйқыны.

## СӘБЕНДЕР – ШЫНДЫҚ ҚҰРБАНЫ

Қайғысын кімнің шақтаймын,  
Катты айтып кімді жүдетем?  
«Сақтансаң ғана сақтаймын», –  
Депті ғой бізге «Кұдекен».

Жол таба алмай бірлікке,  
Жоғалтқандар асылын,  
Жабығар қалған тірлікте,  
Жегі жеп іштен жасырын.

Кейде ақын ойлы данадай,  
Тағдырға тәубе қылады.  
Ол кейде жетім баладай,  
Жарыла жаздал тынады.

Сондайға қатты қүйінсек,  
Дүние – дүрмек жүдектен  
Жүрекке батқан түйіншек,  
Кетпей ме бірге сүйекпен?

Сүйекпен бірге кетеді  
Демеске қанша хақым бар?  
Жасырмай бірақ өтеді,  
Шындықты асқақ ақындар.

Сәбит десем есіме  
Қызық-ау бір сәт келгені:  
Пленумда ашық көсіле  
«Обещалкиндерді» сынап бергені.

Тоғытар ойды тас өткел,  
Десендер қайда жыр мәні,  
Патшаның мінін паш еткен  
Сәбендер – шындық құрбаны.

## СЫРБАЙҒА

Досым деп мені  
Бөліпсің көніл, жан аға,  
Жайнады жаным  
Сондай бір жылы бағаға.  
Толқып та кеттім,  
Жарап-ау деп дөп шықсам,  
Ақтай алсам,  
Айтқаның келіп шамаға.

Өлең бір кейде  
Төгіле кетсе құйылып,  
Мен отырам  
Қалам тартпай бұйығып.  
Ойланып қалам  
Дұрыстап жаз деп желкемде,  
Сен тұрғандай  
Абайла деп түйіліп.

Мен достыққа қарсы емеспін,  
Жан аға,  
Әнтек бір бассам  
Көніліме де қарама.  
Тек қана шіркін,  
Халқымыз сүйер, сүйсінер,  
Қарлығаш жырлар  
Қалықтай берсін арада.

1970

## АҚ БҰЛАҚ

Ауылымның ырыс-құты – Ақбұлағым,  
Тереннен телегей болп сарқырадың.  
Кеудесін қара жердің тесіп шығып,  
Жыр болып жүрегімде жарқырадың.

Бұл күнде сенен шалғай жүрсем де алшақ,  
Бір жұтым ынтығамын сұынды аңсап.  
Кетпейді көкірегімнен тәтті күйдей,  
Ойнақы, наз еркелі күлкің сақ-сақ.

Қымбат қой туған жердің топырағы,  
Жасыл бел, тау саясы, көл құрағы.  
Бірақ сен тірі жандай тіл қатушы ен,  
Содан ба, ішім саған көп бұрады.

Сағынып келіп кейде сайрандаймын,  
Бойыма өршіл қуат алғандаймын.  
Сарқылмас өміріңнің сырын ұғып,  
Өзіндегі бола алсам деп армандаімын.

## БІР ЖАҢАРТЫП ӨТЕТИН

Кей қаланың аты әнишіл үн берді,  
Ақмоламызы Астана боп үлгерді.  
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,  
Әр заманға сай боларлық күн көрді.

Ескі Ермак Ақсу болып оңалды,  
Ата жұртый нұры жанған өң алды.  
Шетте жүріп елге жеткен секілді,  
Тараздарым өз атына оралды.

Ал Павлодар мызғымай түр шертиіп,  
Сыйлық емес, «дар» дегені – шер-күйік.  
Ақ патшаның бекінісі емес пе,  
Намыс қозғап тұрған өңсіз мелшіп.

Сан ойланып,  
Сана мұнын кешесін,  
Өтпелді ғой ұлыққа айтқан неше сын.

Мазалайды Петропавловск дегені,  
Басқан кезде Қызылжардың көшесін.

Тағдыр осы өнменіңе жететін,  
Әудем сәтте мәңгүрт етіп кететін.  
Салт-санама сыйыспайтын аттар бар,  
Кезі келді бір жаңартып өтетін.

Гәптің бәрі түпкі негіз затында,  
Затын ойлар бар ғой берік хақым да.  
Екі қала тұрса деймін жарқырап,  
Сәтбаев пен Уәлиханов атында.

## МАҒЖАН – АҚЫНДЫҚТЫҢ АБЫЛАЙЫ

Абайды ақындықтың күні десем,  
Ай керек жарқыратар түнін көшем.  
Қазағым, соның бәрін ойлар ма едін,  
Тәуелсіз ел боп қайта тірілмесен?!

Фарышқа жетер еді оқ алмаса,  
Киянат атын ерте доғармаса.  
«Абайдан кейінгім» деп Мұхтар айтты,  
Сүм тағдыр жөнге көшті, көп алдаса.

Ұмытпас Наурызбай мен Кенекемді,  
Көтерген асыл дастан берекемді.  
Ақындық төрінде тұр «Батыр Баян»,  
Төресі өлең сөздің ере келді.

Ақындық әлемінің нағыз айы,  
Ақжолтай, сиқыр сөздің Ағыбайы.  
Тұраның ұраннан еткен қыран қазак,  
Мағжан – ақындықтың Абылайы.

2000

## АҚЫНДЫҚ ШЫҚТЫҢ БИІК БЕЛЕСІНЕ *Ғалым Жайлыбайға*

Елу жас құтты болсын, Ғалым інім,  
Естілді шартарапқа ағынды үнің.  
Сағынып Қарағанды қалған екен,  
Басталған құшағында жалынды үнің.

Сен кеше ауыл ұлы Ғалым едін,  
Кен жайлау қызығына қанып едің.  
Алатая арайында жүргенінде,  
Сағынып қалған екен қалың елің.

Қошмет, сый-құрметтен аянбады,  
Алдыңда ұлғайды ғұл-маяндағы.  
Сұлулар сыр жасырмай беттен сүйіп,  
Көзімен сағынышын баяндады.

Інілер, мақтан етті ағалар да,  
Жырга орап жарқыл қақты балалар да.  
Көркейтті той-думанды әнші Қайрат,  
Ақынға одан артық баға бар ма?

Жыр құйдың орап асыл тілектерге,  
Нұр құйдың аңсап күткен жүректерге.  
Өзіне деген адал ықыласпен  
Ән-күйлі салтанатын үдettі ел де.

Елу жас – жастық шақпен қоштасқаның,  
Керуенің кемел жүкпен көш бастадың.  
Қылт еткен қызарғанға қызығушы ең,  
Фарышқа жұлдызы көп көшті аспаның.

Ақындық шықтың биік белесіне,  
Ағалық сәт түлеімін келесіге.  
Жырыңды талаій слідер ардақтаса,  
Қарышта адамзаттың өресіне!

Ақынсың арманы зор санасында,  
Бой берме оза тартқан қарасынға.  
Заулатып Құлагердей құлшынып қал,  
Жеткенше арман еткен дара шыңға.

03.10.2008.  
Астана

## НАҒМАНОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Нарықтың болсаң басын құрай келген,  
Жігіт көп құтты өлкеге шырай берген.  
Әкімдер келіп жатыр,  
Кетіп жатыр,  
Мызғымас Қызылжарда Құдайберген.

Қазағым – тәуелсіз ел, үмтүлды алға,  
Молайтын жылдан-жылға құтымды Алла.  
Арманын, Құдайберген, орындалсын,  
Баянды бақыт орнап Қызылжарға.

25.10.2000.  
Қызылжар

\* \* \*

Көкірекке көп көрініс толғанын,  
Шертер сырым менің-дағы мол, қалын.  
Қара қылды қақ жарғандай дәл айтты,  
Абай атам қалай болғанын.

Жүрек бар ма осы күнде жарасыз,  
Дым шешілмес төлемакы – парасыз.  
Сонын бәрін қалай білген данышпан,  
Алматыда өсті ме деп те қаласыз.

Құлық-сүмдық нарыққа еріп беттеді,  
Ақиқаттың ағайыны шеттеді.  
Мені көріп айтты ма деп тебірентер:  
«Ішім өлген, сыртым сау», — деп кеткені.

Әкімдікке таласпайтын болғаным —  
Жаным сүйді Абай ата толғағын.

2006.  
Астана

### ЗАМАН ДЕРТІ

Арал кетті... Адамдар, Арал кетті,  
Аймақтағы ел алапат заман шекті.  
Онсыз-дағы онша емес қайран халқым,  
Жұдегені ұлғайтты-ау маған дертті.

Қарсы алатын қақ жолда сүйіп мені,  
Көрінбейді Сарыарқа киіктері.  
Басқа жерге келгендей басым қатты,  
Басылмай тұр жанымның күйік-шері.

Қай қияда, қай апат, бұлік жеттін,  
Сахара да Мәжнүннің күйін шектім.  
Кең далада бір киік көрмеген сон,  
Бірге құрып кетердей күйік шектім.

Көп жұлдызға қараймын биіктегі,  
Елестейді біздің ел киіктері.  
Өріп жүрген секілді жерге қарап,  
Кездесуге үзілмей үміттері.

Кек аспаннан алмаймын көз қығын,  
Әнге қосып арнаушы ем сөз биігін.  
Қалай шыдалп жүр екен күйіп кетпей,  
Арасында жез қанат жезкиігім?

Заулап келіп алқа бел, қырдан асып,  
Күндер қайда сырласар мұн тындастып?  
Қаптап жүрген киіктер ғайып болды,  
Кетті ме еken Аралдың құмы басып?

1995

## ТОҚТАМАЙДЫ ЖҰМЫР ЖЕР

Есіме алсам өмірдегі әр ізді,  
Қарақалпақ елі – жолым маңызды.  
Кремльдің солдатымыз ол кезде,  
Мен барам деп бергем жоқ қой арызды.

Сол өлкеге арнадым дәл бес жылды,  
Арал үшін айқас бастап көш кірді.  
Ең ғажабы жаны ашымас теңізге,  
Негізі бар кей есерге ес кірді.

Арал десе қыза түсіп үдеймін,  
Егделікті тез ұмытып түлеймін.  
Тоқтамайды, Жер айналып барады,  
Көк теңізге ұзак ғұмыр тілеймін.

Жұмыр жердің өтер талай қонағы,  
Аралға да бақ жүлдизы қонады.  
Бұрынғыдай болмаса да көлемі,  
Жылдар өтер, Арал қайта толады.

Жоқ десек те бүгін бізде зор табыс,  
Болашағым етер үлкен қолғабыс.  
Нақұрыстардың тым надұрыс ісіне,  
Табиғаттың өзі берер тойтарыс.

## **АҚСҮҢҚАРДЫ КӨРГЕНДЕ**

### **АЛҒАШҚЫ РЕТ**

*Кеңес Одағының Батыры*

*Жәлел Қизатовқа*

Батыр Жәлел жасымда,  
Пар атпен келді Есілден.  
Ұқсады отты жасынға,  
Ешқашан кетпес есімнен.

Көбейтті бүгін ырысын,  
Жалғызтау көркем сауыры.  
Қарсы алды ұлken туысын,  
Үкілі Ыбырай ауылы.

Отырды батыр қак төрде,  
Сыпайы құліп өрленбей.  
Табылды қызық біздерге,  
Кой сояр қонақ келгендей.

Кияға көзім сайланған,  
Ақсүңқар сүйгіш бала едім.  
Аты аңызға айналған,  
Көргө жүзін зар едім.

Білмейтін әсте тежеп сыр,  
Көкірегі ашық жан екен.  
Дембелшең, шымыр, көзі өткір,  
Ер Кебекке пар екен.

Басында шашы толқындал,  
Желпінген талдай еседі.  
Атамды отыр ол тындал,  
Өмірді айтқан кешегі.

Көрінді қария қарлы күз,  
Жас батыр – жасыл көктемдей.  
Сымбатты екен нұрлы жұз,  
Қабағы ашық өткелдей.

Кей кезде жылдам оқталып,  
Жыр етті қызу майданды.  
Шумақтар женіл топталып,  
Сұлу сөз жылдам байланды.

Атағын естіп кең жүрсек,  
Аз екен берген бағамыз.  
Батыр ғана деп білсек,  
Ақын да екен ағамыз.

Найзағай бұлтты тілгендей,  
Ақтангер көпті менгерді.  
Жыр ұшқынын ілгендей,  
Жас жүрек сонда желденді.

Тандандым өжет адамға,  
Жар салардай жер-көкке.  
«Ұқсай гәр, деді анам да, —  
Осынданай ғажап перзентке».

Елестеп құзарт баратын,  
Байқадым құштар жерімді.  
Әрі батыр, әрі ақын,  
Межешам болып көрінді.

24.03.2000.  
*Алматы*

## **АҚ ҚАЙЫНДАР АРАСЫНДА АУЫЛЫМ**

### ***Бірінші олең***

Жасыл жайлау, Сарыарқа төсін кернеп,  
Аппақ орман әшекей кесілді өрнек.  
Ақ маралдар тізбегі секілденіп,  
Ақ қайындар барады Есілді өрлеп.

Жан толқытқан  
Ақ қиял, сылқым елес,  
Таусылар ма шертсе де мың күн кеңес?!

Ақ қайындар ішінде туған адам,  
Жүргегі аппақ болмауы мүмкін емес.

Осы араға келіппіз адам болып,  
Мекен құрды аймақты бабам қорып.  
Жасыл қамзол, ақ көйлек  
Мама қайын  
Елестейді көзіме анам болып.

Талай тарлан осы өнір туған жері,  
Қыздар сұлу жарапалды-ау, ұлдар сері.  
Тұнып жатыр тұнғиық ақ көлдерде,  
Мағжан аға көкірегін буған шері.

Аппақ нұрға кеткендей әлем толып,  
Ақ қайындар келбетін келем шолып.  
Шоғырмағы әдемі әжімделген,  
Кәрі қайын көз салды әжем болып.

Ашық жатыр ақшанқан бәрі таныс,  
Сағынышым ақ жанқа кетті-ау алыс.  
Алыпұшып барады асау жүрек,  
Жас күндегі сезімдер жасап жарыс.

Көріністер еткенде қысым-қыспак,  
Бала қайын тұр жасыл жүзім ұстап.  
Мені көріп, ажары арайланған,  
Кетті біздің көршінің қызына ұқсап.

Мойыл көзі мөп-мөлдір зіл артатын,  
Зіл артатын, ішінен құмартатын.  
Туған ауыл дегені осы екен ғой,  
Құпиядан құтты өлең шығаратын.

### *Екінші өлең*

Ақ құбақан ақ қайын аппағын-ай,  
Жерге күміс тәгіп тұр, тасқа шырай.  
Ақ інгеннің қасына шөккен нардай,  
Көз ұшында Жалғызтау жатқаны-ай.

Ақ білектер жалғасып, біріктеліп,  
Ақ балтырлар бұлқынып іріктеліп.  
Шоқ қайын тұр  
Көрші ауыл қыздарындай,  
Сыбырласқан бірдеме біліп келіп.

— Қасындағы кім? — дейді секпіл қайын,  
Тез өзгертіп тоқыған кетті жайым.  
— Бізден артық жок екен ештемесі, —  
Деп біреуі күрсініп етті уайым.

— Ауыл қызы — ет жақын қарындастым,  
Көрші ауылда ағайын, бауырласым.  
Қызылжарлық қазақтың қызын алдым,  
Беу, құрбылар! Бастарың ауырмасын.

Студенттік күндердің әсері еді,  
Ол Мәскеуде бар қыздың әсемі еді.  
Ақ қайындай, аумайды өздерінен, —  
Дегенімде біреуі: «Бәсе», — деді.

### *Үшінші өлең*

Орман көрсем сағынған тауға барып,  
Ақ қайындар қарсы алды таңғаларлық.  
Біреуі тұр қыз қалпы өзгермеген,  
Есі кетіп балдырған қалғаны анық.

Жас қайынның азайтсам басты мұнын,  
Зілін ұқты әзіл сөз астарының.  
Бәрі жақсы-ау біздің ел қыздарының,  
Мәнгі етер өмірдің қас қағымын.

Айтар сөзін тұр екен қамдап алып,  
Кездесуге қуанып қалғаны анық.  
Ақ білегін бір сілтеп күлім қақты,  
Ертегі-қыз секілді алмағайып.

Құрбыларым көрінсе бала сынды,  
Әзіл-күлкі бәрі де жарасымды.  
Кемпір болып қалса да бір соғамын,  
Ауылымнан ұзбестей қарасынды.

Ақ қайындар, тамаша көрінісің,  
Көркейе бер туған ел өмірі үшін.  
Осы ауылда көз ашып жаралыптын,  
Аппақ дуние қызығын көру үшін.

### **ОПЕРАНЫҢ ДУЛДУЛІ** *Еркеғали Рахмадиевке*

Тұған күнің құтты болсын, Ерекем,  
Елдің тойы – бұл межелі мерекен.  
«Абылай» атты операмен жеткенің,  
Құбылыс қой,  
Етек-женің кең екен.

Болды ғажап тұсауқесер күн себеп,  
Жадымда мол жар салуға мың дерек.  
Увертюраның нысананды дәл айтты,  
Ойын терен, сарын ерен, үн де ерек.

Сан сайысқа тосын ырғақ тапқаның,  
Дүрбелендер дүбірін нық сақтадын.  
Абылай құрган алтын ғасыр қазақقا,  
Өңін аштың қүйлі ағынмен ақ жалын.

Кең көсілді қырлы, сырлы, тақталы үн,  
Бұқар бабам ән-әуезін жаттадым.  
Шарықтаттың Жер шары аунап түскендей,  
Әбілмәнсүр Шарыштың басын шапқаның.

Жаңғырып тұр жонғар салған бар сүмдүк,  
Күлпәш айтқан әннен алды жан сыйлық.  
Хан мінген ат алтын жалы жайнаса,  
Құлагердің атасы ғой Шалқүйрық.

Опера ұнап,  
Ұққаныма сенем де,  
Сүйінші сұрап, мақтан етем мен елге.  
Беу, Ерекем, заңғар шынға шын жеттің,  
Қарқын қосып, ұлттық ұлы өнерге.

Асыл ұндер салса нұрлы еленге,  
Мезеттер-ай, күн тулаған денемде.  
Айтарым сол:  
Операсын қазақтың  
Сен көтердің заманға тән беленге.

Аспаныма жұлдыз болып байландың,  
Абылай қолдап, айқастарға сай жандын.  
Симфония атасы деп мақтаушы ем,  
Операның дулдуліне айналдың.

Солай дейді  
Алатау, Алтай, кең дала.  
Бір мен емес, берер дәлдеу ел баға.  
Министр болған өзіндейлер барышылық,  
Бас опера жазған қазақ сен ғана.

05.05.2005.

Астана

## АРАЛ ҮШІН АЙҚАСТА

Бір кешпедім Әмуді, екі кештім,  
Сағынышқа, аңсауға жетік өстім.  
Өкінбеймін Арапға келгеніме,  
Жер-ананың ең ауыр дертін кештім.

Әму мен Сыр қинаса тартылғаны,  
Сарқылғаны тіршілік қарқын мәні.  
Күйзелгенін көргенде бауыр елдің,  
Киянатқа ыза-кең қарқындасты.

«Алды ыстық, өмірдің арты сұық», —  
Деп айтқаны Абайдың жетті қуып.  
Соны сезіп апаттан елді сақтар  
Арпалысқа кірістім белді буып.

Сұлу Көкше, шомылсам таң нұрына,  
Қайтқан Арап табыстым тағдырына.  
Жәмиғатқа табиғат реніші,  
Көpteу кіріп барады ән-жырыма.

Ойсыз адам апатты байқасын ба,  
Көргенім бар, бастарын шайқасын да.  
Мағжан, Сәкен, Қасымдар тірі болса,  
Жүрмес пе еді Арапдың айқасында.

Бір кешпедім Әмуді, екі кештім,  
Қындыққа белшемнен жетіп өстім.  
Сара жолын іздеуге жалықпаймын,  
Жеті ағайын жұт шалған жеті көштің.

1986

## ҚҰРДАС ЖЕҢГЕМ КЛАРАФА

Күнде көріп жақсы ғой тамсанғаным,  
Дастархандас көрші боп карсы алғанын.  
Бәрінен де, шіркін-ай, асып кетті,  
Сегіз сері тойында ән салғанын.

Мейлі ұстасын сол сәтте керейлігін,  
Бабамызға үйлесті мерейлі үнін.  
«Гаунартасты» тамаша жарқыратып,  
Туды өнерге сән берген ерен күнін.

Күйсандықта өзі ойнап құрдас ағам,  
Аунап түсер сепі атам туды заман.  
Ерекем-ай, жасырмай құштарлығын,  
Ғашық болып қайтадан тұрды саған.

Алғысым мол әнші інім Серікке де,  
Сегізді айтып, кетті әні беріктене.  
Күлім қағып сахнаға сіз шыққанда,  
Конгресс-Холл да құлпырды көріктене.

Асыл кештің қызығын ерекше еттің,  
Өзің өз боп, бір қыын белесті өттің.  
Құрдас женгем, мың жаса,  
Сол мезетте  
Көзімізге Құләшті елестеттің.

Құшақтаттық, төгілтік гүлдің гүлін,  
Дидарынан біз сездік күннің нұрын.  
Клара атын жүлдіздай бір жарқ етті,  
Аруақ қолдап көрінді дүлдүлдігін.

Тұлған ғажап, тандантты бітім сұлу,  
Ішің сұлу арусын, түсің сұлу.  
Сандуғаштай сайрасаң Есілдегі,  
Керегі жоқ өзгеше түсіндіру.

Құлшынар ма ең Ерекем қолдамаса,  
Қыйсандықта маэстро ойнамаса.  
Кем түспей ме бір қызық тап осылай,  
Шын жүректен дананы тойламаса.

\* \* \*

Жазбай жүр деп,  
Тіл тигізбе өнерге,  
Мақсатым жоқ масаттанар көлемге.  
Тамшы судың тамшылығын сезердей,  
Татым іздер жүк көбейді өлеңге.

Арал салған жүректегі беріштің  
Қайсыбірін кемітем деп керістім.  
Оңай сөз жоқ...  
Астан-кестең заманда,  
Тар кезендер  
Бастан кешкен маған да.

Үйірлесіп ақыл, сезім, ой жеткен,  
Толғандырып ел тағдыры сөйлеткен.  
Кей мезеттің жыр сыбырлар кезі бар,  
Сол — бақыттың тіршілікте қол жеткен.

1989

## ЖИЫРМА ЖЕТІ ТЕРБЕЛІС

Желмая желді адырға жортып шығар,  
Жорғалаң жиырма жеті толқыны бар.  
Күйшідей перне құған дәлдеп басып,  
Үрфакты жүрісіне болдым құмар.

Жануар ел шетінде желсе бүгін,  
Ашамын сырын талай ертегінің.  
Қараши бипыл-типыл қайырымға,  
Жасаган кен далаға еркелігін.

Көргенді жеткізбесе сөз келтелі,  
Пай-пай-пай! Әсем қымыл көзді өртеді.  
Қайтарып жиырма жеті «Айгөлегін»,  
Ақ бура, әне, жүріс өзгертеңі.

\* \* \*

Өзім үшін жасамадым жанпірім,  
Жалғасымын ата-баба салтының.  
Өзгелерден бұрынырақ жетермін,  
Басың ауырып, сыздағанда балтырын.

Бақыт тапсам жыр жазып, кен үюден,  
Шабыттансам адам сырын білуден;  
Барлық ұлттың шарласам кен бақшасын,  
Жалықпаймын қазақ тілін сүюден.

Реніште күйреуіктік етпедім,  
Қуанышта кеуде қағып кетпедім.  
Қай биікке жетсем-дағы есімде  
Бала күнде сан тауқымет шеккенім.

Адал досым домбырам бар – сенерім,  
Аяз бидің шапаны сол дер едім.  
Тұған жерді сағынғанда, елді ойлап,  
Немереме бір күй тартып беремін.

Құндерім бар көшкен бұлттан ән салған,  
Шабытты шақ сақтайды тез шаршаудан.  
Жұрген жерді түрлендіргім келеді,  
Көкшетаудың кербездігін аңсаудан.

1987

## ЖЕЗКИІККЕ

Сені ойлап жеңіл қалқып айтар ән,  
Көніл өсер қызығым көп байқаған.  
Жүйткіп өтші көз алдымнан, жезкиік,  
Арал шалқып, толқыр ма еken қайтадан.

Бақыт үйір жолы құтты асылға,  
Сүйе білген іңкәр кезді жасырма.  
Өрге тартышы өршеленіп, жезкиік,  
Әму мен Сыр баяғыдай тасыр ма?!

Сені көрсем жастық жалын оралып,  
Шер тарқатып қалар ма едім оналып.  
Жез қанатың құм төсінде жарқ етсе,  
Бір табар ем кеткендерді жоғалып.

1986

## МҰСАҒА

Қайғылы сөзге  
Көндім бе от боп жануға,  
Жетті ғой хабар  
Күтпеген мұнға салуға.  
Жалғызтауда жоқ дейді жалғыз бауырым,  
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

Үзбеуші ем үміт  
Сенгендей қолда қаруға.  
Баруши ем ансан,  
Ән-күйден сабак алуға.  
Сексен көлде жоқ дейді сері бауырым,  
Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.

Ақыңқ еді  
Қаймықпай кірер дауылға,  
Құлагер еді  
Жаралған оза шабуға.  
Айыртауда жоқ дейді ақын бауырым,  
Ауыл жаққа бата алмай жүрмін баруға.

Жүйрік қой тағдыр  
Аяқтан оқыс шалуға.  
Күтпеген жерде  
Жақсыны таңдал алуға.  
Көкшетауда жоқ дейді кербез бауырым,  
Ауыл жаққа қиналып жүрмін баруға.

1976

\* \* \*

«Көрем деп өлем» дегенге,  
Ауыр сөз айтпа, сыншылар.  
Тірі жан бар ғой денемде,  
Тұншығып кетпей кім шыдар?

Тұтанып сөзден нәзік от,  
Бір сүйсем, лаулап шын қүйем.  
Осыған жаным разы боп,  
Сүйгенім десем, шын сүйем.

Шынымды айтып жан телім,  
Жиылған назды сарқамын.  
Тұсінбей кетсе, қайтейін,  
Азабын үнсіз тартамын.

Құштарлы жанға қалайша  
Құлшынып көніл бөлмессің?  
Сағыныш уы молайса,  
Дертінен қайтіп өлмессің?

Қалтқысыз бірлік орнаса,  
Шаттыққа мен де тояйын.  
Осының бірі болмаса,  
Кездеспей-ақ қояйын.

1976

**ЖІГІТСІҢ ЗОР  
АПАТТА АМАН ҚАЛҒАН**  
*Құдайберген Қалиевке*

Келіпсің, Құдайберген, елу беске,  
Біз үшін ол — қектемгі сең емес пе?!

Аралдың айқасында арпалысқан  
Дауылпаз, асау күндер келеді еске.

Елу бес — егделіктің бастамасы,  
Оның жок өжеттікten басқа бәсі.  
Елу бес — жас күндердің елесіндей,  
Есілдің көрінесің жас баласы.

Есіме түсіп кетті-ау қиядағым,  
Өткен күн, ой-хой, заман, қиял-ағын.  
Коргенде сексендегі ағаларды,  
Айтуға дәл жасымды ұяламын.

Інімсің талай қыын қамалды алған,  
Аймақта басқан ізің тәмамдалған.  
Жылма-жыл тойласан да мол хақың бар,  
Қазадан зор апатта аман қалған.

25.10.2000.  
*Қызылжар*

## ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СЫР

Жаз жанбырсыз, қыс қарсыз,  
Жел айнымал, бұлт арсыз.  
Осындай жер көрдім мен,  
Қай шерімді тындарсыз?..

Бұлттың арсыз болғаны –  
Ашылы жанбыр төккені.  
Айнымал жел толғағы –  
Тұзды құм сеуіп өткені.

Күн мен Айды сынарсыз,  
Бірак, ойлан, кім арсыз?  
Арал құрғап барады,  
Кімнен жауап сұрарсыз?

Кім білімпаз, кім надан?  
Кім қадірлі, кім жаман?  
Қолда бардан айырған,  
Кездесті нешік бұл заман?

Ақ көнілмен сырласам,  
Жөн түзелер тындасаң.  
Оңдырмайсың өнірді,  
Аралға сыйлық қылмасаң.

Ауырлап атты ақ тандар,  
Киналды ақ құм татқандар.  
Аралды қиды апатқа,  
Көп жұлдыз төске таққандар.

1991

## ЖАЛЫНДАЙ КӨККЕ АТЫЛДЫ

*Faфу Қайырбековке*

Аузына Құдай сөз салған,  
Жолбарыс еді өр тарлан.  
Шымырлап өрген жырлары –  
Ғұмырлап өтер сәтті арман.

Пұшайман емес соққы алған,  
Сандалкөк сол ғой топжарған.  
Сағынып журмін Ғафуды,  
Аталы сөзге тоқтаған.

Сырбаздығы Ғабиттей,  
Әршілдігі Сәбиттей,  
Бұлқынысы Бауkenдей,  
Сыrbайды өскен дәріптей.

Абайша да толғайды,  
Байронға да қол жайды.  
Қырандай етіп зорайтты-ау,  
Шырылдап қалған Торғайды.

Өлеңнің өргек татымы,  
Қанатты құстың жақыны.  
Еш адамға ұқсамас  
Ғафекен – қазақ ақыны.

Тұманбай өссе ағалап,  
Сыйлады Қадыр бағалап.  
Бәрі де бірге жүрді ғой,  
Қазақтың жырын тағалап.

Оқыған адам елтиді,  
Қыздарға қанша зер тиді.  
Тап одан артық кім айтты,  
Сұлулар елі ЖенПИ-ді?

Адуынды, ағынды,  
Бұрқанған ерке дарынды  
Жалғыз ғана мен емес,  
Қазақтың елі сағынды.

Женеше-аяу, ерке шалынды,  
Мандайға біткен бағынды,  
Тәтелер де сағынды,  
Кафелер де сағынды.

Нарыққа кірсе ыскыртып,  
Содырды соқты ықтыртып.  
Газетте бүгін...  
Ғафу жоқ,  
Бұзықты берер шықпыштып.

Табатын алқа жол төрден,  
Арпалыс көп қой ол көрген.  
Сахналарда...  
Ғафу жоқ,  
Үлкен мен кіші жол берген.

Арыстанмен алысты,  
Ақыықпен жарысты.  
Үйретіп кетті Ғафекен,  
Бермеуді қолдан намысты.

Қоздырап жырға бүйірін,  
Іздейді әркім үйірін.  
Сағынтып жүр ғой бұл күнде,  
Ғафуша туған иірім.

Ізdemей көктен шатырды,  
Найзағай отын сапырды.  
Жалындал тұрған кезінде,  
Жарқ етіп көкке атылды.

2000

## ҚЫЗЫЛЖАР

Ақ қайың елі жайдары,  
Сарыарқа алтын айдары.  
Абылай «Ақ үй» орнатқан,  
Қазақтың ғажап аймағы.  
Әнші де ақын ғұрпыннан,  
Көркіңе терең сыр тұнған.  
«Гауһартас» сенсің құлпырған,  
Қыраны елдің – Қызылжар,  
Жұмағы жердің – Қызылжар.

Орман-көл толы айналан,  
«Гәккулі» өлкем жайнаған.  
Сандуғаш сайда ұніне  
Інжу мен маржан байлаған.  
Мағжандай қайсар жаралған,  
Ұлдары арыс сан алуан.

Атадан мирас нәр алған,  
Қыраны елдің – Қызылжар,  
Жұмағы жердің – Қызылжар.

Аққұба туған үлбіреп,  
Гүлден де сұлу гүлдірек.  
Ұлпанға тартқан ұлтжанды,  
Қыздары шымқай Қыз Жібек.  
Анамдай жылы жүрегі  
Есілдей көпшіл тілегі,  
Достыктың берік тірегі,  
Қыраны елдің – Қызылжар,  
Жұмағы жердің – Қызылжар.

## ӨРНЕККЕ

Мақтан етіп атап жүрер жер-көкке,  
Ағам, інім болды біздің Өрнекте.  
Әр кездесу аныз-дастан туғызған,  
Ғажап еді-ау екеуі де көрмекке.

Ағам еді Тұрсынбайы Кәкімнің,  
Бірі болды өзім көрген асылдың.  
«Аңшының әнін» Үкілі Ыбырайша айтқанда,  
Құпиясын қоларушы ек ғасырдың.

Бірге оқыдық, бірлік, достық орнайтын,  
Маған тиген талай бала сорлайтын.  
Шәкірт болды Молдахметтей атама,  
Хатшысы боп айтыстарда қолдайтын.

Інім еді кеше жүрген Есләм,  
Айбарлы ақын, тентек десе қосылам.  
Алматыда Есілге тіл тигізбес  
Мінезінен талай ақын шошыған.

Еңбек атты көрші жатыр ауылым,  
Бірге өткіздік талай қызық тәуірін.  
Аға сыйлар ерекше еді мінезі,  
Мен сүйсіндім деп өзімнің бауырым.

Сәлемімді ал, асыл аймақ Өрнегім,  
Дәм жазбады-ау, бұрын сені көрмедім.  
Есләмнің жетпіс жылдық тойында  
Бой көрсетіп, сағынышымды мәрледім.

Ұлықтады ол асыл атамекенді,  
Тұған жерге ер парызы өтелді.  
Өрнек, оны жер бетіне әкелсен,  
Есләм сені Алатаудай көтерді.

Әңгімемді келе берсе тындағын,  
Өзіннің де күш беріп тұр тың бабын.  
Атағынды айғақтады Өрнегім,  
Тұрсынбай мен Есләмдай ұлдарын.

## АСТАНА АСЫЛ ТОЙЫ АШЫЛҒАНДА

Өрінде жана заман Астанамыз,  
Ол біздің аруақ қонған Бас қаламыз.  
Меймандар, қош келдіңіз!  
Ел төрінде  
Ақ жүрек лупілімен қарсы аламыз.

Біріміз бірімізге ғашық жанға  
Ұқсармыз гүлмен шашу шашылғанда.  
Бар қазақ қарсы аламыз,  
Тұсаукесер,  
Астана салтанаты ашылғанда.

Тойласақ тәй-тәй басқан баланы да,  
Ораймыз зор думанға қаланы да.  
Ежелден салтым осы,  
Куанышпен  
Жамаймыз ескі ауыр жараны да.

Көз салып кейінгіге, ертеңіме,  
Қараймыз өркениет көркеміне.  
Әлемде барлық елмен сыйласамыз,  
Бағыттас жел тілеген желкеніме.

Кел, төрлет!  
Меймандарым, көнілді бір,  
Қотерсін қызу бәйге, еркін дүбір.  
Серілер серке тартып,  
«Қызы қуамыз»,  
Қара көз, қызып жетсем бетінді бұр.

Қүй толқып, домбырадан әндетеңіз,  
Сарыарқа арай таңын сәнді етеміз.  
Бір күнді  
Қос ғасырдың аясында,  
Кетпестей есімізден мәнгі етеміз.

Келгендер алыстан да, жақыннан да,  
Ұқсайық дария толқып, тасынғанға.  
Мәңгілік дос боп кетер  
Кездескендер,  
Астана асыл тойы ашылғанда.

1998

**ҚҰТ ОРНАР ҰМЫТПАСАҢ  
АУЫЛЫНДЫ**  
*Жарасбай Сүлейменовке*

Жарасбай, құтты болсын алпыс жасын!  
Бұл алпыс – тірліктең алтын ғасыр.  
Жас та емес, кәрі де емес қызық дәурен,  
Жасай бер өзің сүйген салтынды асыл!

Сен де бір жүйрігісің солтүстіктің,  
Мәжілістің шапағаты мол түсіп түр.  
Қасында магнаттардан өзгешесің,  
Сол үшін халқың сыйлап қол қысып түр.

Жерің жоқ елден ерек жайлайтұғын,  
Малың жоқ қырда мыңдап байлайтұғын.  
Сенде бар ақ жүрек пен жүйрік қалам,  
Ешқашан ар-намыстан таймайтұғын.

Жүйесіз сөйлемейсің ескі бише,  
Бақыт қой жазғанынды елін сүйсе.  
Біз сені ардақтаудан жалықпаймыз,  
Жас әкім Серікке зор себің тисе.

Құт орнар ұмытпасаң ауылынды,  
Зерлеп көр аласапыран дәуірінді.  
Балуан, Еңбек атты туған жерлер,  
Құтіп түр қорған болар дабылынды.

Ағалық айтары осы ақын қарттың,  
Өзімнің бауырым деп базына айттым.  
Пушкиндей сөз «пушкасын» атқылар деп,  
«Евгений Онегинді» сыйға тарттым.

*10.07.2009.  
Кызылжар*

## АНА ТІЛЕГІ

Төсекте ауыр науқас жанға батып,  
Жатыр ана қыындық дәмін татып.  
Теніздей терен өйлы,  
Балғын мінез,  
Үн қатпай,  
Тек қабағын кендеу тартып.

Жарық жоқ,  
Жылдан асты көз кеткелі,  
Ауыр дерт айықластай мендеп пе еді?..  
Мейірімді  
Нұр жүзінде жазулы тұр  
Мені ойладап,  
Қасірет бойлап,  
Мұң шеккені.

Мінгендей қиял құсы әр кемені,  
Армандал жатыр ана әлденені.  
Қыршын жас —  
Жалғыз ұлы алдындағы,  
Ойлай ма бір көруді әлде мені?..

Анашым,  
Соншама ерте өткенің бе?  
Артыңа мені тастап кеткенің бе?  
Айырып арамызды мәнгілікке  
Япырым-ау, қоштасар шақ жеткенің бе?

«Менің ал жылуымды,  
Ана жаным!» —  
Дер ме едім  
Ұстап әлсіз алақанын.  
Етімнен ет кесіп те берер едім,  
Егер мен көбейте алсам көрер таңын.

Білді ана пәк жанымның егілгенін.  
Ыстық жас ыршып көзден төгілгенін.  
Ақыргы дәмін жиып  
Білдірмейді  
Көз жұмар кездің таяу көрінгенін.

Исікеді мандаіымнан  
Ана бір кез  
«Айтайын, құлыным, — деді, — саған бір сөз,  
Барасын жалғыз қалып, жүре коп бол  
Ақ ботам,  
Ақ тілегім, ойлан, біл, сез».

Өтіпті жылдар, бүгін танданамын  
Достарым көп — жарқын ну, сәнді аланым.  
Өсиеті, тілегімен анашымның  
Ақ ниет жүректерге жалғанамын.

Куаныш-ренішті кездерімде  
Жан жадау жалғызықты сезбедім де.  
Достарымда  
Анамның тілегі бар  
Анамның жылуы бар көздерінде.

1957

## ЕСКЕРТКІШІМ ІНІМЕ

*Сапарғали Салықовқа*

Тақап қалды сексенге менің жасым,  
Жұзге апарап деп жүрмін, тегім асыл.  
Әттен, дүние-ай,  
Өмірден інім өтіп,  
Есік пен төр көрсетті шебін ғасыр.

Қапияда жоғалттым бауырымды,  
Ерке өскен, ер мінез дауылымды.  
Елден жырақ мен жұрсем,  
Ол қорғады  
Шаңырақ пен ардакты ауылымды.

Тірлік көркін кең жерде құруши еді,  
Құрт тоқталды өмірді сұру шебі.  
Ұя салған қырандай тау басына,  
Жар басында Есілдің тұрушы еді.

Көкірегін жок еді бүған мұны,  
Қыздан жайлай, бар еді ұлдан шыны.  
Ойда-жокта өмірден өтіп кетті,  
Шөбересі алтыншы туған жылы.

Қапылыста қақ жолда сүрінгендей,  
Өліміңе, Сапаржан, жүрмін сенбей.  
Саған ұқсас немерен жарқ еткенде,  
Селк етемін сен қайта тірілгендей.

Оқыс қаза адамды қинайды екен,  
Сұм ажалға мен сені қимай кетем.  
Өлеңменен ескерткіш орнатайын,  
Онсыз қайғым жүрекке сыймай кетер.

29.08.2009

## ҒАШЫҚ СЫРЫ

Тағдыр ісі – махаббат женгендігі,  
Қайран жүрек сол таңдал терген гүлі.  
Үнсіз құшып, ұялшақ рахат тапса,  
Ол – арудың біржола сенгендігі.

Жан екенсің жаралған ерен-ғайып,  
Дей көрмеші ең ғажап дегенді айып.  
Бота көзін мөлт етіп, бой балқытса,  
Сұлулыққа кетпей ме әлем байып?!

Мауқын басып қос жүрек бірлескені,  
Қас қағымдай сәт еken тұн кешкені.  
Мың дастанға сыйғызу мүмкін емсс,  
Ләzzат алған жан тойын бір кешітегі.

Құс айналған секілді қара суды,  
Тіл білмейді ернінен адасуды.  
Ақ төсекте жатыр ғой ақ келіншек,  
Тентек жүрек қайтадан аласұрды.

## **ЖАҢА ДЕРЕК**

Кеш келудің сұрағанда себебін,  
Жиналыс қой  
Ең қуатты дерегім,  
Осы жолы бәйбішем де танытты,  
Саясатқа иманшарттай зерегін.

— Жалған айтпа, — деді, — бекер абдырып,  
Партияң жоқ. Жиналысың сандырақ. —  
Сасқанымнан дерек тауып тезірек:  
— Митингілеп келдім, — дедім, — қалжырап.

## **АУРУХАНАДА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ**

Сұқтанып, тағдыр, тарынба,  
Аулаққа құлаш сермеймін.  
Шалқыған шабыт барында,  
Ажалға тізгін бермеймін.

Сертім бар дауыл, ақ боран,  
Толқынды бөгет санамас.  
Ұмтылсам алға дос-жаран  
Түнделіп жерге қарамас.

Іздегенге таяныш,  
Болуга жастай батылмын.  
Жорықта етпес аяныш,  
Мінезі қонған ақынның.

Түйілме, ажал, сен сырттан,  
Аз бол тұр парызың ақталған.  
Айырма ерте ел-жүрттан,  
Дер кезім еді бапталған.

### ҚАБАҚТАР БІР-БІРІНЕ ШЫТЫЛМАСЫН

Жүргегім сөнбей тұрған нұр тілейді,  
Болғанда түн ортасы құн тілейді.  
Сағынып ақ жаңбырды қектемдегі,  
Кекірегім өз-өзінен күркірейді.

Болғаным сонда менің кімге құмар?  
Қантарда қарпылмайтын гүлге құмар.  
Қызығы басылмайтын жырға ғашық,  
Ғасырлар тындай берер күйге құмар.

Махаббат ғадауаттан ұтылмасын,  
Тал түсте аспанда құн тұтылмасын.  
Тілегін тірліктегі тілегім сол,  
Қабактар бір-біріне шытылмасын.

## ЕЛ ТОЙЫНА СЕП БОЛАР

Жұбайы ұл тапса да,  
Қыраны тұлкі қақса да,  
Той жасайды қазағым,  
Жалғыз атын сатса да.

Бәйгесін күтсе өріміз,  
Әндептің жатса төріміз.  
Той дегенің – қашанда  
Театрланған көрініс.

Акымақ айтар бергенін,  
Ақылды айтар көргенін.  
Өлеңге қостым тойларда,  
Жүректің екшеп тергенін.

Мактанишақ айтар өз басын,  
Зерлі адам айтар жолдасын.  
Қызыштай қорып шындықты,  
Кеншідей тердім қорғасын.

Сұлу сөз жинап жүйелі,  
Іздегіш дәстүр киелі.  
Асабаның алғырын,  
Алқа той тойлап, сүйеді.

Қағытпа сөздер шөкітер,  
Дегізбес бекер төкті тер.  
Бәрі де ұлттың өрісті,  
Таспалап өріп бекітер.

Жүйріктер талай жетілді,  
Дүлдүлдер бар ғой не түрлі.  
Әрбір той маған ой салды,  
Жап-жана кітап секілді.

Көргенді жаздым көз тояр,  
Ұғынсын ұрпақ оқ жонар.  
Үйдегі тойлар жақсы өтсе,  
Ел тойына сеп болар.

08.04.2001

## БӘЙКЕН АҒА, БАҚҰЛ БОЛ!

Таймаған ел мүддесі тапшы жолдан,  
Мейірбан кәрі-жасқа жақсы қорған.  
Сүм ажал Елabyзын алып кетті,  
Он төрт жыл Үкіметке басшы болған.

Өмірі – аныз-дастан, кілең курсес,  
Бірге өтті Димекенмен үзенгілес.  
Тоқсанды еңсерсе де топтан қалмай,  
Егемен елге қосты үлкен үлес.

Қырандай Алатауда самғайтұғын,  
Жан еді-ау тер төгілткен алмай тыным.  
Әкетті тоқсан үште Бәйкенді де,  
Қара жер қанша жұтса тоймайтұғын.

Мықты еді, түсті тағдыр шалғысына,  
Жетті ажал Бақыт атты жан құсына.  
Қырық құн өтпей жатып оқыс кетті,  
Шыдамай жан жарының қайғысына.

Көкшетау жоғалтқандай сандал керін,  
Байтақ ел ұмытар ма абзал ерін?!  
Бақұл бол, туған елің бақұл саған,  
Жан аға, торқа болсын жатқан жерін.

05.02.2010

## «ЖҰМБАҚ ЖАЛАУ»

Мол болатын кен жүрекке сыйғаны,  
Сол болатын – тілі, діні, иманы.  
Ел мен жердің айтты бейнет-зейнетін,  
Сәбит аға том-том етіп жиғаны.

Аласапыран күндерде ой тотыққан,  
Елеңдедік, көп тебірендік толқып қан.  
Сәбен еді  
«Жұмбақ жалау» желбіреп,  
Бар қазаққа қалың роман оқытқан.

Асаяу тайдың терін ерте тәкпек пе,  
Інісіне жанашурылых етпек пе?  
Сәбит жазған «латыншаны» үйретті  
Ермек тәтем бармай жатып мектепке.

«Жұмбақ» сырын өз таңдайым тата ма,  
Рахмет айтам көп оқытқан атама.  
Есен жұрсем жер бетінде  
Жарыдым  
Сол күндерде талай алғыс-батаға.

Оқып бердім салқын үйде неше қыс,  
Тұтін жұттым отбасында неше күз.  
Ұшқыр жерін жатқа айтып тамсантсам,  
Жарты кәмпіт сыйлаушы еді шешеміз.

Тап осылай ашқан ұлттың санасын,  
Сәбит аға тарлан еді жаны асыл.  
Атам, әжем  
«Жұмбақ жалау» сырымен  
Толтыратын бес намаздың арасын.

Алдымызда басталардай бір тойы,  
Қарт атамның жақсылықта жүрді ойы.  
Оқытатын сыйлы қонақ келгенде,  
Шайы қорек,  
Бір мызғу жоқ тұн бойы.

Сәбен шеккен білдік «Өмір мектебін»,  
Көкіректерге қектеп пісер екті егін.  
Байқап жүрдім  
Жаным ашып біргүрлі,  
«Жұмбақ жалау» «Ботагөз» бол кеткенін.

«Адасқандар» Алматыда жүргендей,  
Мың толғандым көргеніме бір сенбей.  
Елестейтін Ботагөз бен Асқар да,  
«Оқжетпеске» жаңа жалау ілгендей.

Қызыл ала шарпып өтсе жолды алау,  
Қиянат қой сөз кисынан қолдамау.  
Құдай салған дана Сәбит аузына,  
Шын мәнінде жұмбақ екен сол жалау.

29.02.2000

## ҰЛЫЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

*Жер астына қашып кірдім нағандардан,  
Әлкім ашып, дұға тілен, мірдандардан.  
Кожа Ахмет Иессауи*

Өту қын бұл фәниден жасқанбай,  
Еш кінәсіз тиер басқа тас қандай?  
Қожа Ахмет Иессауи де аттанды,  
Топастардан жер астына қашқандай.

Мақтан етер алты Алашым ту қылып,  
Сан арыстар кешті сүмдүк, мың бүлік.  
Мағжан аға, Сәкен, Ілияс, Бейімбет  
Окка үшты ыза-кееке булығып.

О, заман-ай! Ала қолды пәлен де,  
Перде жапты көз бояғыш мәнерге.  
Токтата алмай жарылысын жүректін,  
Кең жалғанға сыймай кетті Сәбен де.

Талмаураса ақ қағазға түйіліп,  
Жан баураған жыр гауһары үйіліп;  
Тірі жанға еш жамандық тілемес  
Мұқағали өтті өмірден күйініп.

Сергек денем осындайдан сұыған,  
Тебіренемін өлең өртеп, буып ән.  
Тым тарылтқан ұлылардың тағдырын  
Сұм жалғанның сырын қалай ұғынам?

2.03.2000

## АРЫСТАРДЫ ЕЛ АНСАЙДЫ ҚАШАНДА

*Әр заманға керек екен бір Сәбит.  
Мұзатар Әлімбаев*

Сөз маржаны жасай білмес шұбалан,  
Тауып кетті-ау айттар жерін Мұзатам.  
Сәбен жайлы жарым ырым кездессе,  
Алғыс айтып, құшақ жайып құп алам.

Наркомдарды мінбелерден сокқанда,  
Өткір еді-ау үшкыр сөзі октан да.

Жалтақтамай  
Қара қылды қақ жарса,  
Брежневтер келуші еді тоқтамға.

Біз кайтпаймыз жаңа қарқын жолынан,  
Әттен, бұлтак, бүраланға жолығам.  
Тап сондайда айтылмай жүр ашық сөз,  
Бұл күнде де бір Сәбиттің жоғынан.

Туған елім тың асудан асарда,  
Сәбит мінез,  
Кайда кеттің, бас алға.  
Шын жүректен қолғабысын тигізер,  
Арыстарды ел аңсайды қашанда.

26.04.2000

## ТАУМЕН ЖАЗҒАН ШЕЖІРЕ

Тұсіне білсек Сәбит деген биқті,  
Туған елді ол ерекше сүйіпті.  
Көкшетаудың төбесінен қараса,  
Шежіре шертер қазақ жері сыйыпты.

Қыр мен Сырын бүгін дәлдеу тұсінем,  
Тани кетем тауларды тұр-тұсінен.  
Сәбен сөзін өлең етіп алып ем,  
Бала күнде «Жұмбак жалау» ішінен:

«Азат тауы жеткіншектей кекілді,  
Сырымбет тұр сырлыым сырлық секілді.  
Жыландыға бітті әсемдік не түрлі,  
Жалғызтауым жалғыз ұлдай жетілді.  
Бұқла жатыр көл шетінде семіріп,  
Имантау тұр екі иығы керіліп.

Ақан тауы тұла бойы серілік,  
Зеренді тұр ғашық назға беріліп,  
Оқжетпес тұр тастан текше өріліп.  
Торайғырым – Көкшетаудың тұстасы,  
Ерейментау – ерке киял ұстасы.  
Баян – туыс, қыз алысқан құдасы,  
Қарқаралы – аршасы көп мұрасы,  
Ақтау – бірге жауға шапқан андасы,  
Ортау – оның жаны жалғас қандасы,  
Жекебатыр – ел қорғаудың таңбасы.  
Ақшатауым койны қазына жетіліс,  
Бектау-Ата – жау өтпейтін бекініс.  
Ұлытауым – елдің ортақ ордасы,  
Қарататауым – ауыр қүнгі жолдасы,  
Алатауым – аға тауым салмақты,  
Алтай-Ата –барлық тауға ардақты...»

Міне, біздің тау шежіре қастерлі,  
Сәбен айтқан терен сырмен әстелді.  
Бәрінің де түбінде оның ізі бар,  
Жасағандай өз қолымен тас белгі.

Асыл аға! Мен де тауға зершімін,  
Кеткен де жоқ тектен-текке тер шығын.  
Жас шағымнан осынау таулар аңсатқан,  
Жезқазғандай ордасы бар кеншімін.

16.04.2000.  
Алматы

## СӘБЕҢНІҢ «ТАРҒЫЛ ДАУСЫ»

*Таныс үйге келдім, есік қақтым.  
Көп күттірмеді. Сәбенің көңке таныс  
тарғыл дауысы шықты.  
Сафуан Шаймерденов*

Осы ғой ойлагі шолуға  
Деректің керек желдісі.  
Өз дауысы болу да  
Мықтының айқын белгісі.

Ағаға бақыт сол шығар  
Інісін көрсе биіктен.  
Ініде бақыт мол шығар  
Ағаны қатты сүйінткен.

Ғақылын жисақ әлемнің,  
Ақылдың ұлken тауы – сын.  
Сафуан ағам Сәбенің  
Сактапты «тарғыл дауысын».

Әмбеге таныс ол дауыс,  
Кеменгер үні табынтықан.  
Сол еді-ау «тарғыл» жолбарыс,  
Талайды үні бағынтықан.

Куәлік берсе толғана,  
Жігіт деп үміт күттірер.  
«Тарғылдан» алған жолдама,  
АЗ емес «тарғыл» құштілер.

Арғымак туған арқырап,  
Сәбене ұқсас арыс көп.  
Аланда түр ғой жарқырап,  
Батырлық белгі барыс бол.

Ізгілік деген – кең ұғым,  
Жақсының жалғар ғұмырын.  
Осыдан ұқтый мен бүгін  
Сафуандықтың тұғырын.

## КИРЕШІЛЕР ӘН САЛІСА

*Аязға бетін жалатып,  
Арқасын желге қаратып,  
Кірешіге әнге басады.  
Сәбит Мұқанов*

Сәбит деген – өмірдің суретшісі,  
Сонда жатыр ақындық құдірет-күші.  
Кіре тартқан көп арба, өгіз аян,  
Ұмытылымас атамның ізетті ісі.

Откен күндер сан қылыш белестері,  
Тамаша ғой өлең боп кенескені.  
Атамменен ауылдан Көкшетауға  
Кіре тартқан қүрен күз елестеді.

Эжеме нық дауысын төмендетіп,  
Отыратын қарт атам өлеңдетіп.  
Көне тарих кететін шалғайына,  
«Жүсіл пенен Зылиха» елендетіп.

Кей киссаның көтерсе женіл шетін,  
Қыза-қыза жаңбырдай себілетін.  
Қарт Қожақ боп,  
Салт атпен жарқ еткендей,  
Кейде ашы әуен ырғағы төгілетін.

Күзгі шуақ қызартып екі бетін,  
Өзге өмірді есінен кетіретін.  
Мен божыны отырса мыйқты ұстап,  
Бір құшақтап көңілі жетілетін.

Kіре десе атама сиынамын,  
Мен де бірге барам деп қыламын.  
Ерке жиен едім ғой,  
Көш түзелсе,  
Өлең айт деп атама бұйырамын.

Сыйлап өттім ән-күйге бөлегенді,  
Жақсы жырды көкірек тере берді.  
Кірешінің күзгі әні тебірентіп,  
Жастай сүйдім кіл таза мен өлеңді.

Астық тартқан күндерде қала жаққа  
Атам әні берешек, алашақ та.  
Немереме үйретіп мен де келем,  
Сол өлеңдер жетсін деп болашаққа.

## КӨКШЕДЕ ТУҒАН СУРЕТ

Демалып тақау жүргендік,  
Шақырды ғажап шеруге.  
«Оқжетпеске» біз келдік,  
Сәбене сәлем беруге.

Ұлым, қызым, бәйбішем,  
Әзірледік дәм-тұзды.  
Атына құрмет сай түсер,  
Салтанат жасар сән қызды.

Ауылым жақын нәрлі етіп,  
Қозының сойдық марқасын.  
Дастархан қызды, әндептіп  
Балқыттық Көкше әр тасын.

Қолпаштап жүрген жолдас боп,  
Кеншілік берген жасымда,  
Көп балалы Жолдасбек  
Сол күні жүрді қасымда.

Сұрады Сәбен құйініп,  
— Бәрі де сенің балаң ба? —  
— Иә, — дедім бүйірып,  
Біткендей «кулық» маған да.

— Құтты болсын, қарағым,  
Келінді алтын құрметте.  
Ішімнен ғана санадым,  
Түсейік, — деді, — суретке.

Сәтті болды бәрі де,  
«Тапқырлығым» ақталды.  
Фотосурет әлі де  
Дін аман үйде сақталды.

Сол балалар бұл күнде  
Үй-жайлы боп түледі.  
Мақтанып қосып нұрлы үнге,  
«Өтірігіме» құледі.

08.03.2000

## КЕНШІЛЕРДІ ЖЫР ЕТКЕН

*Сонша еңбекпен алғаның,  
Тонна тастан бір мысқал.  
Біліп баға-салмағын,  
Қымбатты көріп ел үстар.  
Сәбит Мұқанов*

Шын ақынның жаны үйір арпалысқа,  
Тұған елде ол ортақ бар табысқа.  
Жолбарыстай жұлқынған кенші күндер,  
Сәбендерден қалмапты-ау қалтарыста.

Алтын қазған мактасақ ер жігітті,  
Тау қатпарын мандайда тер жібітті.  
«Тонна тастан бір мысқал» ілінерін,  
Мамандармен майталман тең біліпті.

Еске түсті кен кеулеп терлегенім,  
Тасытып ем Жезқазған елге кенін.  
Бала күнде оқыдым  
Сәбит аға  
Алтынға бай алқапты зерлегенін.

Тағы да оқып құмарым тарқады шын,  
Текке кетті демеспін шалқар қүшім.  
Бір көргенін өзіндей дәл түсірген,  
Кеменгерді, жас кениші, байқаймысын?

Жырлай-жырлай ол өтсе бір ғасырды,  
«Кұдық қазған инемен» білді асылды.  
Ел күндайтын еңбегін өлең болды,  
Мен мактаймын ескі дос, құрдасымды.

Жер тенсeltken өр тұлға, ерен ісін,  
Көзбен көрген дананың дерегі шын.  
Бір көшесін кеншілер арнаса екен,  
Мұқановтың сол мықты өлеңі үшін.

## ШЫНДЫҚ СЫРЫ

Ел Сәбитті атаса тарланым деп,  
Жәрдем тілеп алдына барғаны көп.  
Жаны мырза жаралған мінезі үшін  
Бір ескерткіш тұрады арнағым кеп.

Қара бастың ол қамын ойламады,  
Куанышын асыра тойламады.  
Кейіпкері күріш пен тары өсіріп,  
Бидай егіп, ауылда қой бағады.

Әділдіктің әйгілі шың қорғаны,  
Откір сөзбен саяси тілді орданы.  
Бар жазығы – шындықты тұра сілтеп,  
Қасіретімен халықтың бір болғаны.

Ол шошытса тигендей тасы қатты,  
«Дөкейлердің» қатесін бадырайтты.  
Көзге құлу дегенді білмеуші еді,  
Сөзде тұру дегенді басым айтты.

Бой ұрғызыса жалтармас ол егеске,  
Сын көтермес кер заман кезі емес пе,  
Шымбайына батқандар арнап бақты,  
Өнерлерін «купия ерегеске».

Ниеттерін жария етпегені,  
Тік кетуге ел-жүрттан сескенеді.  
Көп ақықат жасырын жатса тынып,  
Адалдықтың сол күнде жетпегені.

## СӘБИТ АҒА КІМ ДЕСЕҢ...

### *Бірінші олең*

Батыр көсем  
Күшпен жауын табынтықан,  
Ақын көсем  
Әділдігін таныттықан.  
Сәбит аға сондай еді-ау әмбебап,  
Дара туған қарапайым халықтан.

Жыры – азық ой саларлық сезімге,  
Сыры нәзік терең ойлы сөзінде.  
Аға тұтты елдегі бар қаламгер,  
Шын кеменғер көш бастаған кезінде.

«Адасқандар» елеңдегетті ел ішін,  
«Жұмбақ жалау» жеделдегетті желісін.  
«Шоқанымен» биіктеді шоқтығы,  
Өлең-бақша тәкті алуан жемісін.

Әділдігін батылдығы баптапты,  
Құлан атса қасынуын нақ тапты.  
Атақ-данқы Айға жеткен күндерде,  
Үкілі Ыбырай бабамызды актатты.

Откір тілі бас жармады, тас жарды,  
Жан-жүргін әділет жолы басқарды.  
Арыстарды «халық жауы» деп сөккен,  
Ақтау жолы Сәбендерден басталды.

Үкілі Ыбырай ауылның ұлымын,  
Қамығып ем өспей тұрып тұлымым.  
Анам маған ақ сүтімен дарытты,  
«Гәккулеткен» ән мектебі ғылымын.

Сәбит аға! Алғысымды үйемін,  
Әз бейненді көкірегіме түйемін.  
Үкілі бабам қайта оралса қазаққа,  
Есімінді өз балаңдай сүйемін.

### *Екінші өлең*

«Сұлушашы» көңілімді күйлі еткен,  
«Балуан Шолақ» қайтпа деді бір беттен.  
Сәбит сөзі  
Бармай жатып мектепке,  
Роман оқып, қазақ тілін үйреткен.

«Жұмбақ жалау», санамда от тұтаттын,  
Көркем сөзге жаным ынтық, құт арттын.  
Оқи-оқи атам менен әжеме,  
Жаттап алдым талай жерін кітаптын.

Қыршын күнде қан қыздырып денемді,  
Қозғау салды ұқтырып кей беленді.  
«Малды құртты», — деп ызамен бокттайтын  
Атам сонда Голощекин дегенді.

Сәбен сөзін дәмді сүрдей сақтайтын,  
Қастерлейтін әманда бір тақпай сын.  
Ұрыс берген дұрыс қарап қазаққа,  
«Мырзажан» деп Мирзоянды мактайтын.

Көрші досы ұзақ кенес құрайтын,  
Сәбен де оған,  
Роман да ұнайтын.  
— Бәрі де жөн, жұмбағы не жалаудын? —  
Деп сыйырлап,  
Сәл жыбырлап сұрайтын.

Атам сонда дейтін:  
— Сыры көнілдін,  
Ауылнайға сен де жұмбақ көріндін.  
«Мен бір жұмбақ адаммын» деп өтсе Абай,  
Өзін емес, ашты сырын өмірдін.

Көкшетаудың көк мұнарын ұқтың ба,  
Көз арбаған жұмбақ-тұман тұттың ба?  
Әне, сондай бәрі жұмбақ жалғанның,  
Жолы жұмбақ келер жұт пен құттың да.

Тұрпі тілден сұрқын бұзар қымбатты ой,  
Шындығым сол, шыр бұздырмай тыңдал қой.  
Өз досың да әсіре мақтап көзінше,  
Қызыбалактап сырттан жатса жұмбақ қой...

Осылай үқ менің жауап кәдемді,  
Жұмбақ жайлап тұр ғой барша әлемді.  
Ашық айтқан жалауды үқ «жұмбақ» деп, —  
Дана деп үқ сыры терең Сәбенді —

Санамды ашса аталы сөз құндағы,  
Құлын едім —  
Хас тұлпардың жүрнағы.  
Ойға салсақ — бүгін ғана ашылды,  
Бодан күндер тіккен жалау жұмбағы.

Ағыны зор Сәбит алған қарқынның,  
Тұптен тартқыш мақтан етпес салтын кім?  
Ол — Құлагер ерте шауып, кеште озған,  
Тұлы тұлға, кеменгері халқымның.

Абайды айтсақ еске аламыз Мұхтарды,  
Шоқанды айтсақ Сәбит бірге жұпталды.  
Абылай десен Мағжан аға елестер,  
Осылармен ұлттық іргем мықталды.

Міне, достым,  
Нар қазакты кім десен,  
Сыры – мұхит, терең зерле, білмесен.  
Мен Сәбенді сөз етерде өу бастан,  
Өз атамның аруағымен тілдесем.

16.04.2000.

Алматы

## СӨЗДЕРДІҢ ӨЗІ СӨЙЛЕЙДІ

Теренде сөздің жақұты,  
Түсердей алу қынға.  
Адамның ол бақыты,  
Жататын балқып миында.

Қызыл тіл қыздай салтын сез,  
Күлшынар икем шақ бойға.  
Біле де білсем алтын сөз,  
Оралар айқын жақсы ойға.

Ұға да білсек зер салып,  
Сөз – үнінде күйлердің.  
Қойғандай айқын мен салып,  
Сөз – тілінде билердің.

Сөздіктерде әзір деп,  
Бекерше іздеп жатасың.  
Сөз конады қадірлеп,  
Сыйласаң арғы атасын.

Межешам етіп жаққандай,  
Кек тұманда өрлейді.  
Рәбиға апай айтқандай,  
«Сөздерді өзі сөйлейді».

Ну орман етті жайқалтып,  
Абайым тілдің негізін.  
Алмайықшы шайқалтып,  
Мұхтар-сөз шалқар теңізін.

Жолықсам қауіп-қатерге,  
Мағжанда жатыр керегім.  
Махабbat жеңсе Сәкенге  
«Тау ішінде» еремін.

Сексен көлге қарауды  
Сағынсам шабыт тұтанып,  
«Оқжетпеске» жалауды  
Іледі Сәбит Мұқанов.

Боз інгенді боздатсам,  
Әбішті іздеп кетемін.  
Аралдың назын қозғалтсам,  
Әбдіжәмілге жетемін.

Игерсем сөздің төресін,  
Көңілдің төрін күйлі етті.  
Кеншілік тіл өресін  
Кен қазған күндер үйретті.

Сұрапылды дауылдан  
Тік өтсем саспай бүгін де,  
Момышұлы Бауыржан  
Сейлейді соғыс тілінде.

Жер-су, андар атауын  
Ілияс ағам үйретті.  
Мұнаралардың қатарын  
Төлеген інім өрлетті.

Үйенкі сүйгіш зеренге  
Күйенкі жүқпас қашанда.  
Сөз алдым, сәулем, сенен де  
Махаббат тілін ашарда.

Өз анам сөздің тәркінін  
Ақ сүтімен дарытты.  
Намыскер күннің өр тілін  
Үкілі бабам танытты.

Атасам сөздің иесін,  
Таптым ғой тетік тілден де.  
Киесі мен жүйесін  
Сөз сөйлейді білгенге.

## МҰХТАР МЕН СӘБИТ

Мұханды айтсақ, Сәбен еске келеді,  
Сәбенді айтсақ, Мұхан кенес береді.  
Ұлттың рухын қос кеменгер көтеріп,  
Тереземді озық елмен тенеді.

Әсем әзіл олар жайлы көп мейлі,  
Естіген жан ерсі көріп сөкпейді.  
Көркем сөздің жасап алтын дәуірін,  
Отті екеуі десем тарих жөптейді.

Кейбіреулер үрлеп қойып сөз желін,  
Үкім жасар сайлап сиқыр безбенін.  
Дау-дамайға мінгестіріп кетеді  
Мінбелерден айтқан жарыс сөздерін.

Ауыл аулақ Алматыда «пыш-пыштан»,  
Менің де жоқ осындайға ішкүстам.  
Тіл тигізу қос қыранға жараспас,  
Арпалыста Айға ұмтылып бірге ұшқан.

Дұлдұлдердің барлап алтын іздерін,  
Арнай алсақ жырдың айқын тізбегін;  
Таршылықтағы тайталасқа малтықпай,  
Жақсылықтарын келе берер іздегім.

Екеуі де өтті талай қысымнан,  
Екеуін де күндер болды ысырған.  
Сәбен еді даралығын Мұханның  
Марапаттап зор атаққа ұсынған.

Бірі – Алатау, бірі – Қаратаяымдай,  
Әр күндері өтті тынбас дауылдай.  
Сәбенде де Мұхтар аға сыйлады,  
Бір майданда білек қосқан бауырдай.

Дұлдұлдердей тізгіндесіп жарысқан,  
Бейнелерін елестетсем ғарыштан  
Екі саңлақ көрінеді көзіме  
Қос жүлдиздай кең аспанда табысқан.

Екі мұхит толқын жалғап тасыды,  
Терендерден терген шексіз асылды.  
Мұхтар, Сәбит мұрасымен көрікті,  
Қазактардың жиырмасыншы ғасыры.

## КӨКТЕМ КЕЛДІ

*Бұлақ ақсын, бұлақ қақсын тауларды,  
Сағым бөлеп, бір буылдыр бассын нұр.  
Сәбит Мұқанов*

Күн қыздырып, сәуірлі көктем келді,  
Көкшіл кілем жасартты бөктерлерді.  
Күркे талға көп қарап мен де отырмын,  
Көргім келіп сені алғаш өпкен жерді.

Көзін ашты көк терек бүршік жарған,  
Сайда естілді сандуғаш ұн шығарған.  
Ақ қайың тұр әжемдей: «Бұзау емді,  
Қайда ғана кеттің?» — деп тыншымды алған.

Құлын қашса шұрқырап қайырылмай,  
Жалтармадым жаупқа дайын құлдай.  
Қозы-лақ жамырап, шуласа да,  
Мен тұруши ем өзінен айырылмай.

Көрсөн, шіркін, көкпенбек көк пен көлді,  
Елестетер баяғы көктемдерді.  
Өзің бе деп өзеуреп жалт қарадым,  
Ақ самайдан бір сипап өткен желді.

Көксемейді көктемде сезім нені,  
Тарта берді ғажапқа көз ілгері.  
Кең төскейде Айыртау бұлқынып тұр,  
Қос анардай балдырган төсіндегі.

Су шетінде малышынған ақ шуаққа,  
Жаутаң қағып қараймын жас құракқа.  
Баяғыдай сзылып суга келші,  
Ат шалдырып өтейін ақ бұлакқа.

03.03.2000.  
*Астана – Алматы*

## СӘБИТ – ҚАЗАҚ БАЛЬЗАГІ

*Сәбенәді үрпақтар ұмытпақ емес.  
Бұл – қазақ Бальзагі.  
Мұқагали Мақатаев*

Ауыр күндер өткеннен соң кездестік,  
Ашық сырды  
Ұқты өткен жел де есіп.

Мұқағали Сәбенді үлкен сөз етті,  
Арамызда жүрмеуші еді сенбестік.

— Қайтыс болды он сегізінші сәуірде,  
Қарайлады құрдасына дәуір де, —  
Деп бастады алғыр ақын айтарын,  
Қымастық бар  
Әр сөзінде, әр үнде.

— Жиырма екінші сәуір күні қоштастық,  
Мың-мың ғұлшоқ,  
Халық сансыз, көп бастық.  
Кенейгендей тар жолдары Кенсайдын,  
Табиғатпен мұң бөлісіп достастық.

Сарыарқаны әрең жеткен сан қырдан  
Жел құтқарды  
Тым жылауық жаңбырдан.  
Қаралы қүй жан-жүректі жайлады,  
Орман-тоғай дауыс қосты жанғырған.

Баки жолын бастап кетті ол енді,  
Топырақ салдық басып талай еленді.  
Кей «дәкейлер» мұқатқанмен  
Мұқанов  
Мұқалмластай зор құрметке бөленді.

Батыр тұлға естен кетпес нұр жүзі,  
Қалды артында сөздің нәркес құндызы.  
Ол төсіне жұлдыз тақпай кетсе де,  
Болды өзі барша қазақ жұлдызы.

Қоштасарда Мәскеу сөзін мөрледі,  
Өзбек достым өз тілінде шерлі еді.  
Сафаров та аталы сөз арнаса,  
Біздің Ғабен тым сыпайы сөйледі.

Уақыт солай...  
Ол да тұрды-ау қамығып,  
Жатты Сәбен тірлік сырын жаны ұғып.  
Үлкен жүрек құрт ұзілсе шаршаган,  
Тірілерге тіреледі бар үміт.

Мұң шайқалтып,  
Кетірсө бар бабымды,  
Пыш-пыштаған жігіттер де табылды.  
Кермелеген «Бақастық пен топастық»,  
Өрмелеген кештім бұлдыр сағымды.

Не десе де о дей берсін пакырлар,  
«Сәбит – ұлкен дүние» деуге хақым бар.  
Нар тұлғамен қош айтысты нөпір жүрт,  
Тап осылай аттанады-ау асылдар.

Азаматтық ар-намыстың занғары,  
Ұлтжандылық ұлылығы бар тағы.  
Шежіресі жиырмасыншы ғасырдың,  
Қазынасы мол  
Сәбит – қазақ Бальзагі. –

Осы сөзі қалай бойға тарамас,  
Тындал тұрған секілденді бар Алаш.  
Қос жанары жарқ еткенде  
Алатау  
Төңкерілді ақша бұлттар аралас.

29.02.2000.  
*Алматы*

### **ЖЕБЕДІ СҰЛТАНМАХМУТ, ДИХАН, СЕҢІ**

Тоқсанға келдін, Дихан,  
Бәз қалпында.  
Тоқсан күз, тоқсан көктем қалды артында.

Думан-той құтты болсын!  
Сөз бергенде  
Тебіреніп тұрмын іште назды айтуға.

Сәбитім осынау жасқа жете алмады,  
Өзімен бірге кетті неше арманы...  
Мұхтармен катар жүрген нар еді ғой,  
О, тәубе! Алған атақ жетер бары.

Қалайша осындайда сағынбайын,  
Сағыну емес мұншыл сары уайым.  
Сәбитім сені коріп елестеп тұр,  
Айтар сөз, берер бата – бәрі дайын.

Асыл той, мол дастархан құтты болсын,  
Жыркұмар шапағатың жұртты шолсын.  
Хат алдың Президенттен құттықтаған,  
Жүзге жет, сүйенішің мықты болсын.

Ризамын,  
Ықлас-қылас бәрі ұнады,  
Ниеті еш пенденің тарылмады.  
Жебеді Мұхтар, Сәбит, Ғабит пенен  
Ғабиден арыстардың аруағы.

Жебеді Сұлтанмахмұт асыл аған,  
Биігін сол тірлікте тасқындаған.  
Абайдай атың көпке жете берсін,  
Жамбылдай сүйсін сені ғасыр, ғалам.

Дұлдылсің асымаган, тасымаган,  
Тойың да болды жайлау – жасыл алан.  
Көркейтіп төрімізді Бәйкен отыр,  
Димашпен үзенгілес асыл адам.

Бетімнен сүйсе Сәбит өңкендей бол,  
Шаттандым тәбем кокке жеткендей бол.  
Куандым тіреу бол деп ағаларын,  
Сендерді маған тастап кеткендей бол.

Алдымнан алыс күндер калықгады,  
Тұс емес, тап кешегі, анық бәрі.  
Жұз жылдық Сәбит тойы келе жатыр,  
**Арман сол**  
Көргім келсе жарықты әлі.

Халайық,  
Дихан, Бәйкен, сөз кеселік,  
Нұрланжан,  
Көсем болдын сен де есейіп.  
Сәбиттің туғанына ғасыр толып,  
Сол тойдың кызығында кездесейік.

30.01.1998

## МӘРИЯМ АПАЙ, МЫҚТЫ БОЛ!

Есілдің сыбдыр қақты қамыс-талы,  
Сәбенін дүние салды Арыстаны.  
Бір жұлдыз  
Таң алдында ағып жетті  
Кияда бір жұлдызға алыстағы.

Алысқан сүм ажалмен арыс жаны,  
Жұлдыздай сөне қалды, қарыспады.  
Сынығы алтын түяқ  
Той алдында  
Сызыктан қылдай кері қалыспады.

Сәуірдің күніренткен тұн тұндігін,  
Ойлады дейсін туар бұл күнлі кім?..

Қайырымсыз қаза келіп,  
Аза болдық  
Сәбеннің атар кезде жұз жылдығын.

Қайырын бұл қазаның тілеу керек,  
Бермейік, беу, ағайын, үрейге сеп.  
Шақырды-ау  
Үлкен ұлын осы жолы,  
Болғандай оған да үлкен сүйеу керек.

Арыстан алты перзент үлкені еді,  
Күмбезі зор әулеттің күркелі еді.  
Үш ұлды алған ажал дауылдатты  
Айдында мың шайқалтып бір кемені.

Қара жер мүмкін енді шөлі қанды,  
Екі қыз, бір ұл артта төлі қалды.  
Жылама, Мәриям апай,  
Сәбит ағам  
Екіге бар баласын бөліп алды.

Қалдырmas үмметіңмен сені зарлы,  
Ұмытпас Мұқановтай елі нарды.  
Мықты бол,  
Саған батқан зор қайғының  
Бар қазақ азын емес, көбін алды.

Тәубе де,  
Ортамызда жұрсің көппен,  
Аруақ та риза болар үнсіз жеткен.  
Сәбенің жүргінің лұпілі ғой  
Шатырды жаңбыр болып дүрсілдеткен.

Алатай тәжім етті жерге үніле,  
Көз сұртер Көкше желі келді, міне.

Сабыр ет,  
Той үстінде ойға салса,  
Бір Алла өзі әмірді бергеніне.

Келді үні көңіл айтқан жыл құсынын,  
Тік көтер қыындығын бұл қысымнын.  
Алдынан жарылқасын Арыстаннын,  
Топырағы торқа болсын тұңғышыннын.

18.04.2000.

*Алматы*

## СӘБИТ АҒА

Сәбитті айтсақ  
Есілдей кең көсіліп,  
Мадактасақ Алатаудай көсіліп;  
Мақтан етсек,  
Бәрі өзінің еңбегі,  
Өзін-өзі кетті ерекше өсіріп.

Толқып жатса  
«Сырдария» бір жолда,  
Шоқаны түр жарқыл қағып бір қолда.  
«Балуан Шолақ» сексен көлден қарсы алса,  
Жетісудан шыға келер Нұрмолда.

Айта білсек  
Сәбит сыры сан алуан,  
Ел күш алды жалындаған алаудан.  
Орыс шықса «шинелінен» Гогольдің,  
Барша қазақ шықтық «Жұмбақ жалаудан».

Мәңгі сөнбес  
Кең жүректің жарығы,  
Ол – телегей шексіз мұқит анығы.

Елу томдық еңбегі бар Сәбенді,  
Дер едім мен алыптардың албы.

Мұхтар, Сәбит – көркем сөздің көшіне  
Экелгендер мәнгі ортаймас несібе.  
Тенеу іздең қиналғанда түседі  
Пушкин және Лермонтов есіме.

Демесем де бар сырына машықпын,  
Сәбенді оқып өлеңге жол ашыптын.  
Беу, ағайын!  
Ақ жарылсам бұл тойда,  
Ботагөзге ес білгелі ғашықпын.

Сол бейнеде шын сұлупық мол еді,  
Жан мейірі бал ләzzатқа бөледі.  
Аққу құстай  
Асыл туған қызы-қиял  
Бір дәуірдің Қызы Жібегі сол еді.

Қызылжардың қызы, маған өрт салдың,  
Бір мені іздең  
Мәскеуге де кеп қалдың.  
Алғашқы рет, Мәриям, сені көргенде,  
Астапыралла!  
Ботагөз бе деп қалдым.

Мәриямдарды алғандарды жақтаймын,  
Бар жаһанда артық есім таптаймын.  
Мәриям апай,  
Жан серігі Сәбенің,  
Бәйбішемді сізге аттас деп мақтаймын.

Төрт ұл және екі қызды тапқанын,  
Ол бір тәбе – ұлы адамды баптадың.  
Токсанында он саусағын сүйріктей,  
Сәбит сүйген ажарынды сақтадың.

Жұзге жетсе Сәбендердей ойшылым,  
Бұл сіздің той,  
Бізге актарар мол сырын.  
Бұл – ұлы той,  
Тойы бүкіл қазақтың,  
Президенттің де, кеңінің де, қойшының.

Дүбірлетсе Есіл, Көкше, Алатау,  
Парижде де күтіп отыр зор атау.  
Тойлап жатыр  
Өз әлінше әр аймақ,  
Атап жатыр өз есімін әр отау.

Міне, солай мерейлі той селдеді,  
Көтеріп тұр бәрін ерен еңбегі.  
Алматыдан, Қызылжардан көш соған,  
Құтты болсын Сәбит тойы елдегі!  
Ұлы думан Сәбит туған жердегі!

## ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Есілге қонды акқу-қаз,  
Ақ қанат сылқым сусылдап.  
Жағада тұрып болдым мәз,  
Аңсаған әннен сусындал.

Айдынның беті жайнады,  
Естіліп ерке саңқылдар.  
Жүрекке жалау байлады  
Есілге қонған аққулар.

Толқытып құстар оралған,  
Құба тал кетті желбіреп.  
Оянды сезім жоғалған,  
Сағынған жүрек елжіреп.

Жанарың қонды жанарға,  
«Гәккуге» салса аққу-қаз.  
Өзіннен жеткен хабарға  
Жалғанды жаным айтып наз.

Карағай, қайың желпінді,  
Құстарға қарап анталап.  
Биледі менің еркімді  
Жер-көкке қоңған махаббат.

Ән туды еркін төгіліп,  
Тулады жүрек бір демде.  
Ажарың кетті көрініп,  
Аққуды аққу сүйгенде.

24.04.2000.  
*Кызылжар*

### **СӘКЕН АҒА ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА**

Кеменгер Сәкен аға, сәлемімді ал,  
Алдында бір тұруға жан едім зар.  
Отырсың кербез тұлғаң сүйсіндіріп,  
Қасында таңғажайып әлемін бар.

Астана Ақмола боп бүгін менің  
Тарқады бой жазылып, бүкіл шерім.  
«Ескерткіш Алматыда бүйірмады...»  
Деп қатты ойға түсіп жүруші едім.

Құтты көш келсе алыс Алатаудан,  
Аз емес алған асыл жана сауған.  
Ішімнен тәубе деймін  
Егемен ел  
Секілді бар назары саған ауған.

Кең сарай өз атында кітапхана,  
Үйін деп мұражайды ұқпақ сана.  
Отырсың ортасында екеуінің,  
Тың шабыт толқытқандай мықтап қана.

Бөлөнген байтақ елдің алғысына,  
Кенелдім келбетінде жан құсына.  
Егемен қазағымның қуанышы  
Мұртыңың ілініпті шалғысына.

Мұражай айтты ерен еккенінді,  
Қолжазбаң елестетті төкпе құнді.  
Сөреде «ТАР жол, тайғақ кешу» де бар,  
Жеткізген қанша шер-мұң шеккенінді.

Ұстаған өз қолынмен қызыл қалам,  
Тапсырды жас үрпаққа ізінді аман.  
Мерт болған Құлагердей сұлық жатыр,  
Айырса иесінен бұзық заман.

Кез болды-ау, сіз ұстаған көкте Құнді,  
Самғатты «Көкшетауың» өктем үнді.  
Еске алдық «Тау ішінде»  
Шырқап, толғап,  
Сағынып қызды ауылға жеткенінді.

Жадымда мәңгі өшпес жылу қалды,  
Жез қанат жезкиікшіл нұрым жанды.  
Әлемнің жеті түрлі ғаламаты  
Деп ұқтым сіз құмартқан сұлуларды.

Тұлкісін түгел ілген қыр ұстінің,  
Жөптеймін әр ісінің дұрыстығын.  
Өте алмас бір іскемей эйел заты,  
Әлі де бұрқырап тұр іссуын.

Мұражай әр дерегін үзбей төрдім,  
Рухы бізге ғибрат сіздей ердің.  
Сүйсініп суретіңе қарай-қарай,  
Өзінді бір көрсем дең іздей бердім.

05.04.2000.

*Астана*

## ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ҚҰЛАГЕРІ

*Қайрат Байбосыновқа*

Қайратжан, айналайын асыл інім,  
Жаңғырттың бар қазаққа ғасыр үнін.  
Акку-қаз айдын көлде санқылындей,  
Сұлу саз, әсем әннің ғашығымын.

Қырандай кос қанаты үдемелі,  
Даусыннан өріс тапты қыр өлеңі.  
Қалың ел есімінді білді, Қайрат,  
Басына бақыт құсы түнегелі.

Ән салсан жақындаиды аспан бері,  
Алатау токтай қалар акқан селі.  
Оянар шырт үйқыдан алғыс айтып,  
Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері.

Ой жатыр терең толғау мәнісінде,  
Сен айткан айналады ән мұсінге.  
Бір сипап қара мұртты бебеулетсөн,  
Елестер Сәкен ағам «Тау ішінде».

Домбыран ақ үкісін желкілдеткен,  
Тынысың «Сырғактыға» еркін жеткен.  
Шырқасан «Жамбас сипар», «Гәккулетіп»,  
Қыздардың қактың талай бөркін көктен.

Кең сарай әу дегенде селк етеді,  
Жан толқып, қам көнілден шер кетеді.  
Адамды жас баладай елжіретіп,  
Қоныр ән бал құндақта тербетеді.

Мергендей тапқан тәсіл тұлқі аулауын,  
Құлшынтың екі ішектен үн самғауын.  
Жүректі тесіл өткен асау ыргақ,  
Қойғызар құдашаның қиқандауын.

Сал-сері бабалардың мұрагері,  
Өзіңсің барша қазақ бұлан ері.  
Жетсін қызған сайын өршеленер,  
Әништік өнерінің Құлагері.

23.05.2000.

*Алматы*

## АЙНАЛАЙЫН БӘРІННЕҢ!

*Мәриям апайдың СҚМУ-де  
айтқан сөзі сарынымен*

Сәбит менің болса өмірлік серігім,  
О, туған ел! Ол – өзіңдің ер ұлың.  
Қайсар еді халқым десен қасқайып,  
Жалаулатқан көкейкесті өр үнін.

Қиналғанда кесіп беріп қон етін,  
Өзгелерден көш ілгері жететін.  
Қайырымдылық – қолында зор қаруы,  
Халқым десе есі шығып кететін.

Сырым көп қой жас үрпаққа ұғынтыпак,  
Айта берем қалдырмастың бір үнтак.  
Күш-қуатын маған тастап кеткендей,  
Үзілмейді көнілдегі суыртпак.

Кештік тағдыр шуағын да, мұнын да,  
Көрдік заман шөл даласын, шыңын да.  
Барымызда аспадық та, жоғында  
Сыр білдіріп саспадық біз ырымға.

Қырық жеті жыл ішінде алтын қосынын,  
Бірге естідік дүшпан зілін, дос үнін.  
Еш адамға бас имедік, бірақ та  
ГПУ десе жас баладай шошыдым.

Пәле-жала сүм сыйбысты ескеріп,  
Сәл саңылаудан сығалаушы ем сескеніп.  
Зәрем ұшса Сәбитті алып кетер деп,  
Ол құшақтап қойдыратын ес беріп.

Сексенін де, тоқсанын да өткіздім,  
Тәубе, тағдыр, жүзіне есен жеткіздін.  
Жанашырлық қажет екен оған да,  
Болмаса да шаңырак тойы тек біздін.

Әбділдәжан, асыл ұлы қырғыздын,  
Карт денемде ыстық жылу жүргіздін.  
Сәбен, шіркін, суюші еді елінді,  
Бауыр басқан егізіндей үш жүздін.

Алғыс айтам Қажымұрат ініме,  
Бісмілләдан Қызылжар басты іріге.  
Барып қайтам ауылдағы тойыңа,  
Тағым етем туған елмен біріге.

Нар тұлғалы Сәбит елдің ұлы ғой,  
Бақыттың сол – көрсеткенім тірі бой.  
Елбасына ең зор алғыс айтамын,  
Ықпалымен өтіп жатыр ұлы той.

Сөз бергенде келгені осы әлімнен,  
Бала десе боздамай ма ақ інген?!

СҚМУ бүгін тойлап жатыр, ризамын,  
Көп-көп раҳмет, айналайын бәріннен!

11.05.2000

## САҒЫНЫШ СЕЛІ

Рейхстагқа ту тіккен қазақ солдаты  
Адамзатқа ұлғі болар бар заты;  
Қошқарбаев Рахымжансыз азайды-ау  
Көп қызығын, сұлу қала Алматы.

Елге оралдым,  
Тұстім ойға не түрлі,  
Тыным бермес көп өкініш жетілді.  
Сыrbайы жоқ Алматыға сыймаймын,  
Ебінейі жоқ Қарағанды секілді.

Айта берсем қаусап қалған хал-жайды,  
Сағыныш селі ет жүректі жаулайды.  
Жолдасбексіз, Балғабайсыз, Серіксіз,  
Жезқазған да жау шапқаннан аумайды.

Сең соқты ма біздің асыл қатарды,  
Беу, Сарыарқа! Жеткіз дүға-батамды.  
Жәйрем жетім қалыпты ғой Садықсыз,  
Бір алапат жұт соққандай жапанды.

Жүргімді кім емдейді дәрілеп,  
Ордабайдай сағынарым әлі көп.  
Қойшыманов Ақан қайда десенші,  
Ерте кетті-ау дүлдүл әнші Жәнібек.

Есіне алмас сексен көлдің қай құсы,  
Мәлік аға мың мактауға сай кісі.  
Көкен кетіп көп күрсінні Көкшетау,  
Аз болғандай ақын Мұса қайғысы.

07.04.2000.

*Кокшетау*

### **ЖАСА, ЕЛІМ, МӘРКЕНДІ АРДАҚТАҒАН**

Манғаз еді ел-жүрттын кен ойлаған,  
Сарбаз еді ауылым сені ойлаған.  
Алпыс жасын тойласан,  
Туған елім,  
Алатаяға жеткізді желі ойнаған.

Нар еді ғой молайтқан ырысынды,  
Көрген жанға ақжарқын нұры сінді.  
Мектебіне есімі беріліпті,  
Құттықтаймын,  
Құптаймын бұл ісінді.

Шаттық селін жеткізді атар таңым,  
Көп толқыған көнілді тазартамын.  
Ахметбеков көшесі атаныпты,  
Маңдайына жазғандай Сарыарқанын.

Орындалды ойдағы асыл мұрат,  
Тілеп едік алыстан ақыл құрап.  
Құт әкелген солтүстік өніріне,  
Алғысымды ал, жана әкім Қажымұрат.

Іс тыныпты мәнерлі мәнісімен,  
Келісіп тұр берісі-әрісімен.  
Ата-баба аруағы қолдап жүрер,  
Бүкіл елдің санассаң намысымен.

Күлім қақты екі көз молдірекен,  
Желбіреді ақ шашым селдірекен.  
Жан толқыды жетпіске тақағанда,  
Ағындағы ағаннан мөлдір өлең.

Хабар жетсе шарқ ұрып жан-жақтардан,  
Ойым осы, ағайын, салмақтаған.  
Ұмытылмас ер жігіт елі барда,  
Ел тозбайды арысын ардақтаған.

25.04.2000.

Қызылжар

## ОЛ ЕКІНІҢ БІРІ ЕДІ

*Жұз жылдығы жақсы өтсে,  
Мың жылдығы кем өтпес.  
Темірхан Медетбеков*

Сәбит аға тектірек қой тектіден,  
Мырза мейір, ойда барын төкті кең.  
Жұз жылдығы жетсе Париж төріне,  
Мың жылдығы кем өтпейді деп білем.

«Жұмбак жалау» құт-ырысын мен көрдім,  
«Адасқандар» алғы шебін менгердім.  
Бір дәуірдің бастаушысы Сәбенді  
Әлемдегі алыптармен тең көрдім.

Алда жүрер тірілерден тірірек,  
Кім айтпайды Сәбитті аскан ірі деп?!  
Ұлан-ғайыр романдарын бағалап,  
Мен айтамын ол – екінің бірі деп.

16.04.2000

## **СӘУІРДЕГІ КӨКШЕТАУ**

Көкшетауды аңсап келіп тапқандай,  
Ақша бұлттар ағындейды ақ маңдай.  
Елестейді пейіштегі Құлагер  
Тау үстімен шауып бара жатқандай.

Ақша бұлттар — желбіреген ақ тулар  
Алып келген  
Айналамда шалқу бар.  
«Гәккулеткен» дәуір туды сәуірде,  
Сексен көлге қонып жатыр ақкулар.

Бұлттар келсе басылады тау мұны,  
Ақ жанбырдың ақ күмістей жауды үні.  
Көзге оралды  
Жеңіс күнгі ауылда  
Жан анамның шашу шашқан жаулығы.

Ақша бұлттар тау үстінде аунаған,  
Көктем дертін алып келді сау маған.  
Қырқа бойлап бара жатыр қызғалдақ,  
Қызыл көйлек киген қыздан аумаған...

## **ШАЛҚЫМА**

Тамаша күндер не деген,  
Айтартық шаттық құштық деп;  
Періштем болса жебеген,  
Айтартмын биік ұштық деп.

Арманым — биік аскарым,  
Ұлғайтқан дәуір санасын.  
Әдиям — алтын дастаным,  
Ақ құсым менің — Данашым.

Білемін, мәңгі тұрмаймын,  
Жарысқа намыс қайрады.  
Шарықтап, шалқып жырлаймын,  
Желбіреп жүрек байрағы.

Көрінсе кейде күн келте,  
Жыр төгем қалар жатталып.  
Ата-анам кетсе тым ерте,  
Қазық боп қалдым сақталып.

Ұл-қызым – мерей-мерекем,  
Көнілді қалай өсірмес?!  
Немерелерім – берекем,  
Атымды менің өшірмес.

03.05.2000.  
*Жезқазған*

## ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ МЫҚТЫСЫ

*Қаттай Кеншімбаевқа*

Қаттай деген – Қызылжарда нық кісі,  
Ол – елде бар сушылардың мықтысы.  
Қайсар жігіт Мағжан аға секілді,  
Аумай туған қос жанары, тұр-тұсі.

Көпшіл, сепшіл топқа кірер ұраны,  
Бұл жігіт те Сарытомар ұланы.  
Есіл сүйн ен далаға жеткізген,  
Дәлдеу айтсам: Сарыарқаның қыраны.

Су бар жерде берекенді кім ұрлар,  
Су бар жерде – ну бар, тасқын ғұмыр бар.  
Кім екенін бұл жігіттің пащ етер,  
Шартарапқа су тасыған құбырлар.

Егістерде, шалғындарда, бақтарда,  
Құн күйдіріп, шілде қызған шактарда;  
Әр тамшыдан көрінеді бейнесі,  
Су сепкіштер қәусар бүркіп жатқанда.

Айта білсек берер нешік баға көп,  
Таң-тамаша талай ісін табар ек.  
Мен сыйлаймын  
Сонау... қыын кездерде  
Ауылымды жөндеп берген аға деп.

Рахмет айтты ағайлар мен женгейлер,  
Аз емес кой алғысы көп мендейлер.  
Каттай аға, құтты болсын жетпісін,  
Сексеннін де сенгіріне өрлей бер.

Шымыр бойлы, ширақ біткен алмассын,  
Жұлдызға да аспандағы жармастын.  
Кітабында Гиннестің есімін бар,  
Келер ғасыр көшінде ұмыт қалмассын.

Ел ағасы болдын, осы сөзім шын,  
Тойға тіккен жыр жалауы сезілсін.  
Мен білетін сушылардың мықтысы  
Қазақстан деген елде өзінсін.

18.12.1999

## АУЫЛ КЕШІ КӨҢІЛДІ

*Хайдолла Тілемісовке*

«Ауыл кеші көңілді» боп самғады,  
Абай әнін Нұрғисалар жалғады.  
Сол ән жинақ қазақ үшін басы ашық,  
Хайдоллаға ескерткіш боп қалғаны.

Жігіт екен жұпар кіндік, тұнба сыр,  
Кең таратты сұлу сазды нұрлы, асыл.  
Бек толқушы ем елден шалғай жүргенде,  
Ауыл көшіп келердей-ақ жылма-жыл.

«Айдал салдым жылқымды ақ қауданға», —  
Деп шырқаушы ек жетердей кең жалғанға.  
«Жамбас сипар» кететін еске түсіп,  
Күрбыларға еркелеп қол салғанда.

Ақан сері «Құлагері» арқырап,  
Шәмші әні боп Сыр толқыды сарқырап.  
«Жезкиік» те жүйткіп жүрді ел кезіп,  
Сол жинақта жez қанаты жарқырап.

Ширек ғасыр басқарғанда «Қайнарды»,  
Баспагердің төріне құт байланды.  
Ауыл кеші, тірлігі мен тынысы  
Тағдырының талғамына айналды.

Жұлдызы ыстық дос-жааранға адал жан,  
Мейірімді еді қолғабысы сан алуан.  
Ол түскен жоқ әуресіне атақтың,  
Тойымды еді Тобылдай тоқ жаралған.

Қаламынан тапты аңсаған тілегін,  
Сұлу сазбен емдеп жүрді жүрегін.  
Қазак әні Қадір тұнін молайтқан,  
«Қайнардағы» Хайдолла деп жүр едім.

Ауқымды еді құштар құсын кең ілген,  
Қазанат кой желіс бұзбай жегілген.  
Отырғандай бүгінгі ауыл тебірентіл,  
Тілге келмей жүріп кетті өмірден.

Үйлестірген жана менен ескіні,  
Бірлестірген дарақы мен естіні,  
Мығым жүрген, жердің бетін нық басқан,  
Есте қалды ойлы, маңғаз кескіні.

## ҰРАН ЕТКЕН АЛАШТЫ

*Нағашыбай Шайкеновке*

Тынысы жоқ жұмысы көп адамнын,  
Ардың ісі – жүгін тартса заманнын.  
Мәңгі бірлік арыстарға жасайды,  
Мәңгі тірлік қозғалысы ғаламнын.

Сондай еді біздің абзал Нағашыбай,  
Өсті ешкіммен тақ пен төрге таласпай.  
Атамекен Ата Занын жасасты,  
Тірек етіп түп-тамырын Алаштай.

Жақсы адамға қара жер де жұдә зар,  
Бір-ак сәтте солғын тартты нұр ажар.  
Шаңқай түсте жайдың оғы түскендей,  
Ортамыздан алып кетті сүм ажал.

Ел тілегін, күн талабын тез ұғар,  
Зерек еді көкірегінің көзі бар.  
«Ұлт дәстүрі Заңнан биік», – деп түйген,  
Зерделі еді мәңгі жасар сөзі бар.

Дербес елге өшпес белгі орнатты,  
Жан шырағын жағып әділ жол тапты.  
Елбасының еріп жүріп қасына,  
Тура сөзін төнірегіне қолдатты.

Ерен тұлға, ерте кеттің өмірден,  
Токтамай тұр көздің жасы төгілген.

Қош, Нагашыбай,  
Серік болсын иманын,  
Асыл бейнең шықпас біздің көнілден.

28.03.2000

## ЕГДЕЛІК

Есі ауысып кеткендей сүйген пенде,  
Жалықпаймын көркінді мың көрсем де.  
Сені кемпір дегенге келіспеймін,  
Шал дегенге өзім де үйренсем де.

Ағаларым түзетер қате десе,  
Мәселе көп бас қатар әлденеше.  
Оқ тигендей желкемнен шошып кетем,  
Көзім тұскен келіншек «ата» десе.

Торға түсіп жастық шақ сағынтықасын,  
Анғырт басым салады бар ынтасын.  
Тоқалды айтып құр бекер тоқылдаймыз,  
Бәйбішеден Құдайым жарылқасын.

14.03.2000.  
*Алматы*

## ӨЗГЕРІС

— Ішпендер, — деп бастықтарым зарлады,  
Тәртіп сақтау — саясаттың бар мәні.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ бірақ та,  
Туған тілді талапайға салмады.

— Ішпендер, — деп «дәкейлерім» қақсады,  
Адал еді алдындағы ақ дәмі.  
Ал өздері аз ішкен жоқ бірақ та,  
Ел байлығын ерсіл-қарсылы сатпады.

Киямет еді ол заманның жолдары,  
Қатал бастық, қатал тәртіп қорғады.  
Лебінен анқыса да ашы иіс,  
Кия баспас таза болды қолдары.

Ал қазір ше? Байқап созар көмейді,  
Ішпей ғана, көп жейтіндер көбейді.  
Өзгеріс сол: ішу аздау, бірақ та,  
Қанша жесен «тоқтатындар!» демейді.

\* \* \*

Ауылда қалған қара көз,  
Өзіңсін ғажап мен білген.  
Есімде алғаш сүйген кез  
Балауса, балғын ерніннен.

Тосып тұр бізді өткелде,  
Күрке тал таныс жасынан.  
Танырмын шөлдеп жеткенде,  
Қара көз, қара қасынан.

Киіктей сайда керілген,  
Баяулап жетсең шалғайдан.  
Құшайын қыпша беліннен,  
Сүйейін айдай маңдайдан.

Ән байлап ұшар қанатқа,  
Ұмсынтып тағат кетірген;  
Сүйейін сәтті сағатта  
Жұзімдей тәтті бетіннен.

Не десе соған көнейін,  
Лұпілін жүрек санатқан.  
Рахатқа батып өбейін  
Талмаурап тұрған тамақтан.

Алайын дәру үніннен,  
Сағыныш көкірек жарғанда.  
Татайын зәмзәм тіліннен,  
Жетейін мен де арманға.

## ҚҰТТЫ ӨЛКЕ

Жер патшасы – Солтүстік Қазақстан,  
Саған ғашық ұмтылған тан алыстан.  
Кербез Көкше, ерке Есіл, асав Тобыл  
Сұлулыққа малшынған жаралыстан.

Үрысты жер тасқыны қалмас тоқтап,  
Данаlardы еске алар талай соқпақ.  
Торғын тоғай, ну орман – бәрі осында,  
Майы қалын, құйқалы қара топырақ.

Қыр-қарағай шақырып қыр асып ем,  
Ақ қайындар жайнап түр кіл ашық өн.  
Тіл тартады уылжып жидек, шие,  
Қытықтайды жусаны, жуасымен.

Үкілі Ыбырай тербелткен сексен көлім,  
Акан, Біржан жайлған сенсөң белім;  
Сал самырсын, көк шырша, күміс терек,  
Қыз-бозбала секілді өншең керім.

Қостанайым іргеде арайланды,  
Дана Ыбырай білімге сарай салды.  
Сәбит, Ғабит сөйлесіп отырғандай,  
Қос өркешті Айыртау қарай қалды.

Ақындарға ежелден даламыз бай,  
Ғалымдарға бұл қунде қаламыз бай.  
Оқшau өрде көрінді Жалғызтауым,  
Дара туған Мағжан ағамыздай.

Иісі райхан саф ауа жұтып қана,  
Жадырайсын самал жел күтіп сана.  
Сай-салалар Шоқанның ізі жатқан,  
Өзі дана екен ғой мұхит-дала.

Ахмет пен Міржақып егіз бе еді,  
Сырбай ағам жартас қой теніздегі.  
Молдахмет, Нұрқандар қатар шықты,  
Ақ батасын бергендей Сегіз сері.

Құлагерше құлшындық жасымызда,  
Әнші, ақын ерте өстік заты қызба.  
Ебіней, Мұрат, Манаштар қандай еді,  
Кеше жүрген көш түзеп қасымызда.

Бұл үшесуін біледі әлем тегі,  
Өмірзақ пен Аманжол мәнерледі.  
Кенжеғали мұсінші Төлегенмен,  
Тұрлендірді Ермек пен Сәкен сері.

Ата мирас жалғасқан ел арасы,  
Бәрі ортақ өзен, көл, көң даласы.  
Тұтас өлке Солтүстік Қазақстан,  
Бөле алмайды облыстар шекарасы.

Ауылымыз көршілес қадам басқан,  
Атамекен осында бабам жатқан.  
Даналардың ығында жарапдым мен,  
Осынау жерге шын ғашық маҳаббаттан.

Дархан аймақ, қызығам өміріне,  
Жаңа қарқын ой салды көніліме.  
Ел Ордасы орнықты «Бәйтерегі»,  
Абылай хан ту тіккен өніріме.

Жер патшасы – Солтүстік Қазақстан,  
Көлдерінді қайтқан құс санап ұшқан.  
Беу, Астана! Елімнің кіндік төрі  
Бұйырыпты өзіне жаралыстан!

### ЕБІНЕЙДІҢ ІНІСІ

Қамзабай Бекетовке

Кімдер кімнен асырса да талантты,  
Шын саңлактар сан биіктен қаратты.  
Өзіне ұқсас адал жандар болсын деп,  
Алла жерде арыстарды жаратты.

Сол сенімін Ебіней аға ақтады,  
Тағдыр оның әр қадамын жақтады.  
«Мақтағаннан өлмейді адам, оқыс сын...  
Жүрек қозғар», – деген ғибрат сақтады.

Жатқа айтатын «Қыз Жібекті» әнімен,  
«Евгений Онегинді» өз сәнімен.  
«Қыз Жібектің» сарынымен қоса айтып,  
Пушкинмен де бауыр басты әріден.

Ойы терең, бойы да адам ірісі,  
Көп жұмыстан аз еді ғой тынысы.  
Селені мен өлеңіне жалғасты,  
«Атан қомын» ардақтаған тың ісі.

Абайдай пәк, Есениндей адалға  
Қарқын қосты Қаныш қылы заманда.  
Алла оларды өзіне ұқсас еткенде,  
Жақын жүрсін деген екен ғаламда.

Інісі де Қамзабайдай періште,  
Кіршіксіз жан туған дерлік пейіште.  
Ебіней аға бар еңбегін паш етіп,  
Ел алдында жетті үлкен женіске.

Қайтты ағаның әке орнында баққаны,  
Төрт інісін төрт тіректей баптады.  
Ерте кетіп өзгелері...  
Қамзабай  
Қалам ұстап, үміт-сенім актады.

Сырып тастап ұстірт келген қайғыны,  
Естеліктер жазды қөрсөн қай күні.  
Беу, ағайын! Біле білсек Қамзабай –  
Ебекенің тірі жүрген байлығы.

Тойлы күні көтере алсам бағасын,  
Білмеген жан білікті ерге қарасын:  
Қамзабайға мың-мың алғыс айтамын,  
Медеуменен нық бекіткен арасын!

Ұлы іс тынды. Қайтем басқа теңеуді,  
Нар жолында білді аруақ жебеуді:  
Ебіней аға атын жайған әлемге,  
Құттықтаймын ардақты інім Медеуді!

Беу, Қамзеке, мол ісіне құмарттым,  
Телегей термен ғұмырынды ұзарттын.  
Сексен жаста селкілдеген шал болмай,  
Ебекенің сегіз томын шығарттын.

Сұлу таңдал отау құрсан жасында,  
Құдай қосты Есілде бар асылға.  
Сексен жасың құтты болсын! Жүзде де  
Бикен женғем бірге жүрсін қасында!

Аз мақтасам, Қамзекем-ау, кеш мені,  
Пайғамбарға теңемедім мен сені.  
«Ебінейдің інісі» болу зор бақыт,  
Сол үшін де сыйлап жүр ғой ел сені.

06.03.2008.  
Астана

## ШӨБЕРЕМ ӘДІЛГЕ

Шөберем келді өмірге,  
Шаттыққа толды айналам.  
Орнады жайлау көңілге,  
Сексен көл толқып жайнаған.

Бұлдіршін қызық гүл шағы,  
Сезімге мөлдір қанғаным.  
Әмірде қыска бұл-дағы  
Орындалған арманым.

Есен бол, Әділ қарағым,  
Ғалым бол, әйдік батыр бол.  
Мұлт баспас әрбір қадамын,  
Сертінеге берік батыл бол.

Әділ деген атына  
Сай болсын бүкіл ғұмырын.  
Ұқсасын деген затына  
Аллаға жетсін сыйбырым.

24.03.2007.  
*Астана*

\* \* \*

Кенгірдің кербез өріне,  
Шыға келсек серпіліп,  
Манаурап қанған шөліне,  
Киіктер тұрды желпініп.

Қақ жолды кесіп бір кезде,  
Құйғыта бәрі жөнелді.  
Сұлулық тұнып тұр көзде,  
Сауықшыл жаным кенелді.

Қара көз кетті қарайлап,  
Сонынан саяқ қаптады.  
Жұмак па дерсің бұл аймак,  
Ансаған сәтті актады.

1979

## СӘБИТТІҢ МӘРИЯМЫ ДЕГЕН АТЫҢ

*Мәриям Мұқанованаң 90 жылдығына*

Төрінде өздерінмен өрелестің,  
Дауылмен, Мәриям апай, көп егестің.  
Айтайын бірін ғана көнілдегі,  
Бейненді ойға салар көп елестің.

Ежелден елгезексің көпшіл пенде,  
Тұнып тұр біздер жаттар көп сыр сенде.  
Көрсектің білгендіктің қасиетің,  
Сәбеннің ұлы тойын өткізгенде.

Қашанда тойдың қызық «боладысы»,  
Жоғалды солтүстікке жол алдысы.  
Аруағы Президентті де алып келген,  
Сәбене болды елдің мол алғысы.

Сан рет дайындыққа ат салып ен,  
Ел айтқан дөп шешімге тоқталып ен.  
Жұз жылдық той жақсы өтті,  
Енді өзінді  
Ел болып құттықтайдық тоқсаныңмен.

Тоқсанды мықтап соқсан сауырға да,  
Тоқырап бірақ әнтек ауырлама.  
Жұз жасқа есен жетіп Мұқановтар  
Бір көрсет асылдығын қауымға да.

Көнілді келешекке бөлүменен,  
Болғай-ақ сабаң толық, төрін ерен.  
Сол шығар барша қазақ арасында  
Сәбенің көрмегенін көру деген.

«Өзінді таны» депті Сократ хакім,  
Киелі ақ кептердей асыл затың.  
Жұлдыздай арамызда жайнай берсін  
Сәбиттің Мәриямы деген атың.

15.09.2000.  
Алматы

## КЕНШІЛІК – ӨМІР МЕКТЕБІ

Паш етсем биік мұратты,  
Кеншілік – өмір мектебі.  
Шахтада жанған шырақты  
Жырлаумен көнілім көктеді.

Тас қопарып, тау бұзған  
Батыр мінез салтым бар.  
Сан қамал талмай алғызған  
Кеншілер деген халқым бар.

Жер астында тым-тырыс,  
Бұрылыс жоқ басқаға.  
Жүйесін табар мың жұмыс,  
Біткендей ақыл тасқа да.

Қатерді талай байлараттық,  
Кең тілін кенен білгендей.  
Забойдың ішін жайнаттық,  
Кең сарайда жүргендей.

Мақтасам асыл барымдай,  
Өзгенін іші тарынбас.  
Жезқазған шахталарыңдай  
Әлемде шахта табылмас.

Зәулім биік қондырғы,  
Қалқанға ұзақ қараймын.  
Шахтада өткен он жылды  
Ең құтты жылдар санаймын.

10.04.2010.  
Астана

## ҚАЗАНАТ ТУҒАН АЗАМАТ

*Молдаш Мұқатовқа*

Беу, Молдеке!  
Күш-куат сақтағанын,  
Тоқсан толып жүз жакқа аттағанын.  
Көкшетаудың «көк бөрі» арланы деп,  
Көпке созбай аз сөзбен мақтанамын.

Көкше, Нұра, Алатау – бас қадамын,  
Тоқсанда да қызметті тастамадын.  
Молдаш ағам – қазанат азамат деп,  
Абыздықтың ақ жолын ақтарамын.

Төккен тердің төлеуін жоқтамадын,  
Ел қорғасаң қолдады оққағарын.  
Ақыл болды женіспен елге оралып,  
Зейне сұлу алдында тоқтағаның.

Балапан қаз секілді балтағаның,  
Женешем де сыйластық тапты амалын.  
Жас жұбайдың жаңына жаққаны ғой,  
Өзге әйелге оңаша соқпағаның.

Бойшан жігіт, сыптығыр көп талабын,  
Шырақ еттің женгемнің от жанарын.  
Бала десе, жанынды үзіп берсен,  
Көрдің үміт олардың ақтағанын.

Ата-анадан алсаң сен жан самалын,  
Ес білгеннен дес келді мал табарын.  
Енбекқорлық, естілік, есепқорлық,  
Бала күннен нарықтан бар хабарын.

Қайда жұрсен пан, кербез, шат қабағын,  
Кең мінезің жақсы мен жатқа мәлім.  
Бәйкен, Сұлтан, Ебінеймен сыйлас болдын,  
Айтпасам да өмірдің басқа жағын.

Жан жарына азырақ тоқталамын,  
Сұлу жанды паш етпес жоқ амалым.  
Беу, жеңеше! Құлкінмен жан шыдатпас,  
Жас Молдашты құртты ғой ақ тамағын.

Сұр дайындал ойласаң достар қамын,  
Қай заманда кең болды дастарханың.  
Сансыз доспен сау етіп бара қалған,  
Ерке күннен қалайша бас тартамын?

Жөні осында, ағайын, «ак-қараның»,  
Ақ келіншек алтыны жақса ағаның.  
Өзге сөзді көп созбай құттықтайық,  
Махаббатты жас қыздай сактағыны!

Осындаиды мадақтап жар саламын,  
Тілдің балы байқатты аңсағанын.  
Құшырлана бір сүйіп Молдекемді,  
Тар құшақта бастың ғой шаршағанын.

Арай тапты Гауһар той аптағаның,  
Жас үрпактар жалғасты артты қалын.  
Тоқсан бес пен сексен бес құтты болсын!  
Аға-женгем мықты деп шаттанамын.

05.03.2010.

Астана

## ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ АСЫЛЫ

Сәбит, Ғабит, Ғабидендей алыптар,  
Қазағымның сөз кестесін анықтар.  
«Жұмбақ жалау», «Қарағанды», «Ұлпандар»  
Жер-жаһанды мәнгі баки шарықтар.

*Қайырмасы:*

Сәбит, Ғабит, Ғабиден,  
Жанға намыс, ар үйген.  
Қазақтың үш асылы,  
Қатарласқан қостары.  
Мұхтар аға достары,  
Жайлаған бір ғасыры.

Сәбит десен Есіл, Көкше желі есер,  
Ғабит десен асыл бейне кенесер.  
Ғабиден мен Қарағанды егіздей,  
Ұлгі-өнеге осы салтпен ел өсер.

*Қайырмасы.*

Үш теңізім, үш дариям, үш тауым,  
Басылмайтын үш бұрқасын, үш дауыл.  
Ата-баба аруағы қолдаған  
Үш жайлауым, үш ардақты қыстауым.

*Қайырмасы.*

\* \* \*

Мен көрдім кербез ғажапты,  
Биязы, нәзік жаралған.  
Жанымды нұры тазартты,  
Ақкудай көлде таранған.

Лебізі інкәр керемет,  
Жем тосян қараторғайдай;  
Құмартқан ләззат себелеп,  
Іздеген бақыт қонғандай.

Көзге көз түсіп кеткенде,  
Тіл қатпай үнсіз қаласын.  
Толғанар сәттер көп менде,  
Сау күнде естен танасын.

Абайлап сөйлер жан-жақты,  
Әсемсіп, мәнсіп сызылмай,  
Тілін де сениң тәп-тәтті,  
Біздің ауылдың қызындай.

Көркіне жөндең қарайын,  
Сөйлей бер, сөйле, ақ маңдай.  
Ерекше шабыт алайын,  
Ауылға барып қайтқандай.

16.10.2009.  
Астана

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Жебеп мені жырдың дүлдүл парнасы,  
Өлен-дария ашылды кең арнасы.  
Осы қазақ кім десендер  
Мен болам  
Сәкен, Илияс, Бейімбеттің жалғасы.

Дархан өмір жасқаншағы емеспін,  
Тура қара келсе айқын кеңескін.  
Ақын десін,  
Әкім десін,  
Әйтеуір,  
Елді үшке бөлді демес мені ешкім.

Өзін ойлап  
Елдін мұнын елемес,  
Ашқарапен жасап өттім ерегес.  
Кен қопардым, Арал үшін айқассам,  
Шен-шекпененді қиялдаушың мен емес.

Тұған өлім ақын-кенші атаған,  
Көнілі қаяу үзілмейтін хат алам.  
Жойқын Каспий топан сұын тежессем,  
Бекет ата аруағынан бата алам.

Құлагердін дүбірінен жаралдым,  
Ақан, Біржан, Ыбырайдан тараалдым.  
Абай атам ақындыққа шақырса,  
Кенші күнде мен Қаныштан нәр алдым.

Ақындығым емес жеке ермегім,  
Тым көп арттым дүние жалған кермегін.  
Төгіл келем қара терді аянбай,  
Катар қазып жер кені мен сөз кенін.

Өмірбаян шет-жағасын қоса алам,  
Гүл терсем де көп жабысты ошаған.  
Ұйықтап жатыр  
Есіл жақта қос әкем,  
Көкшетаудың топырағында — қос анам.

Жер төресі, атамекен, киелім,  
Жезқазғанды дәл өзіндей сүйемін.  
Ата-баба аруағы дарыған  
Ұлытау мен Жездіге бас иемін.

Аз тарихты әс етпеймін сөзге үйіп,  
Шалғай кетсем,  
Етті тағдыр көз құйік.  
Өзіме де қан қақсатып оқ тиген,  
Жүрек сырын елге жайса «Жезкиң».

Алыс жолда жүрген ауыр шақтарда,  
Өлең өрдім ерте тұрып ақ таңда.  
Сағынышты сәлемімді арнадым,  
Еділдетіп құстар елге қайтқанда.

Алыстардан есен жеттім еліме,  
Дүбір қостым дербестіктің деміне.  
Азаттықтың Мағжан мінез құлымын,  
Сол бағыттан көрер қазақ мені де.

«Әй, кәпір» деп айта алмайды еш пенде,  
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.  
Соның бәрін айғақ етер өмірім,  
Жүзге бөлгіш сұмпайылар өшкенде.

Айтар сырым.  
Осы ашық тілегім,  
Ұлтқа бөлмей, жұртқа бөлмей тұледім.  
Жүргімнің лұпілінен естіндер  
Сәкен, Илияс, Бейімбеттің тілегін.

## ҒАЛЫМДАРДЫҢ СӘБЕҢ ЖАЙЛЫ АЙТҚАНЫ

### ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Сәбит деген – кең арналы дария,  
Шенбер емес оған шағын, тар ұя.  
Жұзге келсе елдін ұлы перзенті,  
Бұл ұлы той болды әлемге жария.

Сәбит жолын ақықат де, аңыз де,  
Зер саламыз ол өткерген әр ізге.  
Қызылжардан бастау алған бұл дүбір  
Тасқындаиды Алматыда, Париже.

Сөз зергері шыққан ерке Есілден,  
Ғылымды да болды тынбай дес білген.  
Шындық осы:  
Жазушы аз қазақта  
Дәл Сәбиттей кең құлаштап көсілген.

Ол өткерген мектептің зор пайдасы,  
Елдің мұны ерен еңбек арнасы.  
Ойлы жырмен, романдар көшімен,  
Болды Сәбит бір дәуірдің айнасы.

Сол айнаның әр жарқылы төккен нұр,  
Сәбен сөзі – көркі, иісі өктем гүл.  
Ең көбірек оқылатын жазушы,  
Неге десен, махаббаты мөп-мөлдір.

## СЕРИК ҚИРАБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Жастар білсін ұлылардың ғұмырын,  
Үдетеік сәбиттану ғылымын.  
Келешекке жетер жерін ашайық,  
Саясаттың сілтей бермей күрығын.

Дарыны мол ұлы жерде жараптады,  
Ақан, Шоқан, Біржандардан нәр алды.  
Сегіз сері, Шал ақынның аруағы,  
Өз анасы ақ сүтімен таралды.

Жерде түр ғой Алатаудай аскар да,  
Ерке Есілден ол жаяулап басты алға.  
Болды ақыры қара нары қазақтың,  
Жазушылар одағына басқарма.

Үлгісі көп тағылым етер нарыққа,  
Шыдамдылық қажет бүкіл халыққа.  
Не іздесен табылады Сәбиттен,  
Соның бәрін, беу, әріптес, анықта.

Қажет емес ұлан-ғайыр сөз-көше,  
Егемен ел талабы да өзгеше.  
Сәбиттану туды жаңа дәуірі,  
Іс тынбайды оны жастар сезбесе.

Той да ертең думандатып өтеді,  
Сәбит аға оған даңқы жетеді.  
Тірілерге уағыздайық мұрасын,  
Сонда бұл той дегеніне жетеді.

*24.04.2000.  
Кызылжар*

## ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВТІҢ АЙТҚАНЫ

Сәбит сөзі айбынды да шерлі еді,  
Дабыл қақса жалаулы да мөрлі еді.  
Қазақ үшін болды үлкен құбылыс  
«Ботагөздің» дүниеге келгені.

Елу томдық еңбегі бар асылдын,  
Келе берер сол занғарға бас итін.  
Дана Мұхтар өлшеміне жүгінсек,  
Тұрды Сәбит «көш басында» ғасырдын.

Жеткілікті жетпіс жылдың катасы,  
Кетті өзі де кегін алып бақасы.  
Бірақ ол кез бергені де аз емес,  
Өшіре салсақ өлер шындық атасы.

Қайта жасау жоқ тарихты, ағайын,  
Туғызыды ол кез дүлдүлдердің талайын.  
Мұхтар аға, Сәбит, Ғабит, Ғабиден  
Салып кетті көркем сөздің сарайын.

Әдебиетті Армияға балаған  
Кезім болса сөзім осы қалаған:  
Абай – маршал десек, жөн ғой Сәбитті  
Генералдардың біреуі деп санаған.

Зор еңбегі, Сәбенің іс-қимылы  
Атандырды бір ғасыр шын дүлдүлі.  
Қазақ иісі жазғанынан анқып тұр,  
Бар тарихы, шежіресі, тіл, ділі.

Әйел сыры жасатыпты бас қадам,  
Әйел десе төгілті өлең жас қалам.  
Соның бәрі дайындық қой шын ғашық  
Мәриям апай құшағына бастаған.

Ақтандерге бітті ерен шын намыс,  
Ол бастаған озды талай тың жарыс.  
Халқын сүйген шын кеменгер жазушы,  
Сәбит деген — ұлттық ұлы тұлғамыз.

## ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ АЙТҚАНЫ

Мәңгі сөнбес жүлдзызы ерте тұтанып,  
Қонды оған мәңгі ортаймас құт анық.  
Маяковский, Горький де емес, ол — біздің  
Кең жалғанды дүр сілкінтекен Мұқанов.

Ұлттық сезім Сәбендерде тым ыстық,  
Ойлағаны: достық, бірлік, туыстық.  
Соған қоса ол дауылпаз атанды,  
Айқастарда көрмей өткен тыныштық.

Шеншіл емес, шежірешілдік құрды әдет,  
Ата-бабаң кім болғанын тында деп.  
Жеті атаны желкен еткен Сәбитті,  
Тану керек ұлттық ұлы тұлға деп.

## АҒАЛАРДЫҢ СӘБЕНӘ ЖАЙЛЫ АЙТҚАНЫ

### МҰХТАР ӘУЕЗОВ

*Ақын, романши, драматург және әдебиет зерттеушісі ретінде Сәбиттің есімі қазақ оқырмандарының арасында зор атақта ие болды. Оны бүкіл Одақ оқырманың құрметтепен қабылдады.*

*Мұхтар Әуезов*

Мол болса да терлең-тепшіп тапқаным,  
Сұлу сазбен токсек сырын пәк жаптым;  
Мен бәрібір ұран етем ұрпаққа,  
Мұхтар ага Сәбенә жайлыш айтқанын.

— Сөз кенішін Сәбит терең қазушы,  
Кең жолында ел мүлдесін тапушы, —  
Денгі дана, — ол көш бастар буында,  
Ең алдыңғы қатардағы жазушы.

Көкірегінен шықса ыстық қайнап шер,  
Әр ұфымын терең зерлеп, байқап кор.  
Сол мінезден кәрі-жастан қашанда,  
Қолдың үшін аямаған қайратқер.

Жедел жәрдем берсе аз бен молын да,  
Іске қосты ерген он мен солын да.  
«Үнемсозар етті үрдіс әрекет»,  
Көркем сөзді жетілдіру жолында.

Сертті жерде жоқ Сәбиттен қалған сөз,  
Ол — құрескегер сан айқасқа барған тез.  
Тарих үшін, қоғам үшін жалтармай,  
«Ыстық отпен жалын кешкен» тарланбоз.

Ақын десек  
Жаңалық көп үнінде,  
Жаңғыртты өлең сапасын да, түрін де.  
«Баяу басқан желпінті ескі ырғакты»,  
«Майға сәлем» беріп тұрса бүгін де.

Сәбит сөзін естіген жан токтады,  
Неге десен елдің мұнын жоқтады.  
Уәдеге «созбашылды» сокқылап,  
Кей шекеге қатты тиді токпағы.

Ақындық пен қара сөзді менгерген,  
Ол — нарымыз егіз жүргі тенделген.  
«Ақ аюын» оқып көрші абайлап,  
Шығып түр той біздің ұлттық шеңберден.

Сәбит ойшыл кең ғылымға беттеді,  
Онсыз толмас біздің тарих беттері.  
Тұған елдің мерейіне жарайтын,  
Абай, Шоқан даналарын зергелі.

«Жұмбак жалау» желбіреген кезін көр,  
Ойын зерле, терен ұғын сөзін мәр.  
Есіп түр ғой қай жазғанын оқысан,  
«Дәуір таңын тосқан асыл сезімдер».

Соғыс жылдар оқтай сөзі заулғап,  
«Гвардия алғысын» ел тындаған.  
Бейбіт күнде бәрімізді билегті,  
«Қазақ вальсін» алдық көне зурнадан.

Сәбит кірсе талай занғар ірі іске,  
Қазанат қой көнген тынбас жүріске.  
Фольклордың қыр мен сырын жайнатса,  
Сом алтындей қысқа сөзі кіріспе.

Сәбит сөзі бүкіл халық хақында,  
Аласапыран дәуір жатыр затында.  
Баяндады елдің мұдде, өрісін,  
Бапты тілмен шыншыл әрі батыл да.

Тұнған тарих Сәбит сырды мәні де,  
Көз тастады бері менен әріге.  
Сондықтан да кірді мәңгі белгідей,  
Қазакта бар оқулықтың бәріне.

Сегіз қырлы, бір сырлы жан салмақты,  
Міне, солай тарлан бізді таңдантты.  
Сәбит деген – жазушымыз ең ірі,  
Ең өнімді, кең тынысты жан-жақты. –

Міне, сөзі Сәбит жайлы дананың,  
Не болмақшы мен шығарған жалаң үн?  
Пушкин менен Лермонтовты қоргендей,  
Қос данадан қатар ғибрат аламын.

17.04.2000

## ҒАБИТ АҒАНЫҢ АЙТҚАНЫ

*Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан  
туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия.  
Ғабит Мұсірепов*

– Сәбит деген – энциклопедия, тағылым,  
Тұптен тартты ол тарлан тарих ағынын.  
Барша қазақ татқан миуда жемісін,  
Ол – бағбаны әдебиет бағынын.

Елді аралап тапса қанша жақынын,  
Қоспасы жоқ үдettі сөз татымын.  
Бар жазғанын «бүгіліссіз өлшесек,  
Қалды ізі сан миллион шақырым».

Қажу білмес қаламынан маздаған,  
Ойлы өрнекке шын сүйсінді маңдалам.  
Бұгін ғана тына қалған он қолы  
Жазып кеткен миллиондарға танғалам...

Десе Ғабен сырым осы андаған,  
Тағылымға тағзым мол арнаған.  
Ұлылардың достығы да ұлы ғой,  
Сыйластық пен қимастыққа танданам.

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

*Сәбіт аға бір жақсысы – екеу,  
екеуі -- тортеу болса екен деп ойлайтын.  
Бауыржан Момышұлы*

Мұқановқа жакындығың қанша деп,  
Біреу айтса сөз созбас ем сонша көп.  
Қамқоршы боп, жақсылықты жақтайтын,  
Бір жақсы – екеу, екеу – тортеу болса деп.

Жеткізетін жақсыларды жайсанға,  
Қыран қанат бітіретін қайсарға.  
«Өнерліні өнерпазға қосатын»,  
Жалғап жүрді шын гаунарды кәусарға.

Соның бәрін борышым деп ойлайтын,  
Нық сақтады кеменгерлік зор қалпын.  
Қайтпайтұғын түрдым деген жерінен,  
Хас батыр сол ақиқатты қолдайтын.

Басып кетсем мен де ашы гөй-гөйге,  
Бір жымып үнде мейтін ол кейде.  
Алатрудай аскар ала шың еді,  
Өмір бойы өткен биік денгейде.

## ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІҢ СӨЗІНЕН

Не жазса да кең толғап,  
Жеткізді меже шебіне.  
Ескерткіштей қалды орнап,  
Жасаған Сәбит – шежіре.

## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ СӨЗІНЕН

*Біз Мұхтар Әуезовтен, Садриддин  
Айниден, Faур Ғұламнан қалай үйренсек,  
Сәбиттен де солай үйрендік.  
Шыңғыс Айтматов*

Сөз қып тусақ анадан,  
Барлауға талай барғанбыз.  
Ой теріп Мұхтар ағадан,  
Сәбиттен сабақ алғанбыз.

Ол өтті шөкім шегінбей,  
Тебірентіп жанын ел мұны.  
«Өзінің туған жеріндей,  
Қырғызға Сәбен үелгілі».

Есінен мәңгі кетер ме,  
«Ботагөз» жаққан шырағы?  
Қос қанат жайған екі елге  
Ол – Алатау қыраны.

## ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ СӨЗІНЕН

Ұрпакқа қанат жалғаған,  
Сүйсіндік біздер ғажапқа.  
Сәбенен сабақ алмаған,  
Жас ақын аз қазақта.

## **ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВТЫН СӨЗІНЕҢ:**

Шын доска жол қашықтық жасамайды,  
Хат жазып тұруши еді аса жайлы.  
Сәбиттен соғынышты келген хаттын,  
Жүрегім әр сөзіне тасалайды.

Мен жүрген ол да бірге жолда жүрді,  
Көкірегім көп мінезін сонда білді.  
Солдаттар соғыстағы кезек оқып,  
Жырлары, романдары қолда жүрді.

Майдандас болды бізбен жан талабы,  
Ол бізден кең блиндаж талғамады.  
Керек пе артық бақыт қаламгерге,  
Оқыдық отты құнде Нарвадағы.

Бұл сырды ауылымдағы балаға айттым,  
Сүйсіннім талайларын дана қарттың.  
Жырларын серік болған соғыс жылдар,  
Женістің жалауындай ала қайттым.

## **ӘБДІЛДӘ ТӘЖІБАЕВТЫН АЙТҚАНЫ**

Ел ішінен талант іздеп табуға,  
Оны баптап алқа топқа салуға,  
Жан жетпейтін қолғабысшыл Сәбитке,  
Ұмтылсақ та қанша ғибрат алуға.

Ол патшадай көрінсе де тактағы,  
Қарапайым кең мінезін сактады.  
Бірақ, шіркін, «қарыздарсың» дегенді,  
Ешқашан да еш адамға айтпады.

Қамқоршылдық ынтасымен тамсанғты,  
Сол ізгілік жақындаатты алшақты.  
Бір жақсыға жәрдем етер жолында,  
Бес наркомға салушы еді салмақты.

Үлкен-кіші қорған тұтып сағалай,  
Келсе білді қадір тұтып бағалай.  
Көмек беру болды ол үшін шын қажет,  
Ішкен ас пен жұтқан таза ауадай.

## СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВТІҢ СЫРЫ

Сәбит деген аныз-дастан,  
Жұлдыз болып жаныпты.  
Зор құшағы бауыр басқан,  
Елді құшып қалыпты.

Жылдан-жылға еселенер  
Атақ-данқ, межесі.  
Сәбит атты көшеменен  
Жұргенде оны сезесін.

Ол асқар шың сияқтанды  
Алатаулар сілемінде.  
Аты-жөні тұрақталды  
Барша қазақ жүрегінде.

Ұлан-ғайыр сыры тынбас,  
Дүбірлеп те жаңғырып.  
Мұқановты ұмыттырмас,  
Ел жүрегі – мәнгілік.

## **МӘРИЯМ ХАҚИМЖАНОВАНЫҢ СӨЗІНЕН**

Бір мен үшін атқарды ғой мың міндет,  
Құрметтеді «Сұлушашты» білдің деп.  
Ардақтадым мен де туған ағамдай,  
Сыйласп өттім Мәриямді сіңлім деп.

Сәбене де, Мәкеме де алғысым,  
Мол ғой, шіркін, бірге өткізген жаз-қысын.  
Сол екеуі жебеп жүрді аяnbай,  
Десем артта қолдан келген қалды ісім.

Бос мақтауға болды ежелден күлкым жат,  
Әрге ұмтылды қолда қалам – ұшқыр ат.  
Өлең деген өнер жолын игерсем,  
Сұлушаш пен Алтай берді күш-куат.

## **ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВ АЙТҚАН СӨЗДЕН**

Тірі пенде тілейді бәрі септі,  
Сол дәстүрді Сәбит те дәріс етті.  
Жүдеу күнін жабыдан шыққан тұлпар  
Ұмытпады. Кең мінез арыс етті.

Бола білді заманның жәдігері,  
Жәрдемшілдік акжолтай заңы да еді.  
Мірден сірді айыра білді Сәбен,  
Тілдескенде ақ жүрек қалың елі.

Аты шықса әу баста өлеңімен,  
Тарлан тарих бой жазды беленінен.  
Талай ақын тар күнде тарпаң басты,  
Талғажаулап Сәбиттің көмегінен.

Қазақ — арық, Ай — жарық күндердегі,  
«Жұмбақ жалау» желбіреп Құнғе өрледі.  
Атак-данқы шарықтап тұрған кезде,  
Зор тұлғаның қол ұшын кім көрмеді?!

Солдаттардың соғыстан оралғаны,  
Айтшы, қане, қашан ол қол алмады?  
Естен кетпес маған да Сәбит аға  
Өз әкемдей ардақты бола алғаны.

«Вокзалдарда тұнегіш» күйін кештім,  
Әуресі еді жатар жер дүйім кештің.  
«Пақыр бала» деп бірге ертіп барған,  
Мен Сәбиттің сол күнде үйінде өстім.

Аппақ төсек көргенде тана көзім  
Оттай жанды. Өзгерді сана-сезім.  
Мәриям апай алдында бас иемін,  
Екеуінің жетінші баласы едім.

Айтып жүрмін. Әлі де айтармын да,  
Мен кім болдым, көлмін бе, шалқармын ба?  
Ойлайтыным...  
Шіркін-ай, үміт артқан  
Биіктерден еліме байқалдым ба?

Сәбит те бір,  
Мен үшін халық та бір,  
Жалғастырды тілегін алып дәуір.  
Алғыс айтам данага,  
Болса бүгін,  
Солдат күннен, иншалла, халім тәуір.

Тағылым еткен алдымда молда күшті,  
Биік арман өзегі сонда пісті.  
Айтатыным, ағайын,  
Сәбендердей,  
Бір-біріннен аяма қолғабысты.

## **ЖЕРЛЕСТЕРИНІҢ СӘБЕНДІ ЕСКЕ АЛУЫ**

### **ҚАЖЫМҰРАТ НАҒМАНОВТЫҢ СӨЗІ**

Сәбит орны – биік төрде,  
Сәлемдесіп жүрер Күн.  
Халқы сүйген білікті ерге  
Бітті зоры жігердің.

Ай Сәбенді аялайды,  
Тұнгі аспанда қалқыған.  
Рухы елді аралайды,  
Өткен талай талқыдан.

Есіл-Кекше төл баласы,  
Сарыарқа сақ қыраны.  
Сәбен – бүкіл ел данасы,  
Үйнтымақшыл ұраны.

Романдарда, дастандарда  
Ұлттым деген зор үні.  
Ол айбынды айқастарда  
Ана тілін қорыды.

Дәл Сәбендей кім біліпті,  
Шежіресін қазактың?  
Сол тамаша ізгілікті  
Жалғастырды азат күн.

Елдің мұны тебірентсе,  
Найзағайдай күрт жанды.  
Болды айқаста өмірі өтсе,  
Ұлтшыл емес, ұлтжанды.

Шенкүмарды аямаған,  
Әділдіктің пірі еді.  
Талай саңлақ саялаған,  
Зәулім шынар — ірі еді.

Өзге меже құптар ма ем,  
Мол ғой тынған мығым іс.  
Қатар тұрған Мұхтармен,  
Сәбит — үлкен құбылыс.

15.04.2000.

## ТЕМІРҒАЛИ ЕСЕМБЕКОВТІҢ АЙТҚАНЫ

Елінде жүрсе еркелеп,  
Бой ұрып шабыт сезімге,  
Аттанды-ау Сәбен өртерек,  
Шабысы қызған кезінде.

Қанатын еркін сермеді,  
Ісіне көніл толарлық.  
Сәбиттің шалқар еңбегі  
Кітапхана боларлық.

Жайқалса толқып қолда бар,  
Бұталы Сәбит терегі,  
Кәкішевтің жөн болар,  
Елу томдық дегені.

Он томдықтың міндеттін  
Астана алды мойынға.  
Өзгесі қалмай түл жетім,  
Шықса екен келер тойында.

## ҚОСЫЛ ОМАРОВТЫҢ СӨЗІ

Сәбенен ғибрат тоқыдым,  
Жазғанын жастай оқыдым.  
Өмірлік серік болғаны,  
Әлі де келсе оқығым.

Кітабын мәз боп тапқанға,  
Заулаттық талмай ақ таңда.  
Лабогрейкеден қол босап,  
Оқыдық қоста жатқанда.

Өмірге қызық барлаушы,  
Болды ғой қанат жалғаушы.  
Өнеге алдық Сәбиттен,  
Жас бала «Өгіз айдаушы».

Ұмытам қалай соны мен,  
Сәбитті көpteу шолып ем.  
«Ботагөзді» жұртқа оқыр,  
«Завизбач» та болып ем.

Жаныма жакқан шырағы  
Үнемі сөнбей тұрады.  
Мен үшін Сәбит тынысы  
Жүрекпен бірге тынады.

## БАҚЫТ МҰСТАФИННИҢ СӨЗІ

Депутат келді еліне,  
Сағынған тұған жеріне.  
Игібай ертіп апарды,  
Сәбене бірде мені де.

Куансақ іштей біз оған,  
Ұялам, кейде қызарам.  
Демеуші болды-ау сондайда,  
Қасында жүрген Мұзағам.

Күн-түн демей аралап,  
Есілді кешті жағалап.  
Қарсы алды қала, дала да,  
Піріндей күтіп бағалап.

Полковник Хакім үйінде,  
Көрсетті бекем күйін де.  
Астауда ақ май ақ жалын,  
Ет келді мая үйілме.

Әңгіме кетті теренге,  
Көз салдық талай беленге.  
Ет асатты ағамыз,  
Ал тойдық-ау дегенде.

Аралас еттен әр түрлі,  
Асатып жұртты састырды.  
Сәбеннен сонда көріп ем  
«Асату» деген дәстүрді.

Бір ет, бір май қап-қалын,  
Бергенін асап ақтадым.  
Өз қолынан Сәбенің  
Есімде дәм татқаным.

## ТОЛЫМБЕК ЭБДІРАЙЫМОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Алпыс жасқа Сәбит аға толғанда,  
Одан асқан думан-дүрмек болған ба?!

Бір ауданың бастығы едім өзім де,  
Жығылмадым жоралғы мен жолдан да.

Ертіп келді Әнуарбек Шманов,  
Сырбай аға өзі де бір тың алып.  
Есім Шайкин, Ахметжан Нұртазин  
Той қыздырды сөздің сөлін шығарып.

Бір ауылда шошалаға кіргенде,  
Кербез әйел сөйлеп кетті бір демде:  
«Білмедік қой келгенінді, Сәбит-ау,  
Жарқ етуші ең менің құтты іргемде». —

Тосылмайтын Сәбенә жылдам лып етіп,  
Тапты сәтті әзіл сөзге тың тетік:  
«Ал білгенде нең бар еді беретін?» —  
Деп мырс етті сылқым үні сылқ етіп.

Апай дереу: «Беу, Сәбит-ай, баяғың  
Есімде ғой, сенен немді аядым?..  
Келсөң етті оңашалау, інірлеп,  
Шұбыртқанша өңкей бастық саяғын...» —

Деп күлдірді. Сөз тоқтады бабымен,  
Сый-сыяпат алғызбады тағы дем.  
Қазы-қарта пісті лездे сүрленген,  
Кездесті аға бозбалалық шағымен.

Құрбысы да оралғандай жас құні,  
Сағынышын сыр білдірмей шашты үні.  
Шошалада, такыр тері үстінде,  
Қабылдады өншең игі жақсыны.

## **МҰТӘЛЛАП ҚАНГОЖИННИң СӨЗІ**

Кездескенде таңғалдырыды ағамыз,  
Жадында жұр сансыз есім, сан аныз.  
Ал өзіміз көрші қыздың есімін,  
Есімізге түсіре алмай қаламыз.

Бір керемет бар ғой Сәбенә затында,  
Қате баспас ата-бабаң хақында.  
Ал біз болсақ кейде ұмытып қаламыз  
Қызметтес келіншектің атын да.

Хикаясын айтса бүкіл әлемнің,  
Су жорғадай тайпалатын пәлен күн.  
Тарих тұнған энциклопедия секілді,  
Шалқар теңіз көкірегі Сәбеннің.

## **ЕРКЕБҰЛАН ЖОЛБОЛДИННИң АЙТҚАНЫ**

Атына қанық қалың ел,  
Сәбеннің көрді еккенін.  
Ұлағатты ұстаз таныды ел,  
Өткерген «Өмір мектебін».

Достыққа болды ұқыпты,  
Кісілік парқын көрсетіп.  
Таныгты көлке Шуховты,  
Асыл дос, жерлес, көрші етіп.

Бауырындай досын баурайтын,  
Туындаі берік біршілік.  
Егізден кейде аумайтын,  
«Вангошам» деп сүйсініп.

Шухов та білді занғарды,  
Шаң жұқтырмай үніне.  
«Ботагөзді» аударды  
Асыл дос орыс тіліне.

Достықта адал көп несіп,  
Қызық көп айтсақ не түрлі.  
Екеуі өтті септесіп,  
Орыс пен қазақ секілді.

## ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Балалық балғын шағында  
Сәбенәнің көп қой шеккені.  
Орады шерлі сағымға  
Жылқышы жырдың шекпені.

Мекені малшы қосы екен,  
Мындарда байдың жұз төлін.  
Сәбитпен сонда дос екен  
Баймағамбет Ізтөлин.

Жаутаңкөз күндер өтіпті,  
Ырымға тыным болмаған.  
Екеуі қатар оқыпты  
Ауылда қатал молдадан.

Бірер жас үлкен Бәкенді  
Ұстазындай сыйлаған.  
Алғыр сөз, асыл мәтелді  
Екеуі бірге жинаған.

Ұғысты және таласты,  
Жұғысты ортақ ой қосып.  
Бөліп те жесті бар асты,  
Сағынып кейде жол тосып.

Ақтармен қырғын шайқаста  
Сәбенді тағдыр көп қысты.  
Сол сүргін бірге шайқаста  
Қарулас досы оқقا ұшты.

Ардақтап қимас жылдарын,  
Көрсетті себін құмарлы.  
Бәкеңнің отты жылдарын  
Жинақтап Сәбит шығарды.

Ұмытпай зардап шеккенін,  
Жүректің тосты жұз төрін.  
Оқышы «Өмір мектебін»,  
Ішінде жүр Ізтөлин.

# **СӘБИТ МҮҚАНОВҚА АРНАЛҒАН ӘНДЕР**

## **СӘБИТ АҒА – КЕМЕНГЕР**

*Әні Мұратхан Егінбаевтікі  
Сөзі Кәкімбек Салықовтікі*

Ағындаса жел жетпес Құлагердей,  
Тартынбады алға үздік шыға келмей.  
Жамбыл аға баптаса «балуаным» деп,  
Қарқындады қажымас бұлан ердей.

*Қайырмасы:*

«Ботагөзбен» өрледі,  
Шоқанды айтып төрледі.  
Дән толқытқан қырдағы,  
Кен қопарған шындағы,  
Қой қоздатқан күмдағы,  
Санлақтарды жырлады  
Сәбит аға – кеменгер.

Елге келсе сарқылмас сыр байланып,  
Қаумалайтын қалың жұрт тындай қалып.  
Бар қазакты аралап жүруші еді,  
Жер шарындей жылжыған Күнді айналып.

*Қайырмасы.*

Жастық шақтың толқыса ғашық әні,  
Қосылуға сандуғаш асығады.  
Сәбит десен мөп-мөлдір шықтай таза,  
Махаббаттың шуағы шашылады.

*Қайырмасы.*

## ТОЙБАСТАР

*Әні Мұратхан Егінбаевтікі  
Сөзі Кәкімбек Салықовтікі*

Молшылық толсын асына,  
Береке қонсын басына.  
Егемен ел, қазағым,  
Орнықсын қыдыр қасына.  
Толағай толқып тасы да,  
Бақыт бер кәрі-жасына.  
Қаланың көтер беделін,  
Даланың даңқын асыра.  
Елбасымыз бастаған,  
Жер-жаһан бізді қостаған.  
Сәбит аға жүз жылдық  
Тойына келдік асыға.

Құлшынтып әнге салайын,  
«Абылайлап» дабыл қағайын.  
Мағжан, Сәкен сәт тілеп,  
Жебесін Шоқан, Абайым.  
Жамбылдан бата алайын,  
Мұхтар кеп төксін арайын.  
Құт дарысын баршаңа,  
Құттықтай келген ағайын.  
Жүз шырақ бүгін жағайын,  
Дүбірлі қонырау қағайын.  
Той қонағы әр елден,  
Бабынды бүгін табайын.

Жүйріктер жетсін жұлқынып,  
Балуандар келсін бұлқынып.  
Бипыл қақсын бишілер,  
Аш белдері қылқынып.

Карттарым есен, тың жүріп,  
Батамен айтсын нұрлы үміт.  
Көрсетпей өнер қалмасын,  
Сәбенді сүйген бір жігіт.  
Есімнен кетсін мың құдік,  
Қалмайық ойда сыр бұғіп.  
Қырғидай құлышын, бозбала,  
Қыздарға сұлу килігіп.

Қырмызы қонған жасылға,  
Бұл – ұлы той асылға.  
Сәбит аға, қасиет бар,  
Жеткізген өрге тасында.  
Елдің жүдеу, ашында  
Ту болды арман жас ұлға.  
Жаяулап шыққан Есілден  
Ұқсады қайсар лашынға.  
Тік шырқап от жасынға,  
Кездесті ноян асырға.  
Ұша-ұша ақ сұнқар  
Шапағат жайды ғасырға.

Асылдар алуан жиыссын,  
Құшаққа ғұл шоқ үйіссін.  
Ботагөз бен Аскар кеп,  
Ортамызда сүйіссін.  
Алатаудан биік шың,  
Нұрмолда көш жиыссын.  
Балуан Шолак, Қажымұқан,  
Бәтеспен бірге сыйыссын.  
Табылмастай үзік сын,  
Дос-жарандар қызықсын.  
Үкілі Ыбырай Сәбенмен,  
Сағынып қайта түйіссін.

Қазағым, ерен асылсын,  
Байлығың шалқып тасынсын.  
Өтпелі кезең тез өтіп,  
Салмасын жана ғасыр сын.  
Тектілер мінез асырсын,  
Тентектер тыңдалап бас ұрсын.  
Өзара талас тоқталып,  
Ішінара дауым басылсын.  
Жарқырасын асыл шың,  
Аспаннан шуақ шашылсын.  
Сәбит аға жүз жылдық,  
Торқалы тойы ашылсын!

## **МӘРИЯМ МҰҚАНОВА**

(Қазанама)

Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың асыл жары, айрықша акыл парасат иесі, болмыс-бітімі бөлек біртуар жан, халкымыздың аяулы қызы, ұлтына пана, үрпағына ана бола білген Мәриям Мұқанова 101 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Мәриям Қожағметқызы 1909 жылы 15 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Майбалық ауылында дүниеге келген. 16-дан жаңа асқан шағында Сәбенмен қосылып, 47 жыл бірге өмір сүріп, төрт үл, екі қыз, он екі немере, он алты шөбере, үш шөпшек сүйген ана.

Ол өзінің кемел ақыл-ойымен, мейірбан жүрегімен, елжандылығымен, көпшіл, қонақжайлышымен қазақтың зиялды қауымы арасында үлкен құрметке ие болды.

Сәбит Мұқановтың соңында қалған асыл мұраларын жинап-сақтауға, Алматыдағы Мұражай үйінің халыққа иғі қызмет көрсетуіне үлкен үлес қосып, жазушының қағаз-қаламынан, кітаптарынан бастап тұтынған заттары мен бағалы мұліктеріне дейін түгелдей мұражай қорына тапсырып, ел ігілігіне жаратуға өнегелі жұмыс жасады.

2000 жылы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілген С. Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы шараларының ортасында жүріп, Сәбен туралы «Мениң Сәбитім», «Сағынышым Сәбитім» атты естелік кітаптар жазды.

Еліміздің тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мәриям Мұқанованы «Ел анасы» деп атап, құрметтеді.

Қарапайым, даналық пен жарға адалдықтың үлгісін көрсете білген ғасыр жасаған бәйтерек, Мәриям Қожағметқызы Мұқанованың аяулы бейнесі елінің жүргегінде мәнгі сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы.**  
«Қазақ әдебиеті» газеті, 26.02.2010

## **Мазмұны**

Қазақтың сүйікті перзенті ..... 3

### **Жырдың туы – жарқын тұлға**

Алматыда Сәбиттің ескерткіші .....	16
Сәбит тойын бастап берді Елбасы .....	18
Ұлы тұлға .....	19
Оңбайды ақынды атқандар .....	20
Мағжанның бір өлеңі .....	22
Сәкен аға .....	23
Биағама тың хабар .....	23
Карағанды .....	25
Махамбеттің әсері .....	26
Білмейді-ау деп қорқамын .....	27
Мәриям апайға .....	28
Серіз сері кеменгер .....	29
Қанат Саудабаевқа Сәбит үшін алғысым .....	30
Абылай ханның «Ақ үйі» .....	31
Ауылдағы ақсақалмен әңгіме .....	33
Есілім .....	34
Сес білдірді нар қазақ .....	35
Асыл қала – Алматы .....	36
Фазыл Кәрібжановпен қоштасу .....	37
Құй тартамын... .....	38
Сәбендер – шындық құрбаны .....	39
Сырбайға .....	40
Ақ бұлақ .....	40
Бір жаңартып өтетін .....	41
Мағжан – ақындықтың Абылайы .....	42
Ақындық шықтың биік белесіне .....	43
Нағмановтың айтқаны .....	44
«Көкірекке көп көрініс толғанын...» .....	44
Заман дерті .....	45
Тоқтамайды жұмыр жер .....	46
Ақсұңқарды көргенде алғашқы рет .....	47

Ақ қайындар арасында ауылым .....	49
Операның дүлдүлі .....	51
Арал үшін айқаста .....	53
Күрдас жеңгем Кларага .....	54
Жиырма жеті тербеліс .....	56
Жезкийкке .....	57
Мұсаға .....	58
Жігітсің зор апатта аман қалған .....	59
Ой түбінде жатқан сыр .....	60
Жалындаі көкке атылды .....	61
Қызылжар .....	63
Өрнекке .....	64
Астана асыл тойы ашылғанда .....	65
Құт орнар ұмытпасаң ауылынды .....	67
Ана тілегі .....	68
Ескерткішім ініме .....	69
Ғашық сыры .....	70
Жаңа дерек .....	71
Ауруханада жазылған өлең .....	71
Қабактар бір-біріне шытылмасын .....	72
Ел тойына сеп болар .....	73
Бәйкен аға, бакұл бол! .....	74
«Жұмбак Жалау» .....	75
Ұлылардың тағдыры .....	76
Арыстарды ел аңсайды қашанды .....	77
Таумен жазған шежіре .....	78
Сәбенәнің «тарғыл даусы» .....	80
Кирешілер ән салса .....	81
Кекшеде туған сурет .....	82
Кеншілерді жыр еткен .....	84
Шындық сыры .....	85
Сәбит аға кім десен.. .....	86
Сөздердің өзі сөйлейді .....	89
Мұхтар мен Сәбит .....	91
Кектем келді .....	92
Сәбит – қазақ Бальзагі .....	93

Жебеді Сұлтанмахмұт, Дихан, сені .....	95
Мәриям апай, мықты бол .....	97
Сәбит аға .....	99
Есілге қонған аққулар .....	101
Сәкен аға ескерткіші алдында .....	102
Әншілік өнерінің құлагері .....	104
Айналайын бәріннен! .....	105
Сағыныш селі .....	107
Жаса, елім, Мәркенді ардақтаған .....	108
Ол екінің бірі еді .....	109
Сәуірдегі Көкшетау .....	110
Шалқыма .....	110
Қызылжардың мықтысы .....	111
Ауыл кеші көнілді .....	112
Ұран еткен Алашты .....	114
Егделік .....	115
Өзгеріс .....	115
«Ауылда қалған қара көз...» .....	116
Құтты өлке .....	117
Ебінейдің інісі .....	119
Шөберем Әділге .....	121
«Кенгірдің кербез өріне...» .....	121
Сәбитеттің Мәриямы деген атың .....	122
Кеншілік – өмір мектебі .....	123
Қазанат туған азамат .....	124
Қазактың үш асылы .....	126
Өзім жайлы .....	127

### **Ғалымдардың Сәбен жайлы айтқаны**

Зейнолла Қабдолотовтың айтқаны .....	130
Серік Қирабаевтың айтқаны .....	131
Тұрсынбек Қекішевтің айтқаны .....	132
Зәки Ахметовтің айтқаны .....	133

### **Агалардың Сәбен жайлы айтқаны**

Мұхтар Әуезов .....	134
---------------------	-----

Ғабит ағаның айтқаны .....	136
Бауыржан Момышұлының айтқаны .....	137
Ғабиден Мұстафиннің сөзінен .....	138
Шыңғыс Айтматовтың сөзінен .....	138
Жұбан Молдағалиевтің сөзінен .....	138
Ғалым Малдыбаевтың сөзінен .....	139
Әбділдә Тәжібаевтың айтқаны .....	139
Сырбай Мәуленовтің сырлы .....	140
Мәриям Хакімжанованың сөзінен .....	141
Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқан сөзден .....	141
 <b>Жерлестерінің Сәбенді еске алуда</b>	
Қажымұрат Нағмановтың сөзі .....	143
Темірғали Есембековтің айтқаны .....	144
Қосыл Омаровтың сөзі .....	145
Бақыт Мұстафиннің сөзі .....	145
Толымбек Әбдірайымовтың айтқаны .....	147
Мұтәллап Қанғожиннің сөзі .....	148
Еркебұлан Жолболдиннің айтқаны .....	148
Қайролла Мұқановтың айтқаны .....	149
 <b>Сәбит Мұқановқа арналған әндер</b>	
Сәбит аға – кеменгер .....	151
Тойбастар .....	152
Мәриям Мұқанова .....	155

**Кәкімбек Салықов**

**ДАРҚАН ДАРЫН**

*Өлеңдер жинағы*

**Редакторы** Куат Құрмансейіт  
**Техникалық редакторы** Раушан Тұрлынова  
**Көркемдеуші редакторы** Женіс Қазанқапов  
**Корректоры** Гүлширан Құлымбетқызы  
**Компьютерде беттеген** Данагул Рахметова

Басуға 19.04.10 қол қойылды.  
Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 10.  
Тапсырыс № 73\*. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13  
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13



**Кекімбек Салықов** — 1932 жылы 22 қаңтарда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Еңбек ауылында туған. Көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы ақсақалдар алқасының мүшесі, Солтүстік Қазақстан облысының және Жезқазған, Сәтбаев,

Көкшетау қалаларының Құрметті азаматы.

Талғампаз оқырман қауым тарапынан жоғары баға алған көптеген жыр жинақтарының авторы.

Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың иегері, республикалық жыр мүшәйраларының жеңімпазы.

ISBN 9965-35-912-1

A standard linear barcode representing the ISBN number 9965-35-912-1.

9 789965 359125